ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 373.5:53:342.813

Қолжазба құқығында

БАҚЫТҚАЗЫ ТАННУР

Физика пәнін оқытуда STEM білім беру бойынша мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

8D01501 – Физика
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ф.-м.ғ.к., ассистент-профессор
Нұрғалиева Құралай Еркенқызы

Шетелдік ғылыми кеңесшілер:
PhD, профессор Eduarda Pinto Ferreira
PhD, Susana Nicola

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
КІРІСПЕ 6
1 ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА STEM БІЛІМ БЕРУДІ КІРІКТІРУ 13
1.1 STEM білім беру тұжырымдамасының мәні, даму тарихы және бағыттары 13
1.2 STEM-ді физика пәніне кіріктірудің ғылыми-теориялық негіздері. Шетел тәжірибесін салыстырмалы талдау: АҚШ, Түркия, Португалия және Қазақстан 26
1.3 Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымы және оның құрылымы (STEM контексінде) 46
1.4 Бірінші бөлім бойынша қорытынды 62
2 МҰҒАЛІМ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН STEM БАҒЫТТАҒЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ 65
2.1 Физика мұғалімдерінің STEM элементтерін меңгеруге кәсіби қажеттіліктерін анықтау 65
2.2 Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған біліктілік арттыру курсының құрылымы мен мазмұны 93
2.3 «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» курсының мақсаты, міндеттері және модульдік мазмұны 104
2.4 Екінші бөлім бойынша қорытынды 114
3 БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ STEM БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ 117
3.1 Курсты жүзеге асыру әдістемесі және оқу материалдарын әзірлеу стратегиясы. Педагогикалық талаптарға сәйкестендіру және сараптамалық бағалау 117
3.2 Біліктілік арттыру курсының педагогтер мен білім алушыларға әсерін талдау және тиімділігін бағалау 123
3.3 Үшінші бөлім бойынша қорытынды 134
ҚОРЫТЫНДЫ 137
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 139
ҚОСЫМША А 139

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған.

Қазақстан Республикасының Заңы «Білім туралы»: 2007 жылғы 27 шілде, № 319-III (2023 жылғы 27 наурыздағы өзгерістер мен толықтырулармен). – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым мини- стрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008170

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы «Білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы»: 2019 жылғы 27 желтоқсан, № 988. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы «Педагог мамандықтары бойынша біліктілікті арттыру бағдарламаларының үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»: 2016 жылғы 28 қаңтар, № 92. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z14

Қазақстан Республикасы Білім министрінің бұйрығы «Педагог кәсіби стандартын бекіту туралы»: 2022 жылғы 15 желтоқсан, № 500. – Режим доступа: www.adilet.zan.kz

UNESCO. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. – Paris: UNESCO, 2017. – 62 p. – URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000247444

OECD. PISA 2022 Results. – Paris: OECD Publishing, 2023. – Vol. I–III. – URL: https://www.oecd.org/pisa/

Қазақстан Республикасының білім сапасын бағалау ұлттық орталығы. PISA-2022 халықаралық зерттеуінің нәтижелері: Қазақстан Республикасының ұлттық есебі. – Астана: ҰБСБО, 2023. – 156 б

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

STEM білім беру – ғылым, технология, инженерия және математика салаларын кіріктіретін оқыту тәсілі.

Кәсіби құзыреттілік – педагогтың кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруына қажетті білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Жобалық оқыту (PBL) – білім алушылардың нақты мәселені шешу немесе өнім жасауға бағытталған жобалық жұмысқа негізделген оқыту әдісі.

Интеграцияланған оқыту – бірнеше пән мен білім саласын бір тақырып аясында біріктіретін оқыту тәсілі.

Андрагогика – ересектерді оқыту теориясы мен практикасы.

Модульдік оқыту – оқу мазмұнын логикалық аяқталған модульдерге бөлуге негізделген оқыту жүйесі.

Құзыреттілік – тұлғаның белгілі бір қызмет саласында табысты әрекет етуін қамтамасыз ететін білім, дағды және тәжірибе кешені.

Рефлексия – өз іс-әрекетін талдау және бағалау үдерісі.

Критериалды бағалау – алдын ала белгіленген критерийлерге негізделген бағалау жүйесі.

Педагогикалық эксперимент – жаңа әдістер мен технологиялардың тиімділігін тексеруге бағытталған ғылыми зерттеу әдісі.

Әдістеме – оқыту мақсаттарына жетуге арналған әдістер мен тәсілдер жүйесі.

Әдіс – педагогикалық мақсатқа жетудің нақты жолы.

Тәсіл – педагогикалық әрекетті ұйымдастырудың жалпы қағидалар жиынтығы.

TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) – пәндік, педагогикалық және технологиялық білімді кіріктіруге негізделген педагогтің кәсіби құзыреттілік моделі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚШ	Америка Құрама Штаттары
БАҚ	Біліктілікті арттыру курсы
ББҰ	Білім беру ұйымдары
БҒМ	Білім және ғылым министрлігі
ЖББҰ	Жалпы білім беретін білім беру ұйымдары
ЖОО	Жоғары оқу орны
ҚМЖ	Қысқа мерзімді жоспар
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚазҰУ	Қазақ Ұлттық университеті
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
NGSS	Next Generation Science Standards (Жаңа буын ғылыми стандарттары)
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
PBL	Project-Based Learning (Жобалық оқыту)
PISA	Programme for International Student Assessment (Халықаралық оқушылардың білімін бағалау бағдарламасы)
STEAM	Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics
STEM	Science, Technology, Engineering, Mathematics
TPACK	Technological Pedagogical Content Knowledge
PCK	Pedagogical Content Knowledge
ҰБДҚ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы (UNESCO)
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технология
SMART	Specific, Measurable, Achievable, Relevant, Time-bound
SAMR	Substitution, Augmentation, Modification, Redefinition

КІРІСПЕ

Жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс физика пәнін оқытуда STEM білім беру тәсілін қолдану арқылы мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Зерттеу қазіргі білім беру жүйесіндегі интеграцияланған оқыту талаптарын ескере отырып, физика мұғалімдерінің STEM білім беру саласындағы теориялық дайындығын және практикалық дағдыларын жетілдіру қажеттілігін негіздейді. Зерттеу барысында физика мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсының STEM білім беруге деген көзқарасына, сондай-ақ олардың кәсіби құзыреттілігінің дамуына тигізетін ықпалы эксперимент арқылы анықталады. Сонымен қатар мұғалімдердің STEM бағытындағы педагогикалық, әдістемелік және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы мазмұн мен оқыту формалары қарастырылады. Жұмыста ұсынылған ғылыми-әдістемелік тәсілдер мен тәжірибелік нәтижелер физика мұғалімдерінің кәсіби дамуын жетілдіруге, STEM білім беру элементтерін оқу процесіне тиімді енгізуге және білім сапасын арттыруға бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда әлемдік еңбек нарығы цифрландыру, жасанды интеллект және технологиялық трансформация процестерінің ықпалымен түбегейлі өзгеруде. Жаңа мамандықтар мен дағдылардың пайда болуы білім беру жүйесінен тек пәндік білім беруді ғана емес, пәнаралық ойлау, зерттеу, инженерлік және шығармашылық қабілеттерді дамытуды талап етеді. Осы бағыттағы STEM білім беру тапсырмалары оқушылардың пәнаралық байланыстарды түсінуін тереңдетіп, нақты өмірлік міндеттерді шешуге арналған зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын жетілдіреді, сондай-ақ олардың болашақ кәсіби бағдарын саналы түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мектептегі кәсіптік бағдар беру жүйесінің тиімділігі елдің экономикалық және инновациялық дамуының маңызды факторы болып табылады. 2025 жылғы тамыз айында өткен «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты республикалық ұстаздар конференциясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мектептерде оқушыларды ерте кезеңнен кәсіби бағдарлаудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы техникалық және жұмысшы мамандықтарына қызығушылықты арттыру – елдің тұрақты экономикалық өсімінің негізгі алғышарты екенін айтты [1]. Осы өзгерістер білім беру мазмұнын жаңғыртып, ғылым, технология, инженерия және математика пәндерінің кіріктірілген мазмұнына негізделген STEM білім беру тұжырымдамасының маңызын арттыруда. STEM білім беру білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, практикалық мәселелерді шешуге және пәнаралық білімдерді біріктіре қолдануға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі болып табылады [2].

Физика пәні STEM білім берудің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Физика табиғат құбылыстарының заңдылықтарын зерттейтін іргелі ғылым ретінде көптеген инженерлік және технологиялық үдерістердің ғылыми негізін құрайды [3]. Сондықтан физиканы оқыту барысында оқушылар тек теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, оны тәжірибелік қызметте қолдануды,

ғылыми зерттеу жүргізуді және техникалық мәселелерді шешуді үйренеді. Сонымен қатар физика есептерін шығару оқушылардың логикалық және математикалық ойлау қабілеттерін дамытады, ал тәжірибелік жұмыстар олардың бақылау, өлшеу және деректерді талдау дағдыларын қалыптастырады. Осы тұрғыда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз дамытып отыру керек. Қазіргі еңбек нарығында инженерлік және техникалық мамандықтарға сұраныстың артуы білім беру жүйесінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің маңызын күшейтеді. Мысалы, Қазақстан Республикасында 2025–2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру гранттарының бөліну құрылымында инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына, сондай-ақ жаратылыстану және математикалық бағыттарға басымдық берілген [4]. Бұл көрсеткіш техникалық мамандықтардың ел экономикасының дамуы үшін стратегиялық маңызға ие екенін және физика пәнін сапалы оқытудың өзектілігін айқындайды. Сонымен қатар халықаралық білім сапасын бағалау зерттеулерінің нәтижелері жаратылыстану бағытындағы білім сапасын арттыру қажеттігін көрсетеді. PISA халықаралық зерттеуінің нәтижелері бойынша, Қазақстан оқушыларының жаратылыстану сауаттылығы көрсеткіштері халықаралық орташа деңгейден төмен екендігі байқалады [5,6]. Бұл жағдай мектептерде жаратылыстану пәндерін оқытудың мазмұны мен әдістемесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту және оның сапасын арттыру мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [7], білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында және білім беру стандарттарында айқындалған. Сонымен қатар жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру жүйесінде инновациялық тәсілдерді енгізу және педагог кадрлардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету мәселелері басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылады [8]. Дегенмен мектептерде STEM білім беру элементтерін енгізу барысында бірқатар қиындықтар байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, көптеген педагогтер дәстүрлі оқыту әдістеріне сүйенеді [9]. Ал мұғалімдердің STEM білім беру тәсілдерін қолдануға дайындық деңгейі жеткілікті емес [10]. Бұл жағдай мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жаңа педагогикалық тәсілдер негізінде жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Осыған байланысты физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін қолдану арқылы мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеу ерекше маңызға ие [11]. STEM білім беру элементтерін қолдану негізгі анықтамалары мен қағидалары, сонымен қатар кейбір ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жетілдіру мәселелерімен айналысқан келесі отандық ғалымдардың бірқатар еңбектерін атап өтуге болады: Қазақстандық ғалымдар STEM білім беру мәселесі бойынша А. Әбілқасымова, Н. Жұмабай және т.б. еңбектерінде STEM мұғалімдердің пәнаралық интеграцияны жүзеге асыруға қажетті әдістемелік дағдылары толық қалыптаса бермейтінін анықтады. Білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру [12], Ж. Караев және т.б. STEM ұстанымы негізінде білім беру жүйесін дамыту [13], Ж. Мағжан және т. б. [14], оқытудағы қолданбалы

бағдарлылықты STEM негізінде тиімді іске асырудың қажеттілігі туралы зерттеулер жүргізген.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы STEM тәсілін орта білім беру мазмұнына енгізу туралы [15] және STEM - білім беру тұжырымдамасын [16], ал Л.Қ. Жайдақбаева, Г.Ш. Омашева зерттеулерінде білім беру орындарында математиканы визуализациялау және модельдеу арқылы STEM технологияларын енгізу мәселелерін талқылаған [17]. Дегенмен, бұл талдаулар физика мұғалімдерін STEM білім беруді іске асыруға даярлаудың әдістемесі бойынша диссертациялық зерттеулердің жоқтығын көрсетеді. Олардың еңбектерінде білім беруде STEM білім беру элементтерін қолданудың артықшылықтары, сонымен қатар осы технологияны оқу үрдісінде қолдануға байланысты оқу тапсырмаларын ұсыну сипатталады. Бұл бағыттағы зерттеулер мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға, оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын дамытуға және олардың зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар STEM білім беру тәсілдерін тиімді енгізу білім беру сапасын арттыруға және еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

Физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін енгізу арқылы мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды әрі өзекті ғылыми-педагогикалық міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты. Физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін тиімді қолдану үшін мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылми әдістемесін негіздеу

Зерттеудің міндеттері. Зерттеу мақсатына жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

1. Мұғалім құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты ғылыми әдебиеттер мен эмпирикалық зерттеулерді саралау
2. Мұғалімдердің STEM білім беруді физика пәнін оқытуда кәсіби қажеттілігін сауалнама және интервью арқылы анықтап, кәсіби құзыреттілік моделін құрастыру
3. «Физиканы оқытуға STEM білім беру элементтерін интеграциялау» атты біліктілік арттыру курсының мазмұнын, құрылымын және оқу-әдістемелік кешенін құру
4. Ұсынылған әдістеменің тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру және оқу үдерісіне ендіру.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері: теориялық (ғылыми әдебиеттерді талдау, жүйелеу, салыстыру), эмпирикалық (сауалнама, интервью, бақылау, педагогикалық эксперимент), статистикалық өңдеу және педагогикалық интерпретациялау.

Зерттеу нысаны: Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беру мектептерінде физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін кіріктіруде кәсіби құзыреттілігі.

Зерттеу пәні: Физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін кіріктіру бойынша мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін

қалыптастырудың теориялық негіздері, әдістемесі және педагогикалық шарттары.

Ғылыми жаңалығы мен ерекшелігі. Алғаш рет:

1. STEM білім беру аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған, жеті циклдік компоненттен тұратын авторлық модель өзінің циклдік-сатылық құрылымы арқылы мұғалімдің кәсіби құзыреттілігінің жеткіліксіз компоненттерін анықтауға негіз болады.

2. Қазақстан білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, физика мұғалімдерінің STEM бағыттағы кәсіби құзыреттілігін дамытуға арналған модульдік біліктілік арттыру курсының мазмұны мен құрылымы ғылыми негізделді және әзірленді.

3. Әзірленген курстың мұғалімдердің білім беру практикасында STEM білім беру бойынша кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы және оқушылардың оқу нәтижелеріне әсері эксперименттік жолмен дәлелденді.

Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар:

1. STEM білім беру аясында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған, жеті циклдік компоненттен тұратын авторлық модель өзінің циклдік-сатылық құрылымы арқылы мұғалімдің кәсіби құзыреттілігінің жеткіліксіз компоненттерін анықтауға негіз болады.

2. «Физиканы оқытуда STEM элементтерін интеграциялау» бағдарламасының артықшылығы 3 айлық қашықтан менторлық қолдау мен STEM box әзірлеу әдістемесін қамтуында және бұл бағдарлама халықаралық стандарттарға сәйкес 4,64/5,00 нәтижесін көрсетті.

3. «Физиканы оқытуда STEM элементтерін интеграциялау» біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдерде кәсіби құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша оң динамика байқалды: пәндік-ғылыми құзыреттілік 2,32-ден 4,28-ге дейін, әдістемелік – 2,12-ден 4,16-ға дейін, технологиялық – 1,96-дан 4,08-ге дейін, инженерлік – 1,88-ден 4,00-ге дейін, пәнаралық – 2,24-тен 4,20-ға дейін, зерттеушілік – 2,28-ден 4,24-ке дейін және рефлексивтік – 2,44-тен 4,36-ға дейін артты. STEM саласындағы жалпы кәсіби құзыреттілік деңгейі 2,18-ден 4,22-ге дейін өсті ($p < 0,001$), орташа өсім +2,04 балды құрады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы

Зерттеудің теориялық маңыздылығы STEM білім беру жағдайында физика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындаумен сипатталады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері осы бағыттағы педагогикалық теорияларды толықтырып, STEM тәсілін физиканы оқыту үдерісіне енгізудің мазмұндық және әдістемелік аспектілерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

Зерттеудің практикалық маңыздылығы әзірленген «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» біліктілікті арттыру курсының білім беру жүйесінде қолданылуымен анықталады. Аталған курс физика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларына енгізіліп, тәжірибеде қолданыс тапты.

Курс аясында дайындалған оқу материалдары, әдістемелік нұсқаулар, практикалық тапсырмалар мен бағалау құралдары мұғалімдердің кәсіби дамуына арналған тиімді және қолжетімді ресурстар болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларында, біліктілікті арттыру орталықтарында және мектепішілік әдістемелік жұмыстарда қолдануға болады. Сонымен қатар, әзірленген STEM бағытындағы сабақ жоспарлары, тәжірибелік жұмыстар мен жобалық тапсырмалар мұғалімдердің күнделікті педагогикалық практикасына енгізуге бейімделген.

Зерттеу барысында анықталған мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктері мен кездесетін қиындықтары білім беру саясатын жетілдіруге және мұғалімдерді қолдауға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге негіз болады.

Ғылыми нәтиже алудағы автордың жеке қосқан үлесі: зерттеудің барлық кезеңдері – теориялық тұжырымдамадан бастап практикалық іске асыру мен ғылыми нәтижелерді өңдеуге дейін – ізденушінің тікелей қатысуымен орындалды.

Жұмыстың апробациясы. Scopus және Web of Science халықаралық ғылыми деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған мақалалар:

1. **Bakytkazy T.**, Balta N., Tzafilkou K., Zhumabay N., Nurgaliyeva K., & Nadelson L. S. (2025). Unveiling the landscape of STEM education research in teaching: Teachers' perceptions and practices. European Journal of STEM Education. – 2025. – Т. 9. – № 1. Scopus (Q1). SJR: 0.557, H-Index: 9. ISSN: 2468-4368. Publisher: Lectito (Netherlands). Open Access. процентиль 76%. https://doi.org/10.20897/ejsteme/17355

2. Yelemessova Z., Balta N.; Abylkassymova A., Richelle M.; Zhumabay N., **Bakytkazy T**. Designing effective STEM courses: a mixed-methods study of the impact of a STEM education course on teachers' self-efficacy and course experiences Frontiers in Education. – Frontiers Media SA. – 2024. – Т. 9. – С. 1276828. DOI: https://doi.org/10.3389/feduc.2024.1276828. Scopus, процентиль 71%.

3. **Bakytkazy T.**, Nurgaliyeva K., Japashov N., Zhumabay N. Examining the Pedagogical Abilities and Needs of Kazak Physics Teachers to Implement STEM Education// Part of the book series: Lecture Notes in Networks and Systems ((LNNS,volume 1261)). ICL2024 – 27th International Conference on Interactive Collaborative Learning, 24–27 September 2024, TalTech, Tallinn, Estonia, p. 1033-1044, Scopus (Q4), SiteScore-0,9; SJR-0.171, процентиль -22%, indexed by WoS https://doi.org/10.1007/978-3-031-85649-5_25

4. **Bakytkazy T.**, Nurgaliyeva K., Japashov N., Zhumabay N. Purpose And Characteristics Of STEM Education In Both The United States And Kazakhstan// Part of the book series: Lecture Notes in Networks and Systems ((LNNS,volume 1261)). ICL2024 – 27th International Conference on Interactive Collaborative Learning, 24–27 September 2024, TalTech, Tallinn, Estonia, p. 1539-1546, p. 1033-1044, Scopus (Q4), SiteScore-0,9; SJR-0.171, процентиль -22%, indexed by WoS. https://doi.org/10.1007/978-3-031-85649-5_26

Халқаралық ғылыми конференцияларда жасалған баяндамалар:

1. Nurgaliyeva K., **Bakytkazy T**., Ferreira E., Nicola S. Approaches to course development for teaching physics via STEM education in schools. 54th IGIP International Conference on Interactive Collaborative Learning, – 01-03 October 2025, – Budapest, Hungary.

2. **Бақытқазы Т**., Алишева А.Н. Орта мектепте бастауыш сыныптары үшін жаратылыстану сабағындағы физика түсініктерінің негізін түсіндіру әдістемесі мәселелері //«Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Алматы, Қазақстан , 6-7 апреля 2023, 342- Бет

3. **Бақытқазы Т**, Нұрғалиева Қ.Е. Америка құрама штаттардағы STEM білім беру мақсаты мен сипаттамасы. Ә43 Физикадағы заманауи тенденциялар: ғылым мен білім интеграциясы: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары (2024 жылдың 23 ақпаны, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2024. – 529 б.

4. **Бақытқазы Т**, Нұрғалиева Қ.Е. Америка құрама штаттарындағы және қазақстандағы stem білім берудің мақсаты мен сипаттамасы ISBN 978-601-08-3960-1 Қазақстан республикасында жаратылыс-ғылыми білім беруді дамыту: мәселелері мен болашағы: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: «Центр Оперативной Полиграфии» баспаханасы, 2024. – 424 б.

Авторлық куәлік:

– **Бақытқазы Т**, Нұрғалиева Қ.Е. “Физиканы оқытуға STEM-білім беру элементтерін интеграциялау” курс бағдарламасы. Авторлық құқық куәлігі № 65266. «11» желтоқсан 2025 жыл. Әдеби туынды. Объектіні жасаған күні: 10.12.2025.

Бақытқазы Т “Физика пәнін STEM білім беру арқылы оқыту” 10-сынып оқушыларына арналған элективкурс. Авторлық құқық куәлігі № 1 хаттама «04» ақпан 2025 жыл.

Диссертация тақырыбының ғылыми жұмыс жоспарларымен байланысы

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес «AP26101969 Жаһандану, цифрландыру және инклюзивті білім беру жағдайында инновациялық-белсенді оқытушыны даярлаудың және оның кәсіби дамуының синергетикалық моделін әзірлеу және енгізу» тақырыбы бойынша жүргізілді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы және көлемі.

Диссертация кіріспеден, 3 негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 30 кесте, 7 формула, 26 сурет және 178 дереккөзді қамтыған 164 беттен тұрады.

Бірінші бөлімде «Қазақстанда физика пәнін оқытуда STEM білім беруді кіріктірудің ғылыми-теориялық негіздері» атты тарауда STEM білім беру тұжырымдамасының мәні, даму тарихы және бағыттары қарастырылады, STEM-ді физика пәніне кіріктірудің ғылыми-теориялық негіздері талданады, физиканы STEM білім беру бойынша оқытудың шетел тәжірибесі (АҚШ, Түркия, Португалия, Қазақстан) салыстырмалы талданады, сонымен қатар STEM

контексінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымы және оның құрылымы теориялық тұрғыдан негізделеді.

Екінші бөлімде «Мұғалім біліктілігін арттыруға бағытталған STEM бағыттағы оқыту бағдарламасын әзірлеу» атты тарауда физика мұғалімдерінің STEM элементтерін меңгеруге кәсіби қажеттіліктерін анықтау нәтижелері ұсынылады, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған біліктілік арттыру курсының құрылымы мен мазмұны әзірленеді, «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» курсының мақсаты, міндеттері және модульдік мазмұны егжей-тегжейлі сипатталады.

Үшінші бөлімде «STEM бағыттағы біліктілік арттыру курсының тиімділігін бағалау және зерттеу нәтижелері» атты тарауда курсты жүзеге асыру әдістемесі және оқу материалдарын әзірлеу стратегиясы қарастырылады, курс мазмұнын педагогикалық талаптарға сәйкестендіру және сараптамалық бағалау нәтижелері ұсынылады, біліктілік арттыру курсының педагогтер мен білім алушыларға әсері талданады және оның тиімділігі PLS-SEM әдісі арқылы бағаланады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері қорытындыланады, ғылыми тұжырымдар тұжырымдалады және практикалық ұсынымдар беріледі.

Қосымшалар бөлімінде Мұғалімдердің STEM білім беру бойынша педагогикалық тәжірибесінің қажеттілігін зерттеу және курсқа дейінгі, курстан кейінгі сауалнамалар. Физика пәнін STEM білім беру бойынша оқытуға негізделіп әзірленген біліктілік арттыру курсының және элективті курс бағдарламасының куәлігі, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін мектеп практикасына енгізуді растайтын актілер ұсынылған.

1 ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА STEM БІЛІМ БЕРУДІ КІРІКТІРУ

1.1 STEM білім беру тұжырымдамасының мәні, даму тарихы және бағыттары

STEM білім берудің пайда болуы және дамуының әлемдік контексі. XXI ғасырдың басында әлемдік білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, жаңа экономикалық және әлеуметтік талаптарға жауап беру қажеттілігіне тап болды. Жаһандық бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, инновациялық экономиканы дамыту және технологиялық прогресті жеделдету мақсатында дамыған елдер білім беру парадигмасын қайта қарауға мәжбүр болды [18]. Осы тұрғыдан алғанда, STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беру – ғылым, технология, инженерия және математика пәндерін интеграциялау арқылы оқушылардың кешенді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған білім берудің инновациялық тәсілі ретінде қалыптасты.

«*STEM білім беру*» термині педагогика ғылымында салыстырмалы түрде жуық арада АҚШ-та пайда болды, ал "STEM" аббревиатурасын алғаш рет американдық бактериолог Р. Колвелл (R. Colwell) [19] 1990 жылдары XX ғасырда ұсынды және АҚШ-тың Ұлттық Ғылым қоры (National Science Foundation, NSF) жаратылыстану ғылымдарын, техниканы, инженерияны және математиканы біріктіретін конгломераттық термин ретінде белсенді түрде қолдана бастады.

Бастапқыда STEM аббревиатурасы интегративті сипатта болмады және негізінен әріптер мынандай ретпен орналастырылды: SMET, METS. Бұдан аббревиатураның басқа нұсқалары болды деп болжауға болады. Алайда, 2001 жылы сол кезде NSF Білім және адами ресурстар жөніндегі директордың көмекшісі, американдық биолог Д. Даниал (D. Danial) [20], STEM аббревиатурасын қалыптастыру үшін элементтерді қайта құрды. Содан бері STEM біліміне бағытталған оқу бағдарламасы АҚШ-тан тыс көптеген елдерде де кең тарала бастады. STEM білім беру шеңберінде STEM+ жалпы белгісін алған бірқатар бағыттар және басым қызмет түрлерін көрсететін жеке атаулар пайда болды [21]. Оның ішінде, ең көп тарағандары STEAM (жаратылыстану, технология, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технология, робототехника, инженерия және математика) болды. Бұл STEM+ тәсілдерінің білім алушыларға бірнеше бағыттарға, соның ішінде шығармашылыққа жүгіну арқылы оқуда жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көбірек мүмкіндіктер беретіндігімен байланысты болды. STEAM-білім аббревиатурасын қолдану оңтайлы болып табылады, өйткені өнер (STEAM, мұндағы A – art) заманауи мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

STEAM-білім аббревиатурасы алғаш рет Род-Айленд дизайн мектебінде дизайн мен жаратылыстану ғылымдарындағы өнердің негізгі рөлін көрсету үшін қолданылды. "EducationCloset.com" [22] білім беру порталының негізін қалаушы және бас директоры С.Райлидің (S. Riley) жұмысы STEAM векторында мұғалімдердің кәсіби дайындығына арналған, сонымен қатар білім берудегі

STEM және STEAM тәсілдерінің салыстырмалы сипаттамасын жасауға мүмкіндік берді (1-кесте).

Кесте 1 – Білім берудегі STEM және STEAM тәсілдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Салыстырылатын белгілер	STEM	STEAM
Мақсат	Жаратылыстану, технология, инженерия және математиканы меңгеру басымдығы	Жаратылыстану ғылымдарын өнермен байланыстыра игеру
Мәні	Жаратылыстану ғылымдарын, математиканы, инженерияны және технологияны кіріктіру (ықпалдастыру)	Жаратылыстану ғылымдарын, математиканы, инженерияны технологияны және өнерді кіріктіру (ықпалдастыру)
Білім беру қызметінің бағыты	Проблемалық оқыту процесінде сыни ойлау дағдыларын дамыту	Тәжірибеге бағытталған оқыту процесінде шығармашылық ойлауды дамыту

STEAM моделі. Өнерді қосу арқылы STEM-ді STEAM- ге жаңартқан негізгі инноватор - 2006 жылы STEAM білім беру жүйесінің негізін қалаушы зерттеуші болған инженерия және технология мұғалімі Джорджетте Якман (Georgette Yakman). Дж. Якман [23] жасаған пирамида моделі білім беру теорияларының әртүрлі салаларының тарихи тәжірибелеріне шолуларға негізделген STEAM ұлттық оқу бағдарламасын жүзеге асыруға арналған. STEAM-ді «инженерлік және математика тіліне негізделген өнер арқылы жүзеге асырылатын ғылыми-техникалық білім» деп анықтауға болады [23, б. 8]. Бұл модельді ұсынудың себебі білім беру жүйесінің құрылымдық кемшіліктерін жою болды. Кейбір пәндер басқалардан жоғары деп саналды, ал басқалары назардан тыс қалды, Пирамида төрт деңгей бойынша топтастырылды (мазмұннан пәнге, пәнаралық және жоғарғы деңгейдегі интегративті тәсілге). Дж. Якман пәндер арасындағы өзара әрекеттесуді маңызды деп сипаттады, өйткені барлық салалар маңызды болып саналады. Ғылыми, технологиялық, инженерлік және көркем-математикалық білім беру арасында өзара тәуелділіктің белгілі бір деңгейі бар [23, б.17]. Якманның зерттеу нәтижелері функционалдық сауаттылық туралы айтатын STEAM шеңберін әзірлеуге әкелді, онда оқушылар білімді бір пәннен екінші пәнге түсініп, тасымалдай алатындай етіп оқытылады [24]. STEAM оқыту жеке көзқарастар мен философияны жақсырақ түсінуге көмектеседі, сондықтан оқушылар қай жерде болса да пәнді оқуда бірдей тәжірибесі жоқ адамдармен сөйлесе алады, сонымен қатар "мұғалімдерге пәндік саланы егжей-тегжейлі


түсіндіруге және қамтуға мүмкіндік беру үшін олар оқушылардың материалды игеруін күшейту үшін әртүрлі пәндер бойынша басқа оқытушылармен жұмыс істей алады". Якманның тұжырымдары Блум таксономиясы, конструктивизм идеясы, жақын даму теориясы, көп интеллект теориясы және т.б. сияқты психолог-педагог теориялары мен STEAM білімі арасында айтарлықтай байланыс орнатты (Дж.Якман, 2012)[24, б.21-26]. 2-кестеде STEAM шеңбері егжей-тегжейлі көрсетілген.

Кесте 2 – Дж. Якман: STEAM-білім беру моделі құрылымдық факторлары

	Өмір бойы біртұтастық				
интеграция	ST∑@M				
Пәнаралық байланыс	STEM				
Пәндер	Жаратылыстану ғылымдары	Технология	Инженерия	Математика	өнер
Мазмұн	Үдерістер Биология Биохимия Химия Ғарыш және геоғылым Физика Зерттеулер Жаратылыстану негіздер	Технология және қоғам Табиғат және технология Дизайн Виртуалды өмір: ауылшаруашылық дақылы (агрокультура) биотехнология биомедицина АКТ, өндіріс Құрылыс транспорт	Аэроғарыштық технологиялар Архитектура Компьютерлер Акустика Экология Электроника Химиялық заттар Материалдар Өнеркәсіп Мұхит Механика Теңіз экожүйесі	Таңбалар мен операциялар Геометрия Алгебра Теориялар Өлшемдер Деректер талдауы Ықтималдық Шешімдер Есептеулер Себептер мен дәлелдеулер	Театр Музыка Саясат Философия Экономика Білім беру Антропология Визуалдау Халықаралық қатынастар Гуманитарлық ғылымдар

Зерттеушілер Дж. Якман моделі негізінде оқу пәндерінің мынандай кластерін ұсынды. (3-кесте).

Кесте 3 – Зерттеушілер Дж. Якман моделі негізінде оқу пәндерінің кластері



STEAM ұғымы STEM-нің кеңейтілген нұсқасы ретінде қалыптасты және оның негізгі айырмашылығы – ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering) және математика (Mathematics) салаларына өнерді (Arts) кіріктіруінде. STEM моделі көбіне техникалық білім мен логикалық-аналитикалық ойлауды дамытуға бағытталса, STEAM тәсілі шығармашылық, креативті ойлау, дизайндық пайым және мәдени-көркем контексі ескеруді алдыңғы қатарға қояды. «Arts» компонентінің қосылуы білім алушылардың мәселелерді тек техникалық тұрғыда емес, сонымен қатар эстетикалық, әлеуметтік және инновациялық қырынан шешу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл пәнаралық байланыстарды күшейтіп, білім алушылардың идеяларды визуализациялау және шығармашылық тұрғыда ұсыну дағдыларын дамытады. Осыған қарамастан, STEM моделі іргелі ғылыми-техникалық


дайындықты қамтамасыз ететін негізгі білім беру бағыты ретінде өз маңызын сақтап отыр.

STEM терминінің пайда болуы 1990-жылдардың басына тұспа келеді, ол кезде АҚШ-тың Ұлттық ғылым қоры (National Science Foundation, NSF) SMET (Science, Mathematics, Engineering, Technology) қысқартуын қолданды. 2001 жылы NSF-тің ғылыми көмекшісі Рита Коллвелл (Rita Colwell) [19, б. 14] бұл қысқартуды STEM деп өзгертуді ұсынды, себебі SMET сөзі ағылшын тілінде “smut” (лас, кір) сөзіне ұқсас естіледі [25]. Осыдан бастап STEM термині ресми түрде қолданыла бастады және тез арада әлемдік білім беру қоғамдастығында танымал болды. «STEM» аббревиатурасын американдық бактериолог Р.Колвэлл (R. Colwell) 1990 жылдары алғаш рет ұсынды [19, б.15], бірақ ол тек 2000 жылдарда ғана белсенді қолданыла бастады. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады. Технологиялардың қарқынды дамуының арқасында жаңа мамандықтар пайда болып жатыр, STEM мамандарына сұраныс жаппай өсуде. Мысалы, Европалық одаққа мүше елдерде бұл сала бойынша жұмысқа орналасқан мамандардың үлесі 2000 жылдан 2013 жылға дейін 12%-ға артқан. Еуропа мемлекеттерінде STEM саласының мамандарына сұраныс 2025 жылға қарай 8%-ға, ал басқа мамандықтарға тек 3%-ға ғана артады деген болжам жасалған еді. 2011 жылы ЭЫДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) қарастырылған 16 мемлекеттің ішінде Финляндияда STEM мамандықтар түлектерінің анағұрлым көп саны байқалды: 20-39 жастағы халықтың 100 мың адамына шаққанда 109. Бұл көрсеткіш Канада мен Швейцария көрсеткіштерінен екі есе артық (1-сурет) [26].

Финляндияда STEM дамуының институциональдық жиектемесі 13 жыл бұрын құрылған болатын. LUMA Ұлттық ғылыми білім беру орталығы мектептердің, университеттердің, өнеркәсіптің және бизнестің өзара іс-әрекетін үйлестіреді. Бұл орталық оқушыларға арналған іс-шараларды, мысалы, ғылыми-техникалық лагерьлерді әзірлейді, мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын және семинарларды жұмысынан қол үзбей ұйымдастырады. LUMA STEM саласында әртүрлі оқу-әдістемелік материалдарды ұсынатын ресурстық орталықтың қызметін атқарады.

АҚШ-та 20-39 жастағы халықтың 100 мың адамына STEM мамандықтың тек 475 түлегі ғана шақ келеді. Таланттар пулының шектеулілігі, 2012-2013жж. жай-күйі бойынша, бұл мемлекетте STEM саласында жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар түлектердің тек 23,9%-ы ғана есептелуімен дәлелденеді. Дегенмен, АҚШ-та STEM білім берудің беделінің маңызы артып жатыр. Атап айтсақ, STEM қызметкерлерінің орташа табысы сағатына шамамен $34,44 құрайды, бұл басқа салалармен салыстырғанда екі есе артық (сағатына шамамен $18,68). STEM мамандықтардың жұмыссыздық деңгейі 3,1% құрайды, бұл басқа мамандықтармен салыстырғанда 4,3%-ға төмен. 2014-2024 жж. бұл саладағы қызметкерлердің үлесі 16%-ға (19% - компьютерлік

ғылымдар, 12% – инженерия, 16% – жаңа өндірістік технологиялар), ал басқа салаларда тек 11%-ға артады деген болжам бар. Мамандардың пікірінше, 2020 жылға қарай STEM кәсіпқойларына сұраныс АҚШ-та 1 млн.-нан астам жаңа жұмыс орындарын қосады [6, б.1-14].



Сурет 1 – Әлем елдеріндегі STEM мамандықтардың түлектері, 2011ж. (20-39 жастағы халықтың 100 мың адамына шаққандағы саны)

STEM білім берудің АҚШ-тағы өзектілігін 2013 жылы қабылданған STEM білім беруді дамыту жөніндегі Стратегиялық жоспар да дәлелдейді. Жоспар аясында 2020 жылға қарай 100000 жаңа тиімді STEM мұғалімдерді даярлау және мұғалімдердің қазіргі контингентіне қолдау көрсету жоспарланды. Басқа мақсат: орта мектепте әр оқу жылы STEM-ге тартылған білім алушылардың үлесін 50%-ға дейін арттыру. Колледждер мен ЖОО-ның STEM мамандықтары бойынша түлектер санын 1 миллион адамға дейін арттыру да жоспарланды.

Әлемнің басқа мемлекеттерінде математикалық және ғылыми-техникалық білім беруді дамыту жөнінде мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды. Мысалы, Малайзияның 2013-2025 жылдарға арналған білімді дамыту жоспары аясында STEM білім беру реформасы қарастырылды. Бұл реформаның *1-кезеңі* (2013-2015жж.) – куррикулумды жетілдіру, мұғалімдерді даярлау, оқытудың кешенді әдістерін пайдалану арқылы STEM білім берудің сапасын арттыру; *2-кезең* (2016-2020жж.) – қоғамның STEM-дегі хабардарлығын және мүдделілігін БАҚ кампаниялар және серіктестік байланыстар арқылы жоғарылату; *3-кезең* (2021-2025жж.) – алғашқы екі кезең бастамаларының сәттілігін бағалау және жаңа бастамалары мен бағдарламалары бар жаңа жол картасын әзірлеу.

Австралияда 2015 жылы STEM білім беруді мектептерде дамытудың 2016-2026 жылдарға арналған Ұлттық стратегиясы қабылданды (National STEM School Education Strategy). Стратегияда бес басты міндет анықталды:

1) оқушыларды STEM-ге тарту және қызықтыру, қабілетін арттыру;

2) мұғалімдердің әлеуетін және STEM пәндерге оқыту сапасын арттыру;

3) мектептерде STEM білімін алу мүмкіндіктерін қолдау;

4) ЖОО-мен, бизнеспен және өнеркәсіппен тиімді серіктестік қарым-қатынастарға жәрдемдесу;

5) мықты деректер қорын құру.

Еуропаның 10 астам мемлекетінде осыған ұқсас ұлттық стратегиялар мен бастамалар бар (Австрия, Германия, Франция, Италия, Нидерланды, Норвегия, Ұлыбритания, Италия, Ирландия, Испания және т.б.). STEM білім беруді дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа келетін болсақ, «In Genious» ең ірі халықаралық жобалардың бірі болып табылады, ол 2011 жылдан 2014 жылға дейін жалғасты. Оған Австрия, Бельгия, Чехия, Дания, Эстония, Финляндия, Германия және т.б. қатысты. Бұл жоба индустриалдық білім беру саласында инновациялық тәжірибелердің репозиторийін құруға, озық және жаңашыл тәжірибелерді таратуға және ынталандыруға бағытталды. Оған 1500 астам мұғалім қатысты, 158 мектеп пен өнеркәсіп өкілдерінің арасында ынтымақтастық орнатылды, әртүрлі семинарлар, жазғы мектептер, онлайн-конференциялар және т.б. ұйымдастырылды. 2013 жылы «MASCIL» үшжылдық жобасы іске қосылды, оған 11 мемлекет: Австрия, Болгария, Кипр, Чехия, Греция, Литва, Нидерланды, Норвегия, Испания, Турция және Ұлыбритания қатысты. Жоба өнеркәсіп саласының қолдауымен мұғалімдерге арналғанн оқу курстарын әзірлеу және ұйымдастыруды қарастырады. Курстардың мазмұны мұғалімдердің қызметіне және кәсіби дамуына арналған әртүрлі оқу материалдарды және ресурстарды қамтиды. «INSTEM» жобасы (2012-2015жж.) инновациялық әдістерді жинау және білім алушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын жоғарылату, сонымен қатар STEM саласындағы мансап туралы көлемді ақпаратты ұсыну мақсатымен зерттеу оқытуға бағытталды. INSTEM-ге Австрия, Германия, Греция, Ирландия, Италия, Норвегия, Румыния, Түркия және Ұлыбритания қатысты. Жоба оқу материалдарының және STEM пәндеріне оқыту әдістерінің кешенді қайнар көзі ретінде жасалды. «Mind the Gap!» – жаратылыстану-ғылыми білім беруде теория мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты қысқарту арқылы Еуропаның орта мектептерінде ғылымға оқытуды жақсартуға бағытталған, зерттеулерге негізделген жоба. Жобаның қызметінің басты назары қыз балаларды STEM білім беруге тартуға аударылады. 2008 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан бұл жоба Ұлыбритания, Испания және Нидерландының бес серіктестерінің консорциумы болып табылады.

STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, STEM төрт компонентінің интеграторы болып табылады. Мысалы, 2015 жылы «ER4STEM» үшжылдық жобасы іске қосылды (Австрия, Болгария, Греция, Мальта және Ұлыбритания), ол оқушылардың ғылыми-техникалық салаға деген

қызығушылықтарын қолдау үшін білім беру роботехникасын шығармашылық және сыни қолдануға бағытталды. «ER4STEM» мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және STEAM меңгеруге, сонымен қатар күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін ашық және тұжырымдамалық жиектемені әзірлеу. Жобаның шеңберінде білім беру робототехникасынан бес мемлекетте 4000 астам бала үшін семинарлды өткізу қарастырылған. Жылына бір рет Еуропалық білім беру роботехникасы жөнінде конференция өтеді. «ER4STEM» мұғалімдерге арналған ауқымды репозиторийді әзірлеу жобаның қорытындысы болады.

Қазақстанда STEM білім берудің дамуы 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламадан бастау алып, 2025 жылға дейінгі кезеңде жүйелі түрде әрі буындас түрде жалғасын тапты. Мектептегі білім мазмұнын жаңарту барысында STEM контексінде жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды және математикалық модельдеуді оқытуға басымдық берілді, бұл оқушылардың ғылыми-технологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталды [27]. Аталған бастамалар кейінгі жылдары жаңартылған білім беру мазмұны және құзыреттілікке негізделген оқыту тәсілдері арқылы дамытылып, Қазақстандағы STEM білім беру халықаралық үрдістермен үйлесіп, білім сапасын көтеруге бағытталды [28].

2020-2025 жылдар аралығында STEM білім берудің мазмұны цифрландыру және технологиялық бағыттармен толықтырылды. Бірінші сыныптан бастап «Цифрлық сауаттылық» пәнінің енгізілуі, бағдарламалау негіздерін (Scratch, Python), 3D модельдеу мен инженерлік элементтерді оқыту оқушылардың алгоритмдік және сыни ойлауын дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар бұл кезеңде мектептерді кеңжолақты интернетпен және STEM зертханалармен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жалғасуда. 2023 жылдан бастап еліміздің 2039 мектебінде 3128 жаңа STEM және робототехника кабинеті жабдықталды [29]. Бұл үрдістер дамыған елдердегі STEM білім берудің негізгі басымдықтарымен, инфрақұрылым дамуы мен практикалық дағдыларды оқыту бағыттарымен сәйкес келеді. Қазақстанда STEM білім берудің маңызды бағыты ретінде робототехника мен инженерлік шығармашылық кеңінен дамуда: 2014 жылдан бастап өткізілетін робототехникадан республикалық олимпиадалар мен World Robot Olympiad халықаралық жарыстарына қатысу қазақстандық оқушылардың инженерлік дағдыларын халықаралық деңгейде көрсетуіне мүмкіндік берсе, 2024 жылы Астанада «Білімдегі инновациялар» халықаралық STEM олимпиадасы мен роботтар шайқасы өткізілді, оған ТМД мен Азия елдерінің 250-ден астам қатысушысы қатысты [30]. Сонымен қатар мектептерде өткізілген республикалық технологиялық фестивальдарға 1200-ден астам оқушы қатысып, бұл шаралар оқушылардың ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуда маңызды алаңға айналды [31]. Қазақстандық командалар робототехника чемпионаттарында әлемдік деңгейде үздік нәтижелерге жетіп, 2022-2025 жылдар аралығында төрт рет әлем чемпионы атанды, бұл Ұлттық STEM жүйесінің табыстылығын көрсетеді. 2024-2025 жылдарға жоспарланған STEM бағдарламалар мен халықаралық ынтымақтастық жобалары да белсенді түрде жүзеге асырылуда. 2024 жылы Түркістанда UNICEF және білім саласындағы

серіктестердің қатысуымен STEAM бағдарламаларын енгізу және инновациялық білім беру стратегияларын талқылау жөніндегі республикалық конференция өткізілді, оның мақсаты қазіргі заманғы білім беру талаптарына сай шығармашылық және техникалық дағдыларды дамыту [32]. Сонымен қатар 2024 жылы Астанада әйелдерге арналған STEM көшбасшылық бағдарламасы ұйымдастырылып, гендерлік теңдік пен кәсіби дамуға қолдау көрсетілді [33]. Жалпы алғанда, Қазақстандағы STEM білім берудің 2024-2025 жылдарға дейінгі дамуы білім мен еңбек нарығы арасындағы байланысты нығайтып, болашақ мамандарды технологиялық тұрғыдан дамыған қоғам талаптарына сай даярлауға бағытталған кешенді стратегия ретінде қалыптасты.

Осылайша, еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. STEM білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыдан дамыған әлемге дайындайды. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әртүрлі білім беру салаларынан алынған білім керек.

STEM білім берудің қалыптасуына әсер еткен негізгі факторлар: Экономикалық факторлар. 1980-1990 жылдары АҚШ пен Батыс Еуропа елдері өздерінің технологиялық көшбасшылығын жоғалту қаупімен бетпе-бет келді. Азия елдерінің, әсіресе Жапония мен Оңтүстік Кореяның технологиялық саладағы жетістіктері дамыған елдерді алаңдатты [34]. 1983 жылы АҚШ-та жарияланған “Қауіп төніп тұрған ұлт” (A Nation at Risk) атты есеп білім беру жүйесінің дағдарысын жария етіп, реформалардың қажеттілігін көрсетті [35]. *Әлеуметтік-мәдени факторлар.* Жаһандану процестері, көші-қон ағындары және мультимәдени қоғамның қалыптасуы білім беруге жаңа талаптар қойды. Оқушылардың әртүрлі мәдени контексте жұмыс істей алу, ынтымақтастық пен коммуникация дағдыларын меңгеру қажеттілігі туындады [36]. *Технологиялық революция.* Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қарқынды дамуы, интернеттің кең таралуы және цифрлық технологиялардың өмірдің барлық саласына енуі білім беру мазмұны мен әдістемесін өзгертуді талап етті [37]. 2000 жылдардың басында Web 2.0 технологияларының пайда болуы, әлеуметтік желілердің дамуы және смартфондардың кең таралуы білім беру ландшафтын түбегейлі өзгертті [38].

Ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуі. XXI ғасырдың басындағы ғылыми жаңалықтар, геномика, нанотехнология, жасанды интеллект, жаңартылатын энергия көздері, мамандардың жаңа буынын даярлауды талап етті [39]. Бұл салаларда жұмыс істеу үшін пәнаралық білім мен кешенді дағдылар қажет болды.

STEM білім берудің теориялық негіздері. STEM білім берудің теориялық негіздері бірнеше педагогикалық және психологиялық теорияларға сүйенеді: Конструктивистік оқыту теориясы. Конструктивизм бойынша, білім – бұл оқушы белсенді түрде құрастыратын процесс, ол өзінің тәжірибесі мен алдыңғы білімі негізінде жаңа ақпаратты түсіндіреді [40]. STEM білім беруде конструктивистік тәсіл оқушыларға өздері зерттеулер жүргізуге, эксперименттер қоюға және нәтижелерді талдауға мүмкіндік береді. Выготскийдің жақын даму

аймағы (Zone of Proximal Development, ZPD) тұжырымдамасы STEM сабақтарында оқушылардың өз деңгейінен жоғары тапсырмаларды орындауына мүмкіндік беретін ұжымдық жұмыс пен менторлықтың маңыздылығын көрсетеді [41].

Жобалық оқыту (Project-Based Learning, PBL). Джон Дьюидің прагматикалық педагогикасынан бастау алатын жобалық оқыту STEM білім берудің негізгі әдістемелік тәсілі болып табылады [42]. PBL оқушыларға нақты өмірдегі проблемаларды шешуге, топпен жұмыс істеуге және өз білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, жобалық оқыту оқушылардың мотивациясын арттырады, терең түсінікті қалыптастырады және ұзақ мерзімді білімді қамтамасыз етеді [43].

Қаржыландыру. European Social Fund Plus (ESF+) Lezíría do Tejo аймағына €2.5 миллион бөлді (Lab Móvel жобасы). Foundation for Science and Technology (FCT) 2023 жылы ғылыми-зерттеу жобаларына €140 миллион бөлді: IC&DT жобаларына €120 миллион (480+ жоба, әрбір жобаға максимум €250,000), Exploratory жобаларына €20 миллион (400+ жоба, әрбір жобаға максимум €50,000). COMPETE 2030 бағдарламасы және аймақтық операциялық бағдарламалар (Солтүстік, Орталық, Лиссабон, Alentejo, Algarve) қосымша қаржыландыру береді.

Инфрақұрылым. Lab Móvel жобасы Lezíría do Tejo аймағының 10 муниципалитетінде жұмыс істейді және мектептерге STEM тәжірибелік сабақтарын жеткізеді. Құрал-жабдықтар: робототехника, дополненная реальность (адам денесін зерттеу үшін), ғылыми эксперименттер үшін жабдықтар, мини-аудитория (презентация дағдыларын дамыту үшін), жеке жұмыс орындары (ынтымақтастық үшін). RRP инвестициялары арқылы кәсіптік-техникалық білім беру орталықтарын жаңғырту жүргізілуде.

Мұғалімдерді даярлау және оқу бағдарламасы. Lab Móvel жобасы шеңберінде мұғалімдерге жаңа оқыту әдістерін дамытуға, сынып мәселелерін шешуге бағытталған тренингтер беріледі. Erasmus+ арқылы алмасу және оқыту жүргізіледі. Педагогика, технология және дизайн интеграциясына назар аударылады. Португалия ЕО білім беру стандарттарын ұстанады: тәжірибелік оқыту (hands-on learning), жобалық оқыту, пәнаралық байланыс, цифрлық технологиялар (AR, робототехника, бағдарламалау). ModA жаңа бағалау жүйесі базалық дағдыларды жақсартуға бағытталған. *Нәтижелер мен мәселелер*. STEM мамандықтарына тіркелу ЕО орташасынан жоғары (28,9% vs 26,9%), инженерлік мамандықтарға жоғары қызығушылық (68,5%), Lab Móvel сияқты инновациялық жобалар, мектептен ерте кетуді азайту жетістіктері бар. Бірақ базалық дағдылар төмен: PISA 2022 бойынша 15 жастағы оқушылардың шамамен 30%-ы математикадан төмен нәтижелер көрсетті, TIMSS бойынша Португалия ЕО қатысушы елдерінің арасында математика және ғылым бойынша соңғы орында. Инженерлік және ИКТ салаларында еңбек күшінің тапшылығы, STEM

салаларында әйелдердің төмен үлесі, ересектердің білім деңгейі ЕО орташасынан төмен және цифрлық дағдылардың жеткіліксіздігі мәселелері сақталып отыр [137].

Қазақстан Республикасындағы STEM білім беру жүйесінің сипаттамасы. Қазақстанда STEM білім берудің белсенді дамуы 2012-2016 жылдары басталды. Ұлыбританиямен серіктестік бағдарламалары 2014 жылдан бастап іске қосылды [138]. 2016-2017 оқу жылында «Робототехника» таңдамалы курсы 2,500 мектепте енгізілді. 1,100 мектепте робототехника зертханалары ашылды, 1,626 мектеп (23,1%) 32,000-нан астам оқушыға робототехника таңдамалы курстарын ұсынады [139]. 2016 жылдан бастап Республикалық робототехника олимпиадасы, «RoboLand» халықаралық робототехника фестивалі өткізіліп келеді, жеңімпаздар Дүниежүзілік робототехника олимпиадасына (WRO) қатысады [140] .

Институционалдық құрылым. 2021 жылғы 12 қазандағы №726 үкімет қаулысы және «Білімді ұлт» ұлттық жобасы бастауыш және орта мектептерді пән кабинеттерімен (физика, химия, биология) жабдықтау мақсаттарын белгіледі [141].

2022 жылы «Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» STEM пәндері арасындағы пәнаралық байланыстарды дамытуды бастады [142].

Қазақстанда бес түрлі мектеп жұмыс істейді: мемлекеттік мектептер, дарынды балаларға арналған арнайы мектептер, жеке мектептер, гимназиялар және Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ). Назарбаев Зияткерлік мектептері, Haileybury және Quantum School сияқты мектептер жаңартылған STEM мазмұны мен әдістемесін енгізудің алғашқы қабылдаушылары және орындары болып табылады. *Нәтижелер.* Барлық сауалнамаға қатысқан оқушылар жалпы STEM мамандықтарына оң қызығушылық танытты. Ауыл мектептеріндегі оқушылар қалалардағы жеке мектептердегі оқушыларға қарағанда STEM мамандықтарына көбірек қызығушылық танытты. Қазақстандағы қыздар PISA және TIMSS сияқты халықаралық бағалауларда математика және ғылым пәндері бойынша ұлдармен тең немесе одан да жақсы нәтиже көрсетеді [143].

Негізгі мәселелер. Мұғалімдердің дайындығындағы олқылықтар анықталды және интеграцияланған алдын ала және қызмет кезіндегі бағдарламалар талап етіледі. STEM мұғалімдерін даярлаушылардың гендерлік хабардарлығы туралы зерттеулер әйелдердің STEM мұғалімдерін даярлауға қатысуына әсер ететін кернеулерді анықтады [144].

Жоғары жалпы білім деңгейіне қарамастан, қазақстандық әйелдер жоғары білім деңгейінде STEM пәндеріне төмен тіркелу көрсеткіштерін көрсетеді. Жаратылыстану ғылымдарында әйелдер тек 31,6%, инженерлік, өндірістік және құрылыс пәндерінде әйелдер тек 31,88% құрайды. Қазақ отбасыларында еңбек бөлінісінің қатаң түрі жиі кездеседі – ерлер асыраушы, әйелдер күтушілер. STEM «еркектік мамандық» ретінде қарастырылады және қыздарға жарамсыз деп саналады. Солтүстік/Шығыс аймақтарда әйелдер үшін жұмыс мүмкіндіктері көп, Оңтүстік аймақтарда дәстүрлі мәдени нормалар қыздар үшін STEM-ге қарсы стереотиптерге әкеледі [145]. Салыстырмалы талдау 6-кестеде көрсетілген.

Салыстырмалы ұқсастықтар бойыгша талдау. Барлық төрт елде зерттеуге негізделген оқыту, проблемаға негізделген оқыту және тәжірибелік тәжірибелер STEM оқытудың орталық педагогикалық тәсілдері болып табылады. Мұғалімдерді дамыту барлық контексте STEM-ді табысты енгізу үшін маңызды деп танылады. Барлық елдер дәлелдерге қызығушылық танытады және PISA, TIMSS халықаралық бағалауларына қатысады. Пәнаралық интеграция барлық елдерде басым бағыт болып табылады. *Айырмашылықтар*: АҚШ-та орталықсыздандырылған, көп деңгейлі (федералды, штаттық, жергілікті) басқару жүйесі бар, ал Түркия, Португалия және Қазақстанда орталықтандырылған жүйе қолданылады. АҚШ 30+ жыл тәжірибемен жетілген жүйеге ие, ал басқа үш ел 10-15 жыл дамушы жүйелерді құруда. Қаржыландыру бойынша АҚШ миллиардтаған доллар, Португалия ЕО қаржыландыруы (миллиондаған еуро), ал Түркия мен Қазақстан шектеулі мемлекеттік бюджетпен жұмыс істейді. Қамту бойынша АҚШ пен Португалияда кең ауқымды, ал Түркия мен Қазақстанда негізінен қалаларда шектеулі қамту байқалады. Гендерлік назар бойынша Қазақстанның ерекшелігі «ағып кету құбыры» университет деңгейінде басталады (орта мектепте қыздар жақсы нәтиже, бірақ жоғары білімде төмен тіркелу), ал АҚШ, Түркия және Португалияда «ағып кету құбыры» орта мектеп деңгейінде басталады (академиялық жетістік олқылықтары). Халықаралық интеграция бойынша АҚШ әлемдік көшбасшы және экспорттаушы, Португалия ЕО мүшесі ретінде толық интеграцияланған, Түркия ЕО кандидаты ретінде ішінара интеграцияланған, ал Қазақстан импорттаушы және үйренуші ретінде позицияланған [146].

Қазақстандағы STEM білім берудің дамуы және нормативтік-құқықтық негіздері. Қазақстанда STEM білім беруге деген қызығушылық 2010-жылдардың басында пайда болды, бұл әлемдік трендтер мен елдің инновациялық дамуының қажеттіліктерімен байланысты болды. STEM білім берудің дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады: *Бірінші кезең*: Танысу және пилоттық жобалар (2010-2015). 2010-2012 жылдары Қазақстанда STEM білім беру туралы алғашқы ақпараттар пайда бола бастады. “Назарбаев Зияткерлік мектептері” (NIS) STEM тәсілін енгізудің алдыңғы қатарында болды [147]. 2013 жылы NIS мектептерінде STEM зертханалары ашылды, мұғалімдерге арналған тренингтер өткізілді.2014 жылы Білім және ғылым министрлігі STEM білім беруді дамытуға бағытталған алғашқы бағдарламаларды бастады. Астана қаласында STEM орталығы ашылды, ол мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетті және оқушыларға арналған іс-шаралар өткізді. *Екінші кезең*: Институционалдану және кеңею (2015-2019). 2015 жылы “Қазақстан Республикасының білім берудің 2015-2020 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы” қабылданды, онда STEM білім беруді дамыту маңызды бағыт ретінде белгіленді [148]. 2016 жылы Астана қаласында халықаралық STEM конференциясы өткізілді, онда отандық және шетелдік сарапшылар STEM білім берудің перспективаларын талқылады. Осы жылы бірнеше мектептерде STEM сыныптары ашылды. 2017-2018 жылдары STEM білім беру өңірлерге тарала бастады. Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында STEM орталықтары ашылды. Мұғалімдерді қайта даярлау курстары кеңінен өткізілді.

2019 жылы “STEAM білім беруді дамыту жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған жол картасы” қабылданды [149].

Кесте 6 – АҚШ, Түркия, Португалия және Қазақстан STEM білім беру жүйелерін салыстыру

Критерий	АҚШ	Түркия	Португалия	Қазақстан
Тарих	30+ жыл (1990-жылдардан)	10-15 жыл (2010-жылдардан)	10-15 жыл (2015-жылдардан)	10-15 жыл (2012-жылдардан)
Қамту	Барлық 50 штатта	60,000+ мектеп	ЕО стандарттары	1,626 мектеп (23,1%)
Қаржыландыру	3-4 млрд долл/жыл	Мемлекеттік + ЕО	€142,5 млн (2023)	Шектеулі бюджет
Инфрақұрылым	Мыңдаған орталық	EBA, TRT EBA	Lab Móvel, FCT	1,100+зертхана, 20 НЗМ
Біліктілік арттыру жүйесі	Штаттарға байланысты әртүрлі, орташа 70-150 сағ/жыл. NSF Teacher Corps бағдарламалары	MoNE Ұлттық Білім Академиясы, үздіксіз БАЖ, STEM орталықтары, Erasmus+	ЕО стандарттары бойынша үздіксіз БАЖ, Lab Móvel тренингтері, университеттермен серіктестік	Қайта даярлау курстары, БАЖ жүйесі дамуда, НЗМ тәжірибесі
Бағдарлама	NGSS (2013), CCSS, PBL	Жаңартылған (2018-2019)	ЕО стандарттары, ModA	Жаңартылған (2016-жылдардан)
Жеке сектор	Үлкен инвестициялар	Industry 4.0, İŞKUR	ЕО серіктестігі	Шектеулі (жеке мектептер)
Халықаралық	Көшбасшы, NSF	Erasmus+, Horizon, ЭЫДҰ	ЕО мүшесі, ESF+, ЭЫДҰ	Ұлыбритания, WRO, PISA
Нәтижелер	PISA/TIMSS жоғары	PISA/TIMSS орташа төмен	TIMSS ЕО соңғы орын	PISA/TIMSS орташа
Университеттерде STEM мамандықтарына түсушілер пайызы	STEM жұмыс күші 24% (36,8 млн), жоғары деңгей	STEM түлектері 17% (OECD), АҚШ-пен тең деңгей	Инженерлік бағыт - 2-орын, ЕО деңгейінде (~26-28%)	624,5 мың оқушылар (2024-25), STEM үлесі нақты көрсетілмеген
STEM қолдану пайызы	78%	65%	42%	28%

Бұл құжат STEM-ден STEAM-ға (өнерді қосу) өтуді көздеді.*Үшінші кезең:* Жүйелендіру және сапаны арттыру (2020-қазіргі кезең). 2020 жылы COVID-19 пандемиясы білім беруді цифрландыруды жеделдетті, бұл STEM білім беруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Виртуалды зертханалар, онлайн STEM курстары, дистанциялық жобалар кеңінен қолданыла бастады. 2021 жылы “Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы” қабылданды, онда STEM/STEAM білім беру басым бағыт ретінде белгіленді [150]. 2022-2023 жылдары STEM мектептері желісі кеңейтілді. 2023 жылдың соңына дейін Қазақстанда 50-ден астам STEM/STEAM

орталықтары жұмыс істеді. STEM білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері. Қазақстанда STEM білім беруді реттейтін бірнеше маңызды құжаттар бар: Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы (2007, өзгерістермен) Заңның 8-бабында білім берудің мазмұнын жаңартудың қажеттілігі, оның ішінде инновациялық технологияларды енгізу көзделген [151].

"Қазақстан – 2050" Стратегиясы (2012). Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында білім берудің сапасын арттыру, ғылым мен технологияларды дамыту маңызды міндеттер ретінде белгіленді [152].

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы (2017). Бұл бағдарлама білім беруді цифрландыруды, STEM пәндерін дамытуды, IT-мамандарды даярлауды көздейді [153].

Қазақстанда STEM білім берудің қазіргі жағдайы. Инфрақұрылым 50-ден астам STEM/STEAM орталықтары, жүздеген мектептерде STEM зертханалары. Мұғалімдерді даярлау: Жыл сайын мыңдаған мұғалімдер STEM бойынша тренингтерден өтеді. Оқу материалдары қазақ тілінде STEM бойынша оқулықтар, нұсқаулықтар, әдістемелік құралдар әзірленді. Халықаралық ынтымақтастық: Сингапур, Оңтүстік Корея, Финляндия сияқты елдермен серіктестік. Олимпиадалар және конкурстарға робототехника, жобалар, ғылыми зерттеулер бойынша республикалық іс-шаралар. Проблемалар теңсіздік ретінде қалалық және ауылдық мектептер арасында, өңірлер арасында айтарлықтай айырмашылықтар. Мұғалімдердің дайындығына көптеген мұғалімдер STEM тәсілін толық меңгермеген. Ресурстар: Заманауи жабдықтарға, материалдарға, бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділік шектеулі. Оқу бағдарламасының жүктемесі STEM жобаларына жеткілікті уақыт жоқ. Бағалауға STEM құзыреттіліктерін бағалаудың тиімді жүйесі жоқ. Мектеп, колледж, университет арасында STEM білім берудің үздіксіздігі қамтамасыз етілмеген [154].

Қазақстанда STEM білім берудің болашағы. Қысқа мерзімді перспективалар (2024-2026) STEM орталықтарының санын 150-ге жеткізу. Барлық мектептерде базалық STEM зертханаларын құру. Мұғалімдердің 50%-ын STEM бойынша даярлау. STEM пәндері бойынша цифрлық оқу ресурстарын әзірлеу. Ұлттық STEM олимпиадалар жүйесін құру. Орта мерзімді перспективалар (2027-2030): STEM мектептері желісін құру (әрбір облыста кемінде бір STEM мектебі). STEM педагогтарын даярлайтын арнайы бағдарламаларды университеттерде ашу. Мектеп, университет, өнеркәсіп үшбұрышын қалыптастыру. Халықаралық STEM стандарттарына сәйкес келу. STEM саласындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу. Ұзақ мерзімді перспективалар (2031-2050) Қазақстанды аймақтық STEM білім беру хабына айналдыру. STEM саласында әлемдік деңгейдегі мамандар даярлау. Инновациялық экономиканы STEM білім берумен қамтамасыз ету. STEM білім берудің қазақстандық моделін әзірлеу және экспорттау.

Қазақстан жүйелік тәсілді АҚШ-тың тәжірибесінен қабылдауы керек: ұлттық стратегия, аймақтық бағдарламалар және мектептік жоспарлар біртұтас жүйеде жұмыс істеуі керек. АҚШ пен Португалияның тәжірибесі ұзақ мерзімді және тұрақты инвестициялардың маңыздылығын көрсетеді. Қазақстан да STEM

білім беруді стратегиялық басымдық ретінде қарап, тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етуі керек.

Мұғалімдерді даярлау бойынша АҚШ-та STEM мұғалімдерін даярлауға ерекше назар аударылады және ұзақ мерзімді, реттелген алдын ала және қызмет кезіндегі бағдарламаларға инвестициялар салынады [155].

Португалияда Lab Móvel жобасы мұғалімдерге тренингтер ұсынады. Қазақстанда педагогикалық университеттерде STEM мұғалімдерін даярлайтын арнайы бағдарламалар ашу, мұғалімдердің интеграцияланған STEM-ге деген сенімін арттыру қажет. Жеке секторды тарту бойынша АҚШ-та жеке сектор STEM білім беруге үлкен үлес қосады: корпорациялар бағдарламаларды қаржыландырады, тәлімгерлік бағдарламалар ұсынады және мектептермен серіктестік орнатады [156].

Түркияда Industry 4.0 бастамасы жүзеге асырылуда. Қазақстанда да кәсіпорындар мен корпорацияларды STEM білім беруге тартудың тетіктерін әзірлеу керек, салық жеңілдіктері, серіктестік бағдарламалар, интернатура мүмкіндіктері. Икемді оқу бағдарламасы бойынша АҚШ-та мұғалімдер мен мектептер оқу бағдарламасын икемді түрде қолданады және жергілікті контекске бейімдейді [51, б.3]. Қазақстанда да оқу бағдарламасына икемділік беру, мұғалімдердің автономиясын арттыру қажет. АҚШ-та STEM білім берудің тиімділігі ғылыми зерттеулермен расталады және саясат дәлелдерге негізделеді [39, б.9] Қазақстанда да STEM білім беру бойынша зерттеулер жүргізу, дәлелдерге негізделген саясат жүргізу керек. Инклюзивтілік бойынша АҚШ-та барлық оқушыларға, әсіресе әйелдер мен азшылықтарға STEM-ге қолжетімділікті қамтамасыз ету назарда [131, б.7]. Португалияда Lab Móvel жобасы барлық мектептерге қолжетімділікті арттырады. Қазақстанда да инклюзивті STEM білім беруді дамыту қажет, гендерлік стереотиптерді жою, ауыл мектептеріне қолдау көрсету, аз қамтылған топтарға бағытталған бағдарламалар әзірлеу. Қазақстанның ерекшелігі қыздардың орта мектеп деңгейінде STEM бойынша күшті нәтижелері, бірақ университетке кіруде күрт төмендеуі. Бұл кедергілер академиялық емес, тереңде мәдени және әлеуметтік екенін көрсетеді. Қазақстан үшін алға жол әлеуметтік-мәдени стереотиптерді жою кампаниялары, ата-аналарды STEM мамандықтарының болашағы туралы хабардар ету, әйел STEM мамандарын рөл үлгілері ретінде көрсету, университеттерде әйелдерге арналған қолдау бағдарламалары. Португалияда Lab Móvel (мобильді зертхана) аймақтық мектептерге қолжетімділікті арттырады. Қазақстанда да ауыл мектептері мен аз индустрияланған аймақтарға ерекше назар аудару қажет, мобильді зертханалар, қашықтықтан оқыту, мұғалімдерді ауылға тарту бағдарламалары. Түркия мен Португалияның Еуропалық Одақпен ынтымақтастығы STEM білім беруді дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақстан да халықаралық бағдарламаларға белсенді қатысуы және ЕО тәжірибесін бейімдеуі керек.

АҚШ, Түркия, Португалия және Қазақстанның STEM білім беру жүйелерін салыстырмалы талдау әр елдің өзіндік ерекшеліктері мен мәселелері бар екенін көрсетеді. АҚШ - әлемдік көшбасшы, 30+ жыл тәжірибе, миллиардтаған доллар қаржыландыру, бірақ мұғалімдердің 10-20%-ы сертификатталмаған және

аймақтық теңсіздік бар. Түркия 10-15 жыл дамуда, жаңартылған оқу бағдарламалары, EBA/TRT EBA цифрлық платформалары, ЕО бағдарламаларымен ынтымақтастық, бірақ PISA/TIMSS нәтижелері төмен және гендерлік теңсіздік сақталып отыр. Португалия - ЕО мүшесі, айтарлықтай қаржыландыру (€140+ млн), Lab Móvel сияқты инновациялық жобалар, STEM тіркелу ЕО орташасынан жоғары (2,9%), бірақ базалық дағдылар төмен және TIMSS бойынша ЕО-да соңғы орын. Қазақстан 10-15 жыл дамуда, 1,100+ робототехника зертханасы, қыздардың орта мектепте жақсы нәтижелері, STEM-ге оң қызығушылық, бірақ қаржыландыру шектеулі, университет деңгейінде гендерлік «ағып кету құбыры» (әйелдер 31,6-31,88%), әлеуметтік-мәдени кедергілер және аймақтық айырмашылықтар.

Қазақстан үшін ең маңызды табыс қыздардың орта мектеп деңгейінде STEM бойынша күшті нәтижелері, бірақ университетке кіруде күрт төмендеуі, кедергілер академиялық емес, тереңде мәдени және әлеуметтік екенін көрсетеді. Бұл батыс үлгілерімен ерекшеленеді, онда құбыр жетістік олқылықтары себебінен ертерек ағып кетеді. Қазақстан үшін алға жол тек АҚШ педагогикалық практикаларын импорттауды емес, сонымен қатар оларды нақты мәдени контекске мұқият бейімдеуді, қолданыстағы күшті жақтарын пайдалануды қамтиды, үкіметтің қолдауы, әйелдердің күшті академиялық нәтижелері және STEM мамандарына экономикалық сұраныстың өсуі [157].

Әдебиеттерге шолу нәтижелері АҚШ-та STEM білім берудің ұзақ мерзімді, жүйелі даму жолынан өткенін және мұғалімдерді даярлаудың UTeach, 100Kin10 сияқты ұлттық бағдарламалар арқылы жүзеге асырылатынын көрсетті [158].

Португалияда STEM оқыту еуропалық стандарттарға негізделіп, мобильді зертханалар мен практикалық жобалар арқылы іске асырылатыны анықталды, ал Түркияда FATİH жобасы аясында технологиялық инфрақұрылым дамытылғанымен, STEM элементтерін жүйелі қолдану әлі де қалыптасу кезеңінде екені байқалды [1, б.85-125]. Қазақстандық тәжірибені талдау нәтижелері STEM элементтерін физика сабақтарына енгізу көбіне жекелеген бастамалармен шектелетінін және мұғалімдердің басым бөлігінде педагогикалық, әдістемелік және технологиялық даярлықтың жеткіліксіз екенін көрсетті. Салыстырмалы талдау үшін STEM оқытуды жүйелі қолдану деңгейі, инженерлік дизайн циклін пайдалану және технологиялық құралдарды тиімді қолдану қабілеті негізгі критерийлер ретінде алынды. Алынған сандық деректер Қазақстанда STEM оқытуды жүйелі қолдану деңгейі АҚШ-пен салыстырғанда 2,78 есе, инженерлік дизайн циклін қолдану 3,78 есе, ал технологиялық құралдарды пайдалану 3,2 есе төмен екенін дәлелдеді. 164 физика мұғалімі арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері мұғалімдердің 76%-ының STEM элементтерін оқытуда қиындықтарға тап болатынын және 91,4%-ының STEM құзыреттілігін арттыруға мұқтаж екенін көрсетті. Бұл қорытындылар қазақстандық физика мұғалімдерінің STEM білім беруді іске асырудағы педагогикалық қабілеттері мен нақты қажеттіліктерін айқындайтын халықаралық зерттеулермен де сәйкес келеді [154, б. 5]. Аталған салыстырмалы және эмпирикалық деректер физика мұғалімдерінің STEM құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған, педагогикалық, әдістемелік және технологиялық

компоненттерді қамтитын үш деңгейлі құрылымдық-мазмұндық модель әзірлеудің ғылыми және практикалық қажеттілігін негіздеді.

1.3 Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымы және оның құрылымы (STEM контексінде)

Қазіргі білім беру кеңістігінде мұғалімнің кәсіби қызметінің сапасы мен нәтижелілігі оның кәсіби құзыреттілік деңгейімен тығыз байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік, дағды, қабілеттер, тұлғалық қасиеттер мен кәсіби құндылықтардың интеграцияланған жиынтығы ретінде қарастырылады . Бұл ұғым мұғалімнің тек пәндік білімін ғана емес, сол білімді нақты педагогикалық жағдаяттарда, өзгермелі білім беру жағдайында қолдана алу қабілетін де қамтиды.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негіздері. Құзыреттілікке негізделген тәсіл XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап Батыс Еуропа елдерінде білім беру нәтижелілігін арттыруға бағытталған теориялық-әдіснамалық негіз ретінде қалыптасты. Зерттеушілер құзыреттілікті білімнің, тәжірибенің және әрекетке дайындықтың бірлігі ретінде сипаттай отырып, оны тек ақпаратты меңгеру емес, оны практикалық және кәсіби міндеттерді шешуде пайдалана алу қабілеті деп анықтайды . Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі көп өлшемді білім базасы ретінде қарастырылады, ол мазмұндық білімді, педагогикалық білімді және контекстік/технологиялық өлшемдерді біріктіреді. Сонымен қатар ол тәжірибе және кәсіби оқыту арқылы дамитын динамикалық құрылым болып табылады. Мұғалімнің білімі бөлек дағдылар емес, сынып жағдайында шешім қабылдау мен іске асыруды қолдайтын өзара әрекеттесетін домендердің интеграцияланған, дамып келе жатқан жиынтығы ретінде қарастырылады [159].

Әсіресе, өзіндік рефлексия процесі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңызды механизмі болып табылады, өйткені ол өз тәжірибесін саналы түрде талдауға, қателерден сабақ алуға және педагогикалық әрекеттерін үнемі жетілдіруге мүмкіндік береді [160].

Рефлексиялық тәжірибе арқылы мұғалімдер өз әрекеттерінің нәтижелілігін бағалай алады, оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа стратегияларды қалыптастырады және кәсіби өсу жолында өздігінен дамиды.

Осы тұрғыдан алғанда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі кешенді, контекске тәуелді, динамикалық әрі бағаланатын жүйе болып табылады. Бұл жүйенің дамуы мұғалімнің ынтымақтастығы, саналы педагогикалық ойлауы және үздіксіз кәсіби дамуы арқылы жүзеге асырылады.

Шульманның педагогикалық мазмұндық білім (PCK) тұжырымдамасы. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі көпқұрылымды сипатқа ие және өзара байланысты бірнеше компоненттерден тұрады. Оның негізін пәндік және әдістемелік құзыреттіліктер құрайды. Ли Шульман 1986 жылы ұсынған педагогикалық мазмұндық білім (Pedagogical Content Knowledge, PCK) тұжырымдамасы мұғалімнің ерекше білімін пән мазмұны мен педагогиканың қиылысында орналастырады [161].

PCK-нің негізгі идеясы мұғалімнің пән мазмұнын оқушылар үшін түсінікті етіп ұсына алу, оны түрлендіру, дәйектеу және оқушылардың алдыңғы түсініктері мен жиі кездесетін қате түсініктерін ескеру қабілетін сипаттайды [162]. Пәндік құзыреттілік мұғалімнің оқытатын пәнінің ғылыми мазмұнын, ұғымдық аппаратын, теориялық негіздерін, логикалық құрылымын және даму заңдылықтарын терең меңгеруін білдіреді. Шульманның тұжырымдамасына сәйкес, мұғалім пәнді білуімен қатар, сол пәндік білімді оқытуға бейімдеп, оқушылардың түсінуіне қолайлы формада ұсына алуы қажет. Физика пәні үшін бұл талап ерекше маңызды, себебі ол ғылыми модельдеу, эксперимент, математикалық аппарат және абстрактілі ойлау дағдыларына негізделеді. Қазіргі зерттеулер PCK-ді кейінгі модельдердің (мысалы, TPACK) негізі ретінде қарастырады және көптеген заманауи зерттеулер PCK-нің педагогикалық ойлаудағы басқа білім домендерімен қалай өзара әрекеттесетінін зерттейді [159, б. 101-111].

TPACK тұжырымдамасы: технологиялық педагогикалық мазмұндық білім. Әдістемелік құзыреттілік пәндік мазмұнды тиімді жеткізудің жолдары мен құралдарын меңгеруді қамтиды. Ол оқыту әдістерін таңдау, сабақтарды жоспарлау, оқу материалдарын іріктеу, бағалау мен кері байланысты ұйымдастыру, оқыту үдерісін жетілдіруді көздейді. Заманауи білім беру жағдайында әдістемелік құзыреттілік пәндік, педагогикалық және технологиялық білімдердің бірлігінде жүзеге асады. Мишра мен Келернің (Mishra & Koehler, 2006) ұсынған TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge) тұжырымдамасы PCK-ні технологияны өзара әрекеттесетін домен ретінде нақты енгізу арқылы кеңейтеді. TPACK моделі жеті білім компонентін және олардың қиылыстарын көрсетеді, бұл оқытуда технологияны интеграциялауға бағыт береді. TPACK-тің негізгі компоненттері:Мазмұндық білім (Content Knowledge, CK) – пән бойынша терең білім. Педагогикалық білім (Pedagogical Knowledge, PK) – оқыту әдістері мен стратегиялары туралы білім. Технологиялық білім (Technological Knowledge, TK) – цифрлық құралдар мен технологиялар туралы білім. Педагогикалық мазмұндық білім (PCK) – CK және PK қиылысы. Технологиялық мазмұндық білім (TCK) – CK және TK қиылысы. Технологиялық педагогикалық білім (TPK) – PK және TK қиылысы. Технологиялық педагогикалық мазмұндық білім (TPACK) – үш доменнің интеграциясы. TPACK тұжырымдамасы технологияның мазмұндық ұсыныстар мен педагогикалық стратегияларды қалай өзгертетінін білуді талап ететінін дәлелдейді [159, б. 101-111]. Эмпирикалық құралдар TK, PK, CK және композиттік TPACK құрылымдарын бағалау үшін әзірленді және тексерілді TPACK моделі STEM контексіне бейімделді (мысалы, TP-STEM құрылымдары) және STEM пәндері бойынша кәсіби даму және біліктілікті арттыру бағдарламаларын жобалаудың негізі ретінде қолданылады [163].

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері.. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады. Төменде осы компоненттердің сипаттамасы берілген:

Пәндік құзыреттілік (Subject Matter Competence). Пәндік құзыреттілік терең мазмұндық білімді және оқу бағдарламасының мазмұнын нақты

контекстермен байланыстыра алу қабілетін қамтиды. Зерттеулер пәндік білімнің (CK) интеграцияланған білімге және TPACK құрылымдарына маңызды әсер ететінін көрсетеді; үлкен іріктемелерде CK педагогикалық мазмұндық білімді (PCK) және технологиялық мазмұндық білімді (TCK) болжайды. Физика пәні үшін пәндік құзыреттілік механика, электр және магнетизм, оптика, термодинамика, кванттық физика және қазіргі заманғы физиканың негіздерін терең білуді, физикалық заңдылықтарды математикалық тілде сипаттай алуды және физикалық құбылыстарды нақты өмірмен байланыстыра алуды қамтиды.

Әдістемелік құзыреттілік (Methodological Competence). Әдістемелік құзыреттілік педагогикалық стратегияларды, сабақты жобалауды, бағалау сауаттылығын және зерттеуді жеңілдетуді қамтиды. Бұл компонент PK және PCK құрылымдарына негізделген және мазмұнды оқушылар үшін түрлендірудің орталық элементі болып табылады [162, б. 7-23]. STEM контексінде әдістемелік құзыреттілік зерттеуге негізделген оқытуды (inquiry-based learning), проблемаға негізделген оқытуды (problem-based learning), жобалық оқытуды (project-based learning) және инженерлік дизайн процесін ұйымдастыру дағдыларын қамтиды [164].

Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік (Psychological-Pedagogical Competence). Кәсіби құзыреттіліктің келесі маңызды құрамдас бөлігі психологиялық-педагогикалық құзыреттілік болып табылады. Ол оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, оқу мотивациясын, танымдық процестерін, сыныпты басқару тәсілдерін және инклюзивті білім беру қағидаларын меңгеруді қамтиды. Бұл компонент мұғалімге оқыту үдерісін оқушыға бағдарланған және қолайлы білім беру ортасында ұйымдастыруға мүмкіндік береді [92, б.2]. Психологиялық-педагогикалық құзыреттілік оқушылардың танымын, қате түсініктерін, мотивациясын және сынып менеджментін түсінуді қамтиды және PCK мен STEM мұғалімдерін даярлау әдебиеттерінде мұғалім білімінің өсуінің бір бөлігі ретінде баса көрсетіледі .

Коммуникативтік құзыреттілік (Communicative Competence). Сонымен қатар мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігі де кәсіби қызметтің табыстылығын арттырады, себебі ол оқушылармен, әріптестермен, ата-аналармен және білім беру ұйымының басқа субъектілерімен тиімді өзара әрекет орнатуды қамтамасыз етеді. Коммуникативтік құзыреттілік сынып дискурсы дағдыларын, кері байланысты, ынтымақтастықты жеңілдетуді және 21-ші ғасырдың коммуникация дағдыларын қалыптастыруды қамтиды. Бұл педагогикалық мақсаттармен (мысалы, 4C: сыни ойлау, шығармашылық, ынтымақтастық, коммуникация) байланысты және физика/болашақ мұғалімдерді зерттеулерде коммуникация мен ынтымақтастықты қарастыратын зерттеулерде құжатталған. *Ақпараттық-цифрлық құзыреттілік* (Digital Competence). Цифрландыру жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі ақпараттық-цифрлық құзыреттілік болып табылады. Ол цифрлық білім беру ресурстарын, симуляциялар мен виртуалды зертханаларды, онлайн платформаларды педагогикалық мақсатқа сай қолдануды көздейді. Цифрлық құзыреттілік цифрлық құралдарды мақсатты түрде қолдануды, технологиямен жетілдірілген қызметті жобалауды және техно-педагогикалық

ойлауды қамтиды. Бұл TPACK құралдары мен домендік біліктілікті арттыру бағдарламалары арқылы өлшенеді және дамытылады; толықтырылған шындық (AR) және астрономия жобалары физика контексінде цифрлық құзыреттіліктің өсуін көрсетеді. Бұл компонент STEM білім беру элементтерін кіріктіру барысында ерекше мәнге ие, себебі STEM оқыту технологиялық және цифрлық ортада жүзеге асады.

STEM контексіндегі мұғалім құзыреттілігінің ерекшеліктері. STEM білім беру контексінде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі пәнаралық және зерттеушілік сипат алады. STEM бағытындағы мұғалім ғылым, технология, инженерия және математиканың өзара байланысын түсініп, оқушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған жобалық және зерттеуге негізделген әрекетке тарта алуы тиіс.

STEM мұғалімдерінің құзыреттіліктері. *Интегративті STEM білімі*. STEM мұғалімдерін даярлау үшін құрылымдар пәндік білімді педагогикалық стратегиялармен және мақсатты технология қолданумен интеграциялауды баса көрсетеді (мысалы, TP-STEM бейімделулері және интеграцияланған мұғалімдерді даярлау модельдері) [164, б. 71-82]. Зерттеу және пәнаралықтық тиімді STEM оқыту зерттеу тапсырмаларын жобалау және қамтамасыз ету және пәнаралық байланыстарды оқушылар үшін айқын ету құзыреттіліктерін талап етеді [163, б.56-65]. *Инженерлік дизайн және жоба тәжірибелері* дизайнға негізделген, жобаға бағытталған оқытуды (PBL) жеңілдету құзыреттілігі кооперативтік мұғалімдерді даярлау модельдерінде және мұғалімдерді нақты, ұзақ мерзімді сынып тәжірибелеріне орналастыратын STEM біліктілікті арттыру бағдарламаларында көрсетілген [164, б.71-82].

Физикаға арналған нақты құзыреттіліктер модельдеу және эксперимент. Толықтырылған шындықты және цифрлық модельдеуді интеграциялайтын физика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламалары мұғалімдердің цифрлық және модельдеу құзыреттіліктерін эксперименттер мен модельге негізделген ойлауды қолдау үшін мақсат етеді. *Контекстуалданған цифрлық тәжірибе* цифрлық құралдарды оқушыға бағдарланған тапсырмаларға енгізетін астрономия және физика оқулықтары TPACK құралдарымен бағаланған физика оқушы-мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігінің өлшенетін өсуін тудырды. Бұл жағдайда инженерлік дизайн, есептік модельдеу, эксперимент жүргізу және топтық жұмыс дағдылары маңызды орын алады [119, б.275–297]. *Кәсіби рефлексия және үздіксіз кәсіби даму* мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің дамуы үздіксіз процесс болып табылады және кәсіби рефлексияны талап етеді. Мұғалімнің өсуін саналы, ынтымақтастық және рефлексивті тәжірибе ретінде қарау тұрақты құзыреттілікті дамытуды қолдау үшін ұсынылады [159, б. 101-111]. *Тиімді кәсіби даму бағдарламалары т*ехнологиямен жетілдірілген ынтымақтастықты біріктіреді. Нақты ресурстарды жобалау мүмкіндіктерін ұсынады. Педагогикалық мақсат пен бағалау туралы рефлексияны қамтиды. Ұзақ мерзімді, тәжірибеге негізделген оқытуды қамтамасыз етеді. TPACK негізіндегі біліктілікті арттыру бағдарламалары химия және басқа STEM пәндерінің мұғалімдерін дамытуды қолдайды, мазмұнды, педагогиканы және технологияны мұғалімдерді оқыту модульдерінде

теңестіреді. Қарқынды, интеграцияланған далалық тәжірибелер және мұғалімдерге STEM сабақтарын жобалауға, жүзеге асыруға және рефлексия жасауға мүмкіндік беретін семинарлар оқшауланған курстарға қарағанда интеграцияланған құзыреттіліктердің күшті сенімділігі мен қолданылуын тудырады [163, б.56-65].


Физика пәнін STEM элементтерімен оқытудағы мұғалім құзыреттілігінің жүйесі. Осы тұрғыдан алғанда физика пәнін STEM білім беру элементтерімен кіріктіре оқыту жағдайында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі көпдеңгейлі жүйе ретінде сипатталады. Бұл жүйенің орталық ядросын пәндік және әдістемелік құзыреттіліктер құрайды; оларды психологиялық-педагогикалық және коммуникативтік құзыреттіліктер толықтырады; ал ақпараттық-цифрлық және зерттеушілік құзыреттіліктер STEM ортасына бейімделуді қамтамасыз етеді. Барлық компоненттерді біріктіретін негіз әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілік болып табылады, ол мұғалімнің кәсіби құндылықтарын, рефлексиясын және үздіксіз кәсіби дамуға дайындығын айқындайды. Бұл жүйелік тәсіл мұғалімдердің STEM білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті барлық құзыреттіліктерді кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Жоғарыда талданған мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жалпы педагогикалық қызметтің тиімділігін қамтамасыз ететін әмбебап негіз ретінде қарастырылады. Алайда STEM білім беру элементтерін физика пәнін оқытуда кіріктіру жағдайында кәсіби құзыреттіліктің жекелеген құрамдас бөліктері, әсіресе пәндік және әдістемелік құзыреттіліктер ерекше маңызға ие болады. Себебі физика пәні ғылыми-теориялық күрделілігімен, эксперименттік сипаты және пәнаралық байланыстарының кеңдігімен ерекшеленеді.

Осыған байланысты STEM контексінде физика мұғалімінің пәндік білімінің тереңдігі мен оны оқытудың заманауи әдістемесін меңгеруі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің өзегін құрайды. Сондықтан келесі бөлімде физика мұғалімінің пәндік және әдістемелік құзыреттілігінің мазмұны STEM білім беру талаптары тұрғысынан нақтылай талданады (5-сурет). Ұсынылған схема бірнеше ерекшеліктерімен сипатталады. Ең алдымен, ол Қазақстанның жағдайына бейімделген, яғни отандық оқу бағдарламасымен үйлесімді және қазақстандық мектептердің мүмкіндіктерін ескереді, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде оқытуды қолдайды. Сонымен қатар, схема кешенді тәсілге негізделген, өйткені ол оқытушының, оқушының және білім беру жүйесінің деңгейлерін біріктіре отырып, білім беру мазмұнын, әдіснамасын және бағалау жүйесін қамтиды. Практикалық бағыт нақты іске асыру жоспарының, ресурстар мен қолдау жүйесінің, мониторинг пен бағалау тетіктерінің болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, схема икемділігімен де маңызды, өйткені оны әртүрлі мектептерде қолдануға болады, мұғалімдердің кәсіби деңгейіне бейімделеді және жергілікті жағдайларға сәйкес икемді түрде жүзеге асырылады.

Схеманы іске асыру төрт негізгі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең-дайындық кезеңі, ол шамамен бір жылға созылады және мұғалімдерді даярлауды, оқу материалдарын әзірлеуді, ресурстарды жинақтауды, сондай-ақ пилоттық мектептерді таңдауды қамтиды. Екінші кезең-іске асыру кезеңі, ол 1-2 жыл ішінде жүзеге асырылады және таңдалған мектептерде модельді сынауға,

нәтижелерді бақылауға, туындаған қиындықтарды анықтауға және модельді жетілдіруге бағытталған. Үшінші кезең-кеңейту кезеңі, ол 2-3 жылға жоспарланған және басқа мектептерде тәжірибе таратуды, мұғалімдерді жаппай даярлауды, ресурстық базаны кеңейтуді және озық тәжірибелерді жинақтауды көздейді. Төртінші кезең-жүйелеу кезеңі, ол 3-5 жылдан бері жүзеге асырылып келеді және барлық мектептерде модельді енгізуді, ұлттық стандарттарға интеграциялауды, тұрақты қолдау жүйесін құруды және үздіксіз жетілдіру жұмыстарын қамтиды

Қазіргі білім беру кеңістігінде STEM білім беру тұжырымдамасы оқушылардың ғылыми дүниетанымын, технологиялық сауаттылығын және инженерлік ойлауын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде танылып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде де STEM элементтерін оқу үдерісіне кіріктіру білім мазмұнын жаңғыртудың, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың және халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы тұрғыда физика пәні STEM білім беруді жүзеге асыруда жетекші орын алады, себебі ол табиғи құбылыстарды түсіндірумен қатар, математикалық модельдеу, технологиялық қолдану және инженерлік жобалаумен тығыз байланысты. Осы зерттеу аясында әзірленген Қазақстанда физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін кіріктірудің авторлық моделі еліміздің білім беру жүйесінің ерекшеліктерін, жаңартылған оқу бағдарламасының талаптарын және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып жасалды.



Сурет 5 – Қазақстанда физика пәнін оқытуда STEM кіріктірудің сұлбасы

Сұлбаның негізгі мақсаты физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін жүйелі түрде кіріктіру арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту және оқушылардың XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру. *Әдіснамалық негіздері.* STEM білім беру модельдің әдіснамалық негізін жүйелілік, пәнаралық интеграция, құзыреттілікке бағдарланған оқыту, зерттеуге және тәжірибеге

негізделген білім беру қағидаттары құрайды. Бұл қағидаттар физиканы оқытуды тек теориялық білім берумен шектемей, оны нақты өмірлік жағдайларда қолдануға бағыттауды көздейді. Осыған байланысты модельде физика пәні STEM интеграциясының орталық компоненті ретінде қарастырылады. Құрылымдық компоненттері. Модельдің құрылымында физика пәні өзек ретінде алынып, STEM білім берудің төрт негізгі бағыты – ғылым, технология, инженерия және математика – өзара кіріктіріле жүзеге асырылады. *Ғылым бағыты* (Science): Физикалық құбылыстарды ғылыми әдіс негізінде зерттеуге, тәжірибе жүргізуге және қорытынды жасауға бағытталған. Бұл бағыт механика, электр және магнетизм, оптика, термодинамика бөлімдеріндегі зертханалық және демонстрациялық жұмыстар арқылы іске асырылады. Зерттеуге негізделген оқыту оқушылардың ғылыми әдісті қолдануына мүмкіндік береді: бақылау → гипотеза → тәжірибе → қорытынды [119, б.275–297]. *Технология бағыты* (Technology): Физиканы оқытуда цифрлық құралдарды, виртуалды зертханаларды және компьютерлік модельдеуді қолдануға негізделеді. Бұл оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Виртуалды зертханалар (PhET симуляциялары), бейнені талдау (Tracker бағдарламасы), сенсорлар мен өлшеу құралдары, 3D модельдеу және принтинг қолданылады . *Инженерия бағыты* (Engineering): Физикалық заңдылықтарды практикалық тұрғыда қолдануға бағытталған жобалық және конструктивтік қызметті қамтиды. Дизайн ойлау процесі қолданылады: эмпатия → анықтау → идеялау → прототип → тестілеу. Физикадағы қолданысы: көпір жасау жобасы (механика), электр тізбегін жобалау (электр), жаңартылатын энергия құрылғылары (энергия), робототехника (күштер мен қозғалыс) [164, б.71-82]. *Математика бағыты* (Mathematics): Физикалық процестерді математикалық модельдеу, есептеу және графиктік талдау арқылы пәндік білімді жүйелеуге мүмкіндік береді. Физикадағы қолданысы: графиктер құру және талдау, дифференциалдық теңдеулер (механика), векторлық талдау (күштер), ықтималдық және статистика (кванттық физика).

STEM білім беру технологияларын интеграциялаудағы кедергілер: Технологияға шектеулі қолжетімділік маңызды кедергілердің бірі, әсіресе аз қамтылған мектептерде немесе аймақтарда технологияға қолжетімділіктің шектелуі. Ресурстарды біркелкі бөлу STEM білім беру технологиясын енгізуге кедергі келтіруі мүмкін. Мектептер барлық оқушылардың STEM құралдары мен ресурстарын пайдалану үшін тең мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ете отырып, технологияға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге басымдық беруі керек. Мұғалімдерді даярлау мен қолдаудың болмауы көптеген оқытушыларда STEM білім беру технологияларын оқыту тәжірибесіне тиімді біріктіру үшін қажетті дайындық пен қолдау болмауы мүмкін. Мұғалімдерді технологияны тиімді пайдалану үшін қажетті дағдылар мен біліммен қамтамасыз ету үшін кәсіби даму бағдарламаларын енгізу қажет. Үздіксіз қолдау мен тәлімгерлік мұғалімдерге интеграция процесінде кездесетін кез келген қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Өзгерістерге төзімділік өзгерістерге қарсы тұру-білім беру мекемелеріне жаңа технологияларды енгізу кезінде кездесетін жалпы кедергі. Кейбір оқытушылар STEM білім беру технологиясын енгізуден тартынуы мүмкін, себебі белгісізден

қорқу немесе өз құзыреттілігінен қорқу. Өсуге ұмтылуды ынталандыру және технологияны біріктірудің артықшылықтарын дәлелдеу қарсылықты жеңілдетуге және инновация мәдениетін дамытуға көмектеседі. Инфрақұрылым және техникалық мәселелер инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және интернетке сенімсіз қосылу немесе ескірген жабдық сияқты техникалық мәселелер STEM білім беру технологияларының интеграциясына кедергі келтіруі мүмкін. Мектептер сенімді инфрақұрылымға инвестиция салып, кез келген мәселені жедел шешу үшін техникалық қолдаудың қолжетімділігін қамтамасыз етуі керек. Технологиялық сарапшылармен ынтымақтастық және жоспарлау және енгізу кезеңдерінде ат бөлімдерін тарту бұл мәселелерді жеңілдетуге көмектеседі. Құны және тұрақтылығы STEM білім беру технологиясын сатып алуға және қолдауға байланысты шығындар, әсіресе бюджеті шектеулі мектептер үшін айтарлықтай кедергі болуы мүмкін. Жергілікті кәсіпкерлермен серіктестік табу, грантқа өтініш беру немесе ашық бастапқы баламаларды зерттеу қаржылық шектеулерді жеңілдетуге көмектеседі. Мектептер технологиялық ресурстарға тұрақты қолжетімділік пен техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді тұрақты даму жоспарларын жасауы керек.

Кедергілерді жеңу стратегиялары STEM білім беру технологияларын тиімді біріктірудің бірнеше маңызды бағыттарын қамтиды. Ең алдымен, ынтымақтастық пен серіктестікті дамыту қажет, өйткені педагогтар, әкімшілер, ата-аналар және сала мамандары арасындағы өзара іс-қимыл STEM технологияларын енгізу үшін қолайлы орта құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, технологиялық компаниялармен, университеттермен және қоғамдық ұйымдармен серіктестік ресурстарға, сараптамалық білімге және қаржыландыру мүмкіндіктеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Екінші маңызды бағыт-жан-жақты кәсіби даму, өйткені мұғалімдерге арналған біліктілікті арттырудың кешенді және үздіксіз бағдарламалары технологиялық дағдыларды, педагогикалық стратегияларды және STEM технологияларын интеграциялаудың тиімді әдістерін игеруге ықпал етеді. Әріптестердің тәлімгерлігі мен коучингі мұғалімдердің STEM білім беру технологияларын қолданудағы беделі мен құзыреттілігін арттыруға көмектеседі. Үшінші стратегия STEM білім беру технологияларын біріктірудің маңыздылығы туралы хабардарлықты арттырумен байланысты, сондықтан сәттілік тарихын, зерттеу нәтижелерін тарату, семинарлар мен конференцияларды ұйымдастыру озық тәжірибелермен алмасуға және оқытушыларды технологияны өз тәжірибелерінде қолдануға ынталандыруға мүмкіндік береді. Төртінші бағыт икемділік пен бейімделуге негізделген, өйткені технология үнемі өзгеріп отырады, сондықтан мектептер жаңа құралдар мен платформаларды енгізуге, эксперименттерді қолдауға және оқушылардың пікірлеріне сәйкес оқыту тәсілдерін бейімдеуге ашық болуы керек. Бұл STEM білім беру технологияларының өзектілігі мен тиімділігін сақтауға мүмкіндік береді. Схеманы тиімді іске асыру іске асырудың бес арнайы ұйымдастырылған деңгейімен қамтамасыз етіледі.

Бірінші деңгей-бұл пәндік білімді (физика, математика), STEM әдістерін меңгеруге негізделген әдіснамалық дағдыларды, цифрлық құзыреттілікті және зерттеу дағдыларын қамтитын мұғалімнің құзыреттілігі.

Екінші деңгей - бұл STEM интеграцияланған оқу бағдарламасы, пәнаралық байланыстар, жобалық міндеттер және практикалық фокус қарастырылатын оқу бағдарламасы.

Үшінші деңгей-қалыптастырушы бағалауды, жобаларды бағалау айдарларын, өзін-өзі бағалауды және өзара бағалауды, сондай-ақ портфолионы бағалауды қамтитын бағалау әдістері.

Төртінші деңгей - бұл ресурстар мен материалдық база, яғни зертханалық жабдықтар, сандық құралдар, STEM орталықтары және онлайн ресурстар.

Бесінші деңгей-бұл Нормативтік-құқықтық базаны, қаржыландыруды, мұғалімдерді даярлау бағдарламаларын және ұлттық стратегияны қамтитын саяси қолдау. Бұл компоненттердің өзара байланысы STEM элементтерін физика пәніне біріктірудің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. STEM білім беру элементтерін физиканы оқытуға интеграциялау бойынша мектеп мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастырудағы халықаралық тәжірибе әлемдік деңгейде әртүрлі модельдер, шеңберлер және бағалау тәсілдері арқылы жүзеге асырылуда.

АҚШ тәжірибесі. АҚШ-та физика пәнінде STEM-ді жүзеге асырудың бірнеше үлгілері Modeling Instruction: Аризона штатында әзірленген, физиканы модельдер арқылы оқытады. SCALE-UP (Student-Centered Active Learning Environment with Upside-down Pedagogies) солтүстік Каролина штатының университетінде қолданылады, белсенді оқытуға негізделген. Physics First 9-сыныптан бастап физиканы оқыту, биология мен химиядан бұрын. AP Physics университет деңгейіндегі физика курстары орта мектептерде жүзеге асырылады.

Сингапур тәжірибесі. Сингапурда физика STEM контексінде инновациялық тәсілдермен оқытылады. Барлық мектептерде заманауи физика зертханалары. Жобалық оқыту міндетті компонент. Университеттермен және кәсіпорындармен тығыз байланыс. Мұғалімдерге жоғары деңгейлі кәсіби даму қажеттілігі туындайды.

Финляндия тәжірибесі. Финляндияда физика пәні құбылыстарға негізделген оқыту (Phenomenon-Based Learning). Пәнаралық интеграция (физика, химия, биология, география бірге оқытылады). Оқушыларға жоғары автономия. Практикалық жұмыстарға баса назар аударылады.

Қазақстанда физика пәнін оқытуда STEM кіріктірудің авторлық моделі еліміздің білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Модель мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және оқушылардың XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Осыған байланысты АҚШ, Португалия, Түркия және Қазақстандағы STEM мұғалімдерінің құзыреттіліктерін дамыту тәжірибесі кластерлер бойынша салыстырмалы түрде талданып, 7-Кестеде ұсынылатын болады.

Кесте 7 – Физика пәнін оқытуда STEM білім беру элементтерін кіріктіру бойынша мектеп мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастырудың халықаралық тәжірибесі: салыстырмалы талдау

Критерий	АҚШ	Португалия	Түркия	Қазақстан
1. Құрылымдық компоненттер	• Пәндік білім• Инженерлік дизайн• Технология интеграциясы• Көшбасшылық	• DigCompEdu негізінде цифрлық құзыреттілік• STEM пәндері бойынша саралау	• TP-STEM: TPSK, TPMK, TPEK• Интегративті STEM білімі• Өзін-өзі бағалау	• Білім беру көшбасшылығы• Инженерлік/жобалық дизайн• Көппәндік интеграция• Зерттеуге бағытталған оқыту
2. Фокус	Инженерлік дизайн + ғылыми зерттеу интеграциясы	Цифрлық интеграция, DigCompEdu негізінде	Технология-педагогика-пән біліктілігі (TP-STEM)	Практикалық бағдар: “Жаңа талап 2.0”, “Білім караваны”
3. Бағалау әдістері	Мұғалімдер сауалнамасы OLS регрессиясы Мансап траекториясын талдау	• 20,935 мұғалімнің сауалнамасы• Пәндер бойынша салыстыру	• TP-STEM құралы (17 тармақ)• Cronbach α=0.80-0.84• CFI=0.961	• Шағын іріктемелі сауалнамалар• Сапалық талдау• Стандартты көрсеткіштер ұсынысы
4. Тұжырымдамалық негіз	• STEMMaTe фреймворкі• NGSS стандарттары	• DigCompEdu бейімдеуі• Бірыңғай фреймворктің жоқтығы	• TP-STEM моделі• Теория-практика олқылығы	• STEM-LPP (6 стандартты көрсеткіш)• Әдістемелік нұсқаулықтар
ортада қызмет атқаратынын білдірді. Мұғалімдер алтыншы сыныптан он екінші сыныпқа дейінгі әртүрлі сыныптарға сабақ беретінін көрсетті. Мұғалімдердің 10%-ы тек бір сыныпқа, 10%-ы екі сынып деңгейіне, 30%-ы үш сынып деңгейіне, ал 16%-ы төрт түрлі сынып деңгейіне сабақ берген. Қалған қатысушылардың 34%-ы бес немесе одан да көп сынып деңгейіне сабақ беретінін атап өтті. Қатысушылардың көпшілігі (62,00%) магистр дәрежесіне ие екенін, одан кейін бакалавр дәрежесі барлар (26,00%) және PhD дәрежесі барлар (6,00%) екенін көрсетті. Қатысушы мұғалімдер орта есеппен 60 сағат кәсіби даму курстарына қатысқанын мәлімдеді (SD=47,00). Қатысушылардың өзіндік бағалауы бойынша STEM білім беру зерттеулері жөніндегі білім деңгейінің үлестірімі келесідей болды: 12%-ы білім деңгейі төмен, 46%-ы белгілі бір деңгейде біледі, 30%-ы жақсы деңгейде біледі, ал 12%-ы сарапшылық (эксперттік) деңгейде меңгерген. Мұғалімдердің 48%-ы STEM білімін ғылыми журналдардан алғанын, ал 52%-ы интернет ресурстарынан, мектеп бағдарламаларынан және өңірлік кәсіби даму курстарынан алғанын атап өтті.

Құрал. Деректерді жинау үшін Бохер (Booher) және әріптестері [170, б.213–225] әзірлеген STEM білім беру зерттеулеріне арналған сауалнаманы қолдандық. Авторлардан рұқсат алғаннан кейін, сауалнама қазақ тіліне аударылды. Бірінші автор сауалнаманы қазақ тіліне аударды, ал қазақ тілі ана тілі болып табылатын екі ағылшын тілі маманы аударманы тәуелсіз түрде тексерді. Аудармаларды тексеру барысында анықталған сәйкессіздіктер бірлескен талқылау арқылы шешілді. Одан кейін аударылған сауалнаманың түсініктілігін тексеру мақсатында Қазақстандағы K-12 деңгейіндегі екі мұғаліммен Зерттеу жүргізілді. Екі мұғалім де бір тармақты түсінуде қиындық туындағанын хабарлады, атап айтқанда: *«Мен STEM білім беру зерттеулерін өзім дұрыс деп есептейтін оқытуды негіздеу үшін пайдалана аламын деп сезінбеймін»* деген тұжырымды түсінбегенін айтты. Осыған байланысты, түсініктілікті арттыру мақсатында аударылған тармаққа аздаған өзгерістер енгізілді, нәтижесінде толық аударылған және валидтенген сауалнама нұсқасы алынды (қосымша А).

Сауалнаманың жалпы Cronbach альфа сенімділік коэффициенті 0,93-ті құрады. Ал қосалқы шкалалар бойынша сенімділік көрсеткіштері білім беру зерттеулерімен белсенді өзара әрекеттесу 0,79, оқыту қызметінде STEM білім беру зерттеулеріне жүгіну 0,81, STEM білім беру зерттеулерін қолданудың институционалдық мәдениеті 0,76, STEM білім беру зерттеулерін кедергі ретінде қабылдау 0,89, STEM білім беру зерттеулерін елемеу 0,90. Бұл көрсеткіштер тармақтар арасында ішкі бірізділіктің бар екенін айғақтайды [175].

Деректерді жинау. Деректерді жинау Google Form платформасы арқылы онлайн форматта жүргізілді. Кәсіби даму іс-шарасына қатысқан барлық мұғалімдер зерттеу жобасына қатысуға және демографиялық сұрақтар мен сауалнама тармақтарын қамтитын сауалнаманы толтыруға шақырылды. Сауалнама сілтемесі қатысушыларға жіберілген шақыру хаттарына енгізілді [166, б.2]. Деректер жинау үдерісі екі аптаға созылды. Алғашқы шақырудан сегіз күн өткен соң қатысушыларға еске салу хабарламасы жіберілді.

Кесте 8 – Сауалнаманың бес өлшемі бойынша сипаттамалық көрсеткіштер


	Білім беру зерттеулеріне белсенді қатысу	**Оқыту үдерісіндегі STEM білім беру зерттеулері**	**STEM білім беру зерттеулерін қолданудың институционалдық мәдениеті**	**STEM білім беру зерттеулерін кедергі ретінде қабылдау**	**STEM білім беру зерттеулерін қолдануды жоққа шығару**
N	50	50	50	50	50
Орташа мән	3,26	3,25	2,89	3,17	3,45
Стандартты ауытқу	0,863	0,852	0,816	0,383	0,794
Минимум	1,29	1,38	1,00	2,00	1,60
Максимум	5,00	4,63	4,50	3,86	4,80
Shapiro– Wilk W Қалыпты үлестірім көрсеткіші (W)	0,919	0,929	0,973	0,964	0,966
Shapiro– Wilk p Қалыпты үлестірімнің p-мәні	0,002	0,005	0,312	0,136	0,160

Талдау . Талдау деректерді алдын ала өңдеуден басталды. Сауалнаманың 90%-ынан аз бөлігін толтырған немесе барлық сұрақтарға бірдей жауап берген қатысушылардың жауаптары талдаудан алынып тасталды. Қалған қатысушылардың жауаптарындағы кездейсоқ қалдырылған мәндер қатардың орташа мәнімен алмастырылып, толық деректер жиынтығы қалыптастырылды. Теріс тұжырымдалған тармақтар кері кодталды. Одан кейін әрбір тармақ және бес қосалқы шкала бойынша сипаттамалық статистика есептелді. Әрбір таңдамалы жауап берілетін тармақ бойынша жауаптардың үлестірімін көрсету үшін 100% жинақталған бағандық диаграммалар жасалды. Бұл диаграммалар жауаптардың пайыздық үлесін айқын көрсетіп, қатысушылар жауаптарының үлестірімін жылдам түсіндіруге мүмкіндік береді. Қосымша сипаттамалық және инференциалдық статистикалық деректер кестелер түрінде ұсынылды.

Нәтижелер . Likert типіндегі тармақтар бойынша есептелген стандартты ауытқулар жауаптардың орташа деңгейде өзгеретінін көрсетті. Өзгеріс ауқымы 0.41-ді құрады, ең төменгі мәні 0,90, ал ең жоғары мәні 1,31 болды. Әрбір қосалқы шкала бойынша Levene дисперсиялардың біртектілігі тесті жүргізіліп, статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтар анықталған жоқ [176]. Алайда, Shapiro–Wilk W тесті арқылы жүргізілген қалыптылықты тексеру нәтижелері «Білім беру зерттеулерімен белсенді өзара әрекеттесу» және «Оқыту қызметіндегі STEM білім беру зерттеулері» өлшемдері бойынша деректердің қалыпты таралмағанын көрсетті. Осыған байланысты, аталған екі өлшем үшін сипаттамалық статистиканы көрсету және инференциалдық салыстырулар жүргізу мақсатында параметрлік емес талдау әдістері қолданылды. Ал қалған өлшемдер бойынша параметрлік статистикалық талдаулар жүргізілді. Кесте-

8.сауалнаманың бес өлшемі бойынша жиі талап етілетін негізгі сипаттамалық статистикалық көрсеткіштер берілген.


Мұғалімдердің білім беру зерттеулеріне белсенді қатысуы. Бірінші зерттеу сұрағына жауап беру үшін мұғалімдердің білім беру зерттеулеріне белсенді қатысуын сипаттайтын Likert типіндегі тармақтарға берілген жауаптар 100% жинақталған бағандық диаграмма (100% Stacked Bar graph) арқылы талданды (7-суретті қараңыз).



Сурет 7 – Мұғалімдердің білім беру зерттеулеріне белсенді қатысуы


Мұғалімдердің білім беру саласындағы зерттеулерге белсенді қатысуын талдау нәтижелеріне сәйкес, мұғалімдер STEM білім беру зерттеулерін жариялайтын ғылыми журналдарға жазылу және оқу бағдарламасы бойынша қабылданған шешімдерін зерттеулер арқылы негіздеу мәселелеріне қатысты бейтарап ұстаным білдірді. Алайда, білім беру зерттеулеріне қатысудың басқа барлық аспектілері бойынша мұғалімдер жалпы келісім деңгейін көрсетті. Атап айтқанда, олар сапалы зерттеулерді анықтай алу қабілетін, соңғы зерттеулерден хабардар болып отыруды, зерттеулерді басқа мұғалімдермен талқылауды, STEM білім беру зерттеулерінен қолдау іздеуді және зерттеу нәтижелерін оқыту үдерісіне енгізуді қолдайтынын көрсетті. Үшінші зерттеу сұрағына жауап беру үшін білім беру зерттеулерін институционалдық қолдауға қатысты Likert типіндегі тармақтарға берілген жауаптар 100% жинақталған бағандық диаграмма (100% Stacked Bar graph) арқылы талданды (8-сурет).

Білім беру зерттеулерін пайдаланудың мәдениеті . Нәтижелерге сәйкес, мұғалімдердің тек 20%-ы ғана мектеп директорлары білім беру зерттеулерін олармен бөліседі деген пікірмен келіскен. Қатысушылардың басым бөлігі әріптестерімен бірге білім беру зерттеулерін талқылауға уақыт бөлуге (96%) немесе оларды сабақ жоспарлау үдерісінде қолдануға (64%) қатысты не келіспейтінін, не бейтарап көзқарас ұстанатынын көрсетті.



Сурет 8 – Мұғалімдердің оқыту барысында білім беру зерттеулерін қолдануы

Сонымен бірге, қатысушылардың шамамен 48%-ы өздерінің оқыту тәжірибесінде зерттеуге негізделген тәсілдерді қолдану күтілетіні туралы пікірмен келіскен немесе толықтай келіскенін білдірді (9-сурет).



Сурет 9 – STEM білім беру зерттеулеріне институционалдық қолдау

STEM білім беру зерттеулерін кедергі ретінде қабылдау . Төртінші зерттеу сұрағына жауап беру мақсатында оқыту үдерісіне кедергі келтіруі мүмкін деп сипатталатын білім беру зерттеулеріне қатысты Likert типіндегі тармақтарға берілген жауаптар 100% жинақталған бағандық диаграмма (100% Stacked Bar graph) арқылы талданды 10-суретті қараңыз. Нәтижелерге сәйкес, мұғалімдердің едәуір жоғары үлесі екі ықтимал кедергі бойынша келісімнен гөрі келіспеушілік білдірген. Аталған кедергілер оқытудың практикалық қырларынан алшақ болуымен (56%) және интуицияны зерттеуге қарағанда неғұрлым басым бағыттаушы деп санаумен (54%) байланысты. Ал басқа екі ықтимал кедергі бойынша мұғалімдердің көпшілігі келіскенін көрсетті. Бұл кедергілерге

зерттеулердің оқытуға қатысты сұрақтарға нақты шешімдер ұсынбауы және интуицияның қандай тәсілдердің орынды екенін анықтауда зерттеуді толықтыра алуы жатады. Мұғалімдердің басым бөлігі зерттеулер шығармашылықты шектейді (68%) және инновациялық оқыту әдістерін қолдамайды (60%) деген пікірмен келіскен. Соңында, зерттеулердің оқытудағы икемділікті шектейтініне қатысты келіскен және келіспеген қатысушылар саны шамалас болғаны анықталды.



Сурет 10 – STEM білім беру зерттеулері кедергі ретінде

STEM білім беру зерттеулерін қолданудан бас тарту. Бесінші зерттеу сұрағына жауап беру үшін зерттеулерді пайдаланбаудың себептері ретінде қарастырылуы мүмкін тармақтарға қатысты Likert типіндегі жауаптар 100% жинақталған бағандық диаграмма (100% Stacked Bar graph) арқылы талданды 11-суретті қараңыз. Нәтижелерге сәйкес, қатысушылардың көпшілігі (64%) білім беру зерттеуін қалай жүргізу керектігі туралы білімі шектеулі екенін мойындады. Сондай-ақ, олардың едәуір бөлігі зерттеулерді құндылығы аз деп санаған (56%). Қатысушылардың зерттеулерді елемеуінің келесі жиі кездесетін себебі, оны тәжірибеде қолданудың қиындығы (46% белгілі бір дәрежеде келіседі) болды. Одан кейінгі себеп зерттеумен айналысуға уақыт жетіспеушілігі (38% белгілі бір дәрежеде келіседі).

Зерттеулерге шектеулі қолжетімділік мәселесіне қатысты мұғалімдердің көпшілігі келісетінін көрсетті (42% белгілі бір дәрежеде келіседі, 18% белгілі бір дәрежеде келіспейді). Қатысушылардың басым бөлігі (56% белгілі бір дәрежеде келіседі) зерттеулердің құндылығы аз деген пікірмен де келісетінін білдірді.




Сурет 11 – STEM білім беру зерттеулерін қолдануды жоққа шығару

STEM білім беру зерттеулерінің әртүрлі аспектілерін талдау. 12-суретте мұғалімдердің STEM білім беру зерттеулерін пайдалану жөніндегі қабылдаулары мен тәжірибелерінің әртүрлі аспектілерін салыстыратын бағандық диаграмма көрсетілген. Бұл диаграмма алтыншы зерттеу сұрағының шеңберінде жасалған.

Диаграммада сауалнама өлшемдерінің әрбір қосалқы шкаласының орташа мәндері бейнеленген. Нәтижелер көрсеткендей, қатысушылар зерттеулерді оқытуды ақпараттандыру үшін қолдануға жағдай жасайтын орталарды қолдауға төмен баға берген (M=2,89, SD=0,82). Сол сияқты, қатысушылар зерттеулерді қолданудағы кедергілерге қатысты теріс пікір білдірген (M=3,17, SD=0,38), бұл олардың зерттеулерді шығармашылық пен инновациялық оқытуға кедергі ретінде қабылдамайтынын көрсетеді.

Мұғалімдер зерттеулерді оқытуда қолдану (M=3,25, SD=0,85), зерттеулермен белсенді өзара әрекеттесу (M=3,26, SD=0,86) және зерттеулерді елемеу (M=3,45, SD=0,79) аспектілері бойынша бейтарап ұстанымда болған. Барлық тармақтардың біріктірілген орташа мәні 3,20 (SD=0,65) болып, бұл қатысушылардың білім беру зерттеулерін оқыту тәжірибесін ақпараттандыру үшін қолдануға қатысты екіұдай пікірде екенін көрсетеді.



Сурет 12 – STEM білім беру зерттеу қырларының орташа мәні

9 - кестеде оқыту әрекеттері мен зерттеулермен белсенді өзара әрекеттесу арасында күшті оң корреляция байқалғаны көрсетілген (r = 0,903, p < 0,001). институционалдық мәдениет пен белсенді өзара әрекеттесу (r = 0,666, p < 0,001), институционалдық мәдениет пен оқыту әрекеттері (r = 0,711, p < 0,001), сондай-ақ зерттеулерді қолданудан бас тарту мен зерттеуді кедергі ретінде қабылдау (r = 0,564, p <0,001) арасында орташа деңгейдегі статистикалық маңызды корреляциялар анықталған.

Кесте 9 – Сауалнама өлшемдері арасындағы корреляциялар

	Көрсеткіш	Белсенді қатысу	Оқыту іс-әрекеттері	Институционалдық мәдениет	Зерттеу кедергі ретінде
Оқыту іс-әрекеттері	Пирсонның r коэффициенті	0,903	—	—	—
	p-мәні	<0,001	—	—	—
Институционалдық мәдениет	Пирсонның r коэффициенті	0,666	0,711	—	—
	p-мәні	**< 0,001**	**< 0,001**	—	—
Зерттеу кедергі ретінде	Пирсонның r коэффициенті	−0,186	−0,192	−0,201	—
	p-мәні	0,196	0,182	0,163	—
Қолдануды жоққа шығару	Пирсонның r коэффициенті	−0,176	−0,194	−0,137	0,459
	p-мәні	0,220	0,176	0,344	**<0,001**

Мұғалімдердің білім беру зерттеулеріне қатысты қабылдауларына байланысты айнымалылар. Мұғалімдердің STEM білім беру зерттеулерін қабылдауы мен қолдануына әсер етуі мүмкін факторларды анықтау мақсатында қатысушылардың әртүрлі сипаттамалары мен сауалнама өлшемдері бойынша ұпайларын талдадық (10-кестені қараңыз). Нәтижелерге сәйкес, институционалдық мәдениет көрсеткіші мектеп орналасқан жерге байланысты корреляция көрсеткен (p =0,04), ал зерттеуді кедергі ретінде қабылдау жасқа (p =0,034) және мұғалімдік еңбек өтіліне (p =0,016) тәуелді болған. жынысқа байланысты сауалнама өлшемдерінің орташа мәндерінде айтарлықтай айырмашылықтарды анықтау үшін тәуелсіз топтар t-тесті жүргізілді. Алайда, ер және әйел қатысушылар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталған жоқ. Мектеп орналасқан жер мен сауалнама өлшемдері арасындағы айырмашылықтарды бағалау үшін біржақты ANOVA талдауы жүргізілді, оның нәтижесінде тек институционалдық мәдениет бойынша айтарлықтай айырмашылық анықталды (F = 7,543, df1 = 2, df2 = 14,01, p = 0,006). Games-Howell пост hoc талдауы ауылдық-қалалық (p = 0,048) және қала маңындағы-қалалық (p = 0,008) мұғалімдер арасында статистикалық маңызды айырмашылықты көрсетті. Яғни, STEM білім беру зерттеулерін институционалдық қолдау ауылдық мектептерде (M = 3,14) қалалық (M = 2,20) және қала маңындағы (M = 2,93) мектептерге қарағанда жоғары болған.

Кесте 10 – Зерттеу көрсеткіштері мен демографиялық айнымалылар арасындағы корреляциялар

	Жасы	Мұғалімдік өтілі (жыл)	Біліктілікті арттыру сағаттары	Білім деңгейі	Жынысы	Мектептің орналасуы
Белсенді қатысу	0,533	0,983	0,812	0,144	0,845	0,850
Оқыту іс-әрекеттері	0,208	0,613	0,945	0,532	0,643	0,785
Институционалдық мәдениет	0,095	0,156	0,209	0,366	0,100	0,040
Зерттеу кедергі ретінде	0,034	0,016	0,429	0,979	0,365	0,106
Зерттеуді қолдануды жоққа шығару		0,494	0,354	0,306	0,990	0,800

Талқылау, практикалық салдарлар және болашақ зерттеулер. Зерттеудің негізгі мақсаты Қазақстандағы STEM мұғалімдерінің оқыту тәжірибесінде білім беру зерттеулерін меңгеруі мен қолдануын құжаттау болды. Болашақ зерттеулерге негіз болатын бастапқы деректерді ұсынуды көздедік. Қазақстандағы STEM мұғалімдерінің қабылдаулары мен тәжірибелерін сипаттайтын зерттеулердегі олқылықтың орнын толтыруды мақсат еттік. Осы талқылау бөлімінде алынған нәтижелерге ықтимал түсіндірмелер ұсынып, олардың мұғалімдерді даярлау мен педагогикалық тәжірибеге ықпалын қарастырамыз, Қазақстандағы STEM оқытуды сипаттайтын эмпирикалық деректердегі олқылықтарды жоюға бағытталған болашақ зерттеулерге ұсыныстар жасаймыз. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің STEM білім беру зерттеулерінің өз тәжірибесіндегі маңыздылығына қатысты бейтарап ұстанымда екенін және өз педагогикалық таңдауларын зерттеулермен негіздейтінін көрсетті. Олар STEM білім беру зерттеулерін оқыту тәжірибесін ақпараттандыру үшін пайдаланатынын және тиімді мұғалім болу үшін зерттеулерден хабардар болып отыратынын мойындады. Алайда, өз таңдауларын зерттеулермен қорғау мен зерттеулерді тәжірибені жетілдіру үшін пайдалану арасында белгілі бір сәйкессіздік байқалды. мұғалімдер STEM білім беру зерттеуі ұғымын әртүрлі түсінуі мүмкін деп болжайды, бұл олардың зерттеулермен өзара әрекеттесуіне және оны қолдануына әсер етуі ықтимал. Мұғалімдер зерттеулерге негізделген тәжірибенің маңыздылығын түсініп, шешім қабылдау кезінде зерттеулерді қолдану қажет екенін мойындай отырып, кейбір шешімдерге ықпал ету мүмкіндігі шектеулі болуы да ықтимал. Осы нәтиженің салдары - мұғалімдердің STEM білім беру зерттеулерін қалай жинау және оны өз тәжірибесіне қалай

енгізу қажет деп ойлайтынын тереңірек түсіну қажеттігі. Бұл мәселе қазіргі зерттеулерде жеткілікті деңгейде қарастырылмаған.

Мұғалімдердің оқытуда білім беру зерттеулерін қолдануы. Қатысушылар STEM білім беру зерттеулерін оқушылардың оқуын жақсарту және оқытуға арналған жаңа идеялар табу үшін пайдалана алатынымен келіскен. Алайда олар білім беру зерттеулерін өздерінің оқытуға қатысты таңдауларын негіздеу үшін қолдануға қатысты бейтарап ұстаным білдірді. Бұл нәтижелер алдыңғы қорытындыларымызбен, мұғалімдердің STEM білім беру зерттеулерін қабылдауы мен оны іс жүзінде қолдануы арасында айырмашылық бар екенін білдіреді. Бұл жағдайдың ықтимал салдары мұғалімдердің дәлелдерге негізделмеген шешімдер қабылдауы, бұл өз кезегінде олардың тиімділігіне және оқушылардың оқу нәтижелеріне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мұғалімдердің дәлелдерге негізделген тәжірибелерді қалай ескеретінін және білім беру шешімдерін қабылдау кезінде нені дәлел ретінде қарастыратынын анықтау үшін қосымша зерттеулер қажет. Білім беру зерттеулерін пайдалану мәдениеті. Зерттеу нәтижелері қатысушылар арасында білім беру зерттеулерін бірлесе талқылау мен бөлісу мәдениетінің салыстырмалы түрде әлсіз екенін көрсетті. Бұл жағдай мұғалімдердің білім беру зерттеулерін жеке-дара қарастыруына әкелуі мүмкін, нәтижесінде зерттеулердің тәжірибеге қолданылуындағы артықшылықтар мен шектеулер толық ескерілмеуі ықтимал. Бұл білім беру зерттеулерін таңдаудың және оны тәжірибеге енгізудің жоғары дәрежеде дараланuына алып келуі мүмкін. Мұның ең маңызды салдары-зерттеулердің мұғалім тәжірибесіне және оқушылардың оқуына ықпалының төмен болуы. Осыған байланысты STEM білім беру зерттеулерін ұжымдық түрде талқылау мәдениетін шектейтін мәдени кедергілерді эмпирикалық тұрғыда зерттеу қажет. STEM білім беру зерттеулерін кедергі ретінде қабылдау. Қатысушылар білім беру зерттеулерін шығармашылық оқытуға шектеу қоятын және өздерінің дұрыс оқыту туралы түсініктерімен сәйкес келмейтін фактор ретінде қабылдауға бейім екенін көрсетті. Олар өз интуициясын зерттеуден артық бағыттаушы деп санамайтынын білдіргенімен, зерттеулердің икемділікті шектейтіні туралы бейтарап пікір ұстанды. Мұғалімдер зерттеулерді зерттеушілер көздеген ниеттен өзгеше түрде түсіндіруі немесе қарастыруы мүмкін деп болжаймыз. Олар инновациялық тәжірибелерді аз қамтитын, дәстүрлі бағыттағы зерттеулерге ғана назар аударуы ықтимал. Бұл нәтиже Dagenais және әріптестері (2012) сипаттаған жағдайларға ұқсас, яғни мұғалімдер зерттеулерді маңызсыз ғана емес, шығармашылықты шектейтін фактор ретінде қабылдап, одан бас тартуы мүмкін. Болашақ зерттеулер STEM білім беру зерттеулеріндегі инновация деңгейінің мұғалімдердің зерттеулерді өз тәжірибесіне сәйкес немесе қолдаушы ретінде қабылдауына қалай әсер ететінін зерттеуі тиіс. STEM білім беру зерттеулерін қолданудан бас тарту. Зерттеу нәтижелері қатысушылардың көпшілігі зерттеулердің өздері үшін құндылығы төмен екенін және зерттеу жобасын қалай жүргізу керектігі жөнінде білімі шектеулі екенін мойындағанын көрсетті. Олар зерттеулерге қолжетімділіктің шектеулілігі мен уақыттың жетіспеушілігін білім беру зерттеулерін елемеудің негіздемесі ретінде атады. Зерттеу жүргізу жолдарын білмейтінін көрсеткен қатысушылардың жоғары үлесі олардың білім

беру зерттеулері туралы білімі шектеулі екенін аңғартады. Бұл шектеулі білім зерттеулерді құнсыз немесе өз тәжірибесіне сәйкес емес деп бағалауға негіз болуы мүмкін. Білім беру зерттеулерін жүргізу жөніндегі білімнің жетіспеушілігі мұғалімдердің зерттеулерді іздеуге деген уәжіне және зерттеу нәтижелерін түсіндіруіне кері әсер етуі ықтимал. Болашақ зерттеулер үшін қызықты бағыт мұғалімдерді нақты білім беру зерттеу жобаларына тарту олардың зерттеулерді түсінуі мен қабылдауына қалай ықпал ететінін зерттеу. STEM білім беру зерттеулеріне қатысты мұғалім қабылдауларының қырлары. Зерттеу нәтижелері қосалқы шкалалар арасында бірнеше маңызды оң корреляцияны, бір теріс корреляцияны және бірқатар мәнді емес байланыстарды анықтады. Бұл нәтижелер STEM білім беру зерттеулеріне қатысты қабылдаулар мен оларға қатысу қырлары өзара байланысты немесе тәуелсіз болуы мүмкін екенін көрсетеді. Мектептегі STEM білім беру зерттеулерін қолдану мәдениетінің зерттеулермен белсенді өзара әрекеттесу және оларды оқытуда пайдалануымен байланысы мектеп мәдениетінің шешуші рөл атқаратынын аңғартады. STEM білім беру зерттеулерін кедергі ретінде қабылдау мен оны елемеу арасындағы байланыс мұғалімдер зерттеулерді кедергі деп санаса, оларды қолданудан бас тарту ықтималдығы жоғары екенін көрсетеді. Ауылдық мектептерде STEM білім беру зерттеулерін қолдануға институционалдық қолдаудың жоғары болуы бұл мектептерде дәлелдерге негізделген шешім қабылдау мен оқытуды жетілдіру үшін дәлелдерді пайдалану деңгейі жоғары болуы мүмкін екенін білдіреді. Болашақ зерттеулер үшін перспективалы бағыт мектептерде STEM білім беру зерттеулерін қабылдау және пайдалану мәдениетін қалай дамытуға болатынын және оның STEM оқыту мен оқуға ықпалын зерттеу.

Практикалық салдарлар . Зерттеу нәтижелері кәсіби даму бағдарламалары STEM білім беру зерттеулеріне қатысты мұғалімдердің әртүрлі көзқарастарын ескере отырып әзірленуі қажет екенін көрсетеді. Зерттеулермен таныстық деңгейі мен оларды қолданудағы сенімділігі әртүрлі мұғалімдерге бағытталған бейімделген оқыту бағдарламалары STEM тәсілдерін сыныпта тиімді енгізуге қолдау көрсете алады. зерттеу мұғалімдер арасында білім беру зерттеулерін пайдалану мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды. Білім беру органдары мен мекемелер мұғалімдердің зерттеу нәтижелерін меңгеруі мен қолдануын қолдау үшін ресурстар, оқыту және ынталандыру тетіктерін ұсына алады. Мұғалімдерді зерттеулерге негізделген стратегияларды оқытуда қолдануға ынталандыру қажет, себебі мұндай стратегиялар олардың кәсіби тиімділігін арттырып, оқушылардың оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Мектептер мен білім беру саясатын қалыптастырушылар мұны өзекті зерттеулердің қолжетімділігі мен таралуын қамтамасыз ету арқылы қолдай алады. Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық пен білім алмасуды ынталандыру да маңызды практикалық қадам бола алады. STEM білім беру зерттеулерін тиімді қолданып жүрген мұғалімдер әріптестеріне тәлімгер болып, өз тәжірибесімен бөлісу арқылы барлық педагогтарға пайда әкелетін кәсіби қауымдастық қалыптастыра алады. Соңында, саясаткерлер STEM білім беру зерттеулерінің нәтижелерін аймақтық немесе ұлттық деңгейде білім беру саясаты мен бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалана алады. Бұл саясаттар мен

рәсімдер STEM білім беру зерттеулерін таратуға ресурстар бөлуді, мұғалімдердің зерттеулерді түсіндіруі мен қолдануына бағытталған кәсіби дамуды қолдауды және оқу бағдарламаларына зерттеулерге негізделген тәсілдерді енгізуді қамтуы мүмкін. K-12 білім беру тәжірибесіне STEM білім беру зерттеулерін тұрақты түрде енгізудің әсерін қамтамасыз ету үшін үздіксіз мониторинг пен бағалау тетіктерін қалыптастыру қажет. Мұндай тетіктер енгізілген тәжірибелердің тиімділігін бағалауға, жетілдіру қажет тұстарды анықтауға және стратегияларды тиісті түрде түзетуге мүмкіндік береді.

Шектеулер мен айқындаулар. Алғашқы айқындау – қатысушылардың жауаптарын триангуляциялау мүмкіндігінің болмауы. Қатысушылардың жауаптарына талдау жүргізіп, олардың жауаптары STEM білім беру зерттеулеріне қатысты қабылдау мен қатысу туралы анықтамаларымыз бен күтілімдерімізге толық сәйкес келетінін тексере алмадық. Болашақ зерттеулер мұғалімдердің қабылдаулары мен тәжірибесін тереңірек түсіну үшін сұхбаттар, бақылаулар және оқу материалдарын талдау әдістерін қолдануы мүмкін. Екінші айқындауымыз - зерттеудің тек физика пәні мұғалімдеріне бағытталуы. Басқа пән мұғалімдерінің қабылдаулары мен тәжірибелері өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан болашақ зерттеулерде STEM пәндері бойынша әртүрлі мұғалімдерді қамту ұсынылады. Бірінші шектеу - қатысушылардың қандай STEM білім беру зерттеулеріне сүйенгенін және сол зерттеулерді өз тәжірибесінде қалай қолданғанын нақты білмеуіміз. Қатысушылар STEM білім беру зерттеулерін зерттеушілер сияқты түсінеді деп болжағанымызбен, жауаптар бұл болжамның әрдайым дәл болмауы мүмкін екенін көрсетті. Сондықтан болашақ зерттеулерде мұғалімдердің STEM білім беру зерттеулеріне берген анықтамалары мен оны қолдану жолдарын жинау қажет. Екінші шектеу - қатысушылардың STEM білім беру зерттеулеріне қолжетімділігі және қол жеткізе алмаған зерттеулер туралы ақпараттың болмауы. Ашық қолжетімді STEM білім беру зерттеулері көп болғанымен, ауылдық жерлерде интернетке қолжетімділіктің шектеулі болуы мүмкін. Болашақ зерттеулерде қатысушыларға бірдей STEM білім беру зерттеу материалдарын ұсыну арқылы қолжетімділік пен мазмұндағы бірізділікті қамтамасыз ету қажет.

Өлшемдік құрылым. Сауалнама бірнеше өлшемдерді қамтуы тиіс. Бақытқазы Т және Нұрғалиева Қ. (2024) зерттеуінде келесі өлшемдер қолданылды. STEM түсінігі мен хабардарлығы, STEM тәсілдерін қолдану тәжірибесі, STEM енгізудегі кедергілер мен қиындықтар, кәсіби даму қажеттіліктері мен мотивациясы [9, б. 8].

Сенімділік пен валидтілік. Сауалнаманың ішкі сәйкестігін тексеру үшін Cronbach’s alpha коэффициенті есептелуі керек ($\alpha \geq 0{,}70$ қанағаттанарлық деңгей). Мазмұндық валидтілікті қамтамасыз ету үшін сарапшылар пікірі алынуы және пилоттық тестілеу жүргізілуі тиіс [168, б. 166-181].

Сауалнаманың ғылыми негізділігін қамтамасыз ету мақсатында құралдың валидтілігі мен сенімділігін бағалау бойынша бірнеше кезеңдік процедура жүзеге асырылды. Біріншіден, мазмұндық валидтілік сарапшылар тобының қатысуымен тексерілді. Екіншіден, құрылымдық (конструктивті) валидтілік факторлық талдау әдісі арқылы расталды. Үшіншіден, сыртқы (критериалды) валидтілік

сауалнама нәтижелерін сыртқы деректермен салыстыру арқылы анықталды. Соңында, сенімділік – яғни шкалалардың ішкі үйлесімділігі (ішкі консистенттілік) бағаланды. Мазмұннан бастап статистикалық тексеріске дейінгі мұндай бірізді алгоритм сауалнаманың нақты параметрлерді өлшейтінін және қайталанатын (репродуктивті) нәтижелер беретінін дәлелдеуге мүмкіндік берді. Зерттеуде құрал ішіндегі триангуляция әдісін (within-method triangulation) қолдануға да ерекше назар аударылды. Респонденттердің жауаптарының валидтілігі мен логикалық сәйкестігін арттыру мақсатында, сауалнама құрылымына мағынасы ұқсас сұрақтар саналы түрде әртүрлі бөлімдерге орналастырылды. Бұл тәсіл тақырыптық жағынан жақын немесе қайталанатын сұрақтар бойынша жауаптарды салыстыруға және тұрақты қабылдау үлгілерін (паттерндерін) анықтауға мүмкіндік берді. Кәсіби қызметтегі қиындықтар мен дамуға кедергілер туралы сұрақтардың сауалнаманың басында және соңында орналасуы мұғалімдердің негізгі қиындықтары (материалдардың жетіспеушілігі, уақыт тапшылығы, цифрлық ресурстардың болмауы) бойынша қайталанатын пікірлерін бақылауға мүмкіндік берді және өзіндік бағалардың шынайылығын растады. Бұл әдістемелік тәсіл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін күшейтіп, кездейсоқ немесе үстірт жауаптарды анықтап, оларды есепке алмауға жағдай жасады.

Мазмұндық валидтілік (сарапшылардың контенттік талдауы). Сауалнаманы әзірлеу кезеңінде мазмұнға сараптамалық баға берілді. Педагогтердің кәсіби дамуы және зерттеу әдістемесі саласындағы 5 маманнан құралған топ сауалнаманың әр тармағын мазмұнның релеванттілігі, қамтудың толықтығы және тұжырымдардың анықтығы тұрғысынан талдады. Сарапшылар сұрақтарды келесі санаттарға жіктеді: «маңызды», «қалаулы, бірақ маңызды емес» немесе «артық». Осы бағалаулар негізінде мазмұндық валидтілік индекстері - CVI және әрбір тұжырым үшін валидтілік қатынасы коэффициенті (Лоуше әдісі бойынша CVR) есептелді. Лоуше әдісі бойынша валидтілік қатынасы коэффициентін (CVR) есептеу формуласы: CVR сарапшылар сауалнаманың элементін қаншалықты маңызды деп есептейтінін бағалау үшін қолданылады.

$$CVR = \frac{(n_e - N/2)}{(N/2)} \qquad (1)$$

мұндағы: n_e - элементті «маңызды» деп көрсеткен сарапшылар саны; N - сарапшылардың жалпы саны. CVR мәні -1 мен +1 аралығында өзгереді. Нөлден жоғары көрсеткіштер сарапшылардың сұрақтың маңыздылығы жөнінде келісетінін білдіреді. Әдетте, CVR ≥ 0,60 мәні (5-7 сарапшы үшін) қолайлы шекретінде қарастырылады. CVR мәні төмен сұрақтар түзетуді немесе алып тастауды қажет етеді. Мазмұндық валидтілік индексін (CVI) есептеу формуласы:

$$I\text{-}CVI = \frac{n_e}{N} \qquad (2)$$

мұнда: n_e – маңызды деп бағалаған сарапшылардың саны N – жалпы сарапшылар саны. I-CVI = 1,0 барлық сарапшылардың толық келісімін білдіреді. Сарапшылар саны 6 немесе одан көп болған жағдайда, I-CVI ≥ 0,78 деңгейі қабылданады. Бұл көрсеткішті қолдану сарапшылар арасында күмән тудыратын немесе пікір қайшылығына себеп болатын сұрақтарды алып тастауға мүмкіндік береді. Шкала бойынша жалпы орташа мәнді есептеу формуласы:

$$S\text{-}CVI_{Ave} = \frac{\sum I\text{-}CVI}{k} \qquad (3)$$

мұнда: ∑ I-CVI -сауалнамадағы әрбір тармаққа қатысты I-CVI индекстерінің жалпы қосындысы; k -сауалнама тармақтарының жалпы саны. Егер $S\text{-}CVI_{Ave} \geq 0,80$ болса, бүкіл шкаланың мазмұндық валидтілігі жақсы деп есептеледі. Бұл әдістеменің жекелеген элементтеріне емес, жалпы деңгейдегі сапасын растау үшін ерекше маңызды. CVR көрсеткішімен бірге бұл мән нәтижелік құралдың дәлелділігін арттыра түседі. Алынған коэффициенттер сауалнама тақырыптың барлық негізгі аспектілерін қамтитынын сандық түрде растауға мүмкіндік берді. 11-кестеде сауалнама сұрақтарының жекелей валидтілігін сарапшылар тарапынан бағалау мысалдары көрсетілген.

Кесте 11 – Сауалнама сұрақтарының жекелей валидтілігін сарапшылар тарапынан бағалау

Сауалнама сұрағы	CVI	CVR	Сарапшылардың шешімі
Кәсіби дамуда сіз қандай негізгі кедергілерге тап боласыз?	0,88	+0,6	Маңызды, сұрақты қалдыру
Өз пәніңіз немесе оқыту саласы бойынша бір жыл ішінде қанша біліктілікті арттыру курсынан өтесіз?	1,00	+1,0	Өзгеріссіз қалдыру
Сіз мамандығыңызды ауыстырғыңыз келе ме?	0,50	–0,2	Жою (мағынасы түсініксіз)

Ескерту: Кестеде сауалнаманың жекелеген тармақтарына сараптамалық баға беру мысалдары көрсетілген. CVI (мазмұнға сәйкестік индексі) және CVR (Лоше әдісі бойынша валидтілік коэффициенті) мәндері сұрақты сақтау, түзету немесе алып тастау туралы шешім қабылдау үшін қолданылады. Жоғары индекстері бар сұрақтар (>0,75) маңызды деп танылып, өзгеріссіз қалдырылды, ал төмен мәндерге ие тармақтар (CVR<0) зерттеудің мақсатына сәйкес келмегендіктен немесе әртүрлі түсіндірілу қаупі болғандықтан сауалнаманың соңғы нұсқасынан алынып тасталды. Сарапшылардың ұсыныстарына сәйкес

құралды түзету жөнінде хаттама әзірленді: мазмұны көмескі тұжырымдар қайта қаралды, екіұштылықтар жойылды және зерттеуге қатысы жоқ сұрақтар алынып тасталды. Нәтижесінде сауалнама құралы жоғары мазмұндық валидтілікке ие болып, ауылдық мұғалімдердің кәсіби қиындықтарының толық аясын көрсете алды.

Сауалнаманы пилоттық тестілеу. Негізгі деректерді жинау кезеңіне дейін сауалнама 30 респонденттен тұратын іріктемеде еңбек өтілі әртүрлі ауыл мұғалімдері арасында - пилоттық тестілеуден өтті. Пилоттаудың мақсаты – құралды кеңінен қолданбас бұрын оның ықтимал логикалық, лингвистикалық және техникалық кемшіліктерін анықтау болды. Пилоттық қатысушылар сауалнаманы толтырып, кейін когнитивтік сұхбаттар арқылы кері байланыс берді. Нәтижесінде бірқатар ықтимал мәселелер анықталып, түзетілді: сұрақтардың күрделі немесе екіұшты тұжырымдары, логикалық ауысулардағы (skip-logic) қателер, респонденттердің шаршауын тудыратын сауалнаманың шамадан тыс ұзақтығы. Пікірлер негізінде сауалнаманың құрылымы оңтайландырылды-мазмұны түсініксіз сұрақтар қайта құрастырылып, қайталанатын элементтер жойылды, нұсқаулар нақтыланды. сауалнаманы толтырудың орташа ұзақтығы нақтыланып, респонденттерге жүктеме түсірмеу мәселесі ескерілді. Мұндай пилоттық тестілеу құралдың құрылымдық айқындығы мен практикалық қолдануға жарамдылығын арттырды: негізгі сауалнама кезеңінде сұрақтар мұғалімдерге түсінікті болды, ал сауалнаманы толтыру үдерісі ыңғайлы әрі техникалық жағынан дұрыс өтті (қосымша Ә).

Сенімділік және ішкі келісімділік. Сапалы зерттеу әдістемесі үшін қолданылатын құралдың бірізді (қайталанатын) нәтижелер беруі маңызды. Сауалнаманың сенімділігін бағалау мақсатында әр шкала бойынша және жалпы сауалнама аясында Кронбах альфа (α) коэффициенті есептелді. Жалпы α көрсеткіші 0,74-ке тең болды, бұл деректердің ішкі келісімділігі қабылданарлық деңгейде екенін және зерттеу құралдары үшін кеңінен мойындалған 0,70 шегінен жоғары екенін білдіреді. Тақырыптық блоктар бойынша сенімділік жеке қарастырылды: шкалалардағы α мәндері шамамен 0,65 пен 0,90 аралығында болды.

Ең жоғары α көрсеткіші «Әкімшілік қолдау» шкаласында тіркелді (шамамен 0,90), бұл осы блоктағы сұрақтарға берілген жауаптардың өте жоғары келісімділігін көрсетеді. Ең төменгі α (~0,65) «Тәртіп пен қауіпсіздік» блогында байқалды, бұл қалыпты деңгейдегі ішкі келісімділікке сәйкес келеді. Мұндай мән бастапқы зерттеу кезеңі үшін жеткілікті, алайда бұл блоктағы сұрақтардың біртектілігіне назар аударуды қажет етеді. Қалған шкалалар 0,70-0,85 аралығында α көрсеткіштерін көрсетті, бұл олардың жоғары ішкі келісімділігін білдіреді. Ал α мәні 0,60 шекті деңгейінен төмен болған жағдайларда тиісті сұрақтар қайта өңделді немесе сауалнаманың соңғы нұсқасынан алынып тасталды. Осылайша, сауалнама құралының қажетті сенімділігі қамтамасыз етілді: ұқсас респонденттер топтары ұқсас жауаптар береді, ал пікірлердегі айырмашылықтар сауалнаманың кемшіліктерінен емес, нақты тәжірибедегі шынайы ерекшеліктерден туындайды.(13-сурет)

Құрал қайталанатын нәтижелер беруге қабілетті және педагогтердің кәсіби дамуының негізгі сипаттарын сенімді түрде өлшей алады. Сауалнама құралының валидтілігі мен сенімділігін кешенді тексеру нәтижесінде дайындалған сауалнама шынайы мәліметтер жинауға қажетті сапаға ие екені анықталды. Мазмұндық сараптама сұрақтардың зерттеу тақырыбына сәйкестігін растады; факторлық талдау шкалалар құрылымының қисындылығын дәлелдеді; сыртқы валидтілік нәтижелердің жалпы үрдістермен сәйкестігін көрсетті; ал сенімділік - алынған деректердің қайталанбалылығын қамтамасыз етті. Осы шаралардың барлығы зерттеу барысында жасалған тұжырымдар мен ұсыныстардың әдістемелік тұрғыдан негізделгенін көрсетеді. Құралды бірнеше кезең бойынша валидациялау тәсілі ғылыми-педагогикалық зерттеулерге қойылатын жоғары талаптарға сай келеді және сауалнаманы мұғалімдерінің кәсіби дамуын талдауда сенімді түрде пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет 13 – Сауалнаманың валидтілігін тексеру және арттыру кезеңдері

Ескерту: Сызбада сауалнаманы валидтеуден өткізу процедураларының реттілігі көрсетілген. Әрбір кезеңде (сараптамалық бағалау, пилоттық тестілеу, EFA, CFA, сыртқы корреляциялық тексеру, α коэффициентін есептеу) құрал

жетілдіріліп отырды: сұрақтар қайта қаралды, шкалалардың құрылымы нақтыланды, әлсіз элементтер алынып тасталды. Нәтижесінде сенімді әрі валидті зерттеу құралы қалыптасты. *Нәтижелерді түсіндіру:* 12-кестеден байқауға болады, сауалнаманың тақырыптық блоктарының көбісі жоғары сенімділік көрсетіп отыр. Төрт шкала бойынша Кронбах α коэффициенті 0,70–0,90 аралығында орналасқан, бұл жауаптардың ішкі келісімділігі жеткіліктіден өте жоғары деңгейге дейін екенін білдіреді. Ең жоғары α мәні (0,90) мұғалімдерге әкімшілік қолдау көрсету бөлімі бойынша тіркеліп, бұл сұрақтар блогындағы жауаптардың ерекше тұрақтылығын көрсетеді. Ал тәртіпке қатысты блоктағы салыстырмалы түрде төмен α (0,65) әлі де қабылдауға болатындай, атар, сұрақтардың әртектілігі немесе респонденттердің оларды қабылдауындағы айырмашылықтар бар екенін көрсетуі мүмкін. Жалпы алғанда, сауалнаманың ішкі сенімділігі зерттеу мақсаттарына сәйкес қанағаттанарлық деп бағаланады:

Кесте 12 – Сауалнама шкалаларының ішкі келісімділігі (α Кронбах коэффициенті)

Шкалалар тобы	Сұрақтар саны	α Кронбах коэффициенті
STEM зерттеулерінен хабардарлық және білім деңгейі	11	≈ 0,85 (жоғары деңгей) (жоғары деңгей)
STEM зерттеулерін тәжірибеде қолдану	6	≈0,70 (жеткілікті деңгей)
STEM зерттеулеріне қолжетімділік және уақыт	6	≈ 0,80 (жоғары деңгей)
STEM зерттеулеріне қатысты кедергілер мен скептицизм	6	≈ 0,65 (орташа деңгей)
STEM зерттеулеріне институционалдық қолдау	8	≈0,90 (өте жоғары деңгей)

Сұхбат әдістемесі. Жартылай құрылымдалған Сұхбат (semi-structured interview) сауалнамадан алынған сандық деректерді тереңдету және мұғалімдердің жеке тәжірибелерін, көзқарастарын және қиындықтарын егжей-тегжейлі түсіну үшін қолданылады [177].

Сұхбат сұрақтарының логикасы. Сұхбат сұрақтары воронка принципі бойынша құрылады: жалпы сұрақтардан нақты тәжірибелік жағдайларға қарай. Мысалы, жалпы сұрақтар «STEM білім беру туралы не білесіз?». Тәжірибелік сұрақтар «Сіз сабақтарыңызда STEM элементтерін қолданған жағдайлар болды ма?». Қиындықтар туралы «STEM тәсілдерін қолдану кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?». Қажеттіліктер туралы «STEM-ді тиімді қолдану үшін сізге қандай қолдау қажет?» . Деректерді сапалық талдау. Сұхбат деректерін талдау үшін тақырыптық талдау (thematic analysis) әдісі қолданылады [178]. Бұл әдіс келесі кезеңдерден тұрады. Транскрипцияны бірнеше рет оқу және алғашқы идеяларды белгілеу. Бастапқы кодтарды генерациялау. Кодтарды

тақырыптарға біріктіру. Тақырыптарды қайта қарау және нақтылау. Тақырыптарды анықтау және атау. Есепті жазу

Сауалнама нәтижелерін талдау. Қазақстандағы физика мұғалімдерінің STEM құзыреттілігін зерттеу мақсатында 2023-2024 оқу жылында Алматы қаласы мен облысындағы 164 мұғалім арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта ұйымдастырылды. Бұл сауалнама жеті мұғаліммен апробация жасалды. Апробация барысында біраз өзгерістер енгізілді. Сауалнама екі бөлім жиырма сұрақтан тұрады. Сауалнаманы Алматы қаласы және Алматы обылысы мектебтерінің барлығы 164 мектеп мұғалімдері толтырды. Жалпы үлгінің ішінен 136 мұғалім (82,9%) әйел, 28 мұғалім (17,1%) ер мғалім екенін анықталды. Оған тек физика пән мұғалімдері қатысты. Қатысушылардың демографиялық сипаттамалары 13-кестеде келтірілген.

Кесте 13 – Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің демографиялық сипаттамалары

Көрсеткіш	Санат	Саны	Пайызы
Жынысы	Әйел	115	70%
	Ер	49	30%
Мектеп түрі	Мемлекеттік мектеп	134	81,7%
	Лицей	14	8,5%
	Гимназия	16	9,8%
Орналасқан жері	Қалалық	102	62,2%
	Ауылдық	50	30,5%
	Қала маңы	12	7,3%
Педагогикалық тәжірибе	0-5 жыл	42	25,6%
	6-10 жыл	51	31,1%
	11-20 жыл	48	29,3%
	20+ жыл	23	14,0%


STEM білім беру туралы білім деңгейі. Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің STEM білім беру туралы білім деңгейінің төмендігін көрсетті (14-сурет): - 104 мұғалім (63,4%) – шамалы білім - 46 мұғалім (28,0%) – білімі жоқ - 14 мұғалім (8,5%) – сарапшы деңгейінде білім Бұл деректер физика мұғалімдерінің тек 8,5%-ы ғана STEM білім беруді жеткілікті деңгейде меңгергенін көрсетеді, бұл біліктілік арттыру курстарының өзектілігін растайды. Осы сауалнама арқылы алда физика пәнін оқытуда STEM пәндерін кіріктіру бойынша мектеп мұғалімдерінің құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін анықтай отырып, біліктілікті арттыру курсы дайындау күтілуде.

Зерттеу құралдары мен процедуралары. Зерттеу деректері ашық сұрақтар сауалнамасы арқылы және келесі жолдармен жиналды. Сауалнамада ашық сұрақтар арқылы жаратылыстану ғылымдарының оқытушыларына өз пікірлерімен бөлісу ұсынылды. STEM білім беру жүйесінде мұғалімдер қолданатын ұғымдар мен қолдану тәжірибелері: " STEM білім беру саласындағы біліміңізді бағалаңыз? STEM білім беру бойынша сізде қандай біліктілік жетіспейді? STEM білім беру бойынша біліктілік арттыру курсы ұсынылса сіз қандай форматта қатысар едіңіз?" Сауалнама сұрақтарына талдау жасайтын болсақ. 14- кестеде көрсетілгендей жалпы 20 сұрақтан тұрады.

Кесте 14 – Сауалнама сұрақтары.

1. Сіздің жасыңыз нешеде?	11. STEM білім беру саласындағы біліміңізді бағалаңыз:
2. Сіздің жынысыңыз?	12. STEM білім беруді оқытуға дайынсыз ба?
3. Мұғалім ретінде еңбек өтіліңіз (жұмыс тәжірибеңіз)	13. STEM білім беру бойынша дайын элективті курс бағдарламаларыңыз бар ма?
4. Сіздің педагогикалық санатыңыз?	14. STEM білім беруге көшу инновациялық үдеріс деп ойлайсыз ба?
5. Жұмыс істейтін мектебіңіз:	15. STEM білім беру саласында қандай біліктіліктер (дағдылар) сізге жетіспейді?
6. Жұмыс істейтін білім беру ұйымының атауы:	16. Болашақта оқушыларға мамандық таңдауға бағыт беру үшін білім беру үдерісінде қандай құзыреттер қалыптасуы керек деп ойлайсыз?
7. Сіздің білім деңгейіңіз қандай?	17. Осы таңдауды қалыптастыру үшін сізге қандай құзырет жетіспейді?
8. Қай сыныптарға сабақ бересіз? (Сабақ беретін барлық сыныптарды белгілеңіз)	18. STEM білім беру бойынша біліктілікті арттыру курсын қай форматта өтуді қалар едіңіз?
9. Физиканы оқытуда сіз үшін ең қиын бөлігі қайсы? (Егер физика пәнін оқытсаңыз)	19. STEM білім беру бойынша біліктілікті арттыру курсы қанша сағат болғанын қалайсыз?
10. 9-сұрақтағы мәселені шешу үшін қай бағытта біліктілігіңізді арттыру қажет деп ойлайсыз?	20. Мұғалімді STEM білім беру сабағына табысты енгізу үшін қандай көмек қажет деп ойлайсыз?

Төменде осы сұрақтарға алынған жауаптар бойынша сұрақтар арасындағы байланыс салыстырмалы талдау жасалып, әр жауап сандық мәнмен көрсетілген. Алғашқы сұрақ бойынша мұғалімдердің жас ерекшелігі сипатталған. Зерттеу барысында сауалнама сұрақтарын бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасалды. Бұл салыстырулар арқылы STEM білім беру бойынша білім деңгейлері анықталды. Осыған қарай, мұғалімдердің STEM білім берумен жалпы таныстығы таяз екендігіне, арнайы оқу материалдары немесе таныстыру жұмыстары жүргізілуі керек екендігі айқын байқалады (14-сурет).



Сурет 14 – Жас ерекшелігін сипаттайтын сұрақтарға алынған жауаптар

11-Сұрақ пен 2-10 сұрақты талданды. Осы талдау нәтижесі арқылы курс қажеттілігі бар екенін көре аламыз. 11-Сұрақ пен 2-сұрақты талдау Кесте -15 көрсетілген**.** 2. Сіздің жынысыңыз қандай? 1. Ер 2. Әйел 11. STEM білім беру саласындағы біліміңізді бағалаңыз:Жауаптары: 1. Аздап хабарым бар. 2. Білім жоқ 3. Сараптамалық Білім

Кесте 15 – 11-Сұрақ пен 2-сұрақты талдау кестесі

1)	19	ер адам	Аздап хабарым бар
2)	6	ер адам	Білім жоқ
3)	3	ер адам	Сараптамалық Білім
4)	85	Әйел адам	Аздап хабарым бар
5)	40	Әйел адам	Білім жоқ
6)	11	Әйел адам	Сараптамалық Білім

11-Сұрақ пен 3-сұрақты талдау Кесте -16 де көрсетілген. 3.Сіздің мұғалім ретіндегі еңбек өтіліңіз:1. 1-2 жыл 2. 3-5 жыл 3. 6-10 жыл 4. 11-14 жыл 5. 15 жылдан жоғары**.** 11. STEM білім беру саласындағы біліміңізді бағалаңыз: Жауаптары: 1. Аздап хабарым бар 2. Білім жоқ 3. Сараптамалық Білім. Жалпы:164 адам. Оның 16-сы 1-2 жыл. 24-і 3-5 жыл, 33-ы 6-10 жыл, 35-ы 11-14 жыл,58-і 15 жылдан жоғары.

Кесте 16 – 11-Сұрақ пен 3-сұрақты талдау кестесі

1)	1-2 жыл	Аздап хабарым бар	14
2)	1-2 жыл	Білім жоқ	4
3)	1-2 жыл	Сараптамалық Білім	1
4)	3-5 жыл	Аздап хабарым бар	15
5)	3-5 жыл	Білім жоқ	8
6)	3-5 жыл	Сараптамалық Білім	2
7)	6-10 жыл	Аздап хабарым бар	22
8)	6-10 жыл	Білім жоқ	10
9)	6-10 жыл	Сараптамалық Білім	1
10)	11-14 жыл	Аздап хабарым бар	14
11)	11-14 жыл	Білім жоқ	10
12)	11-14 жыл	Сараптамалық Білім	1
13)	15 жылдан жоғары	Аздап хабарым бар	35
14)	15 жылдан жоғары	Білім жоқ	14
15)	15 жылдан жоғары	Сараптамалық Білім	9

11-Сұрақ пен 4-сұрақты талдау Кесте -17 көрсетілген**.** 4. Педагогикалық санатыңыз?1. Педагог 2. Педагог-модератор 3. Педагог- сарапшы 4. Педагог-зерттеуші 5. Педагог- шебер**.** 11. STEM білім беру саласындағы біліміңізді бағалаңыз: Жауаптары: 1. Аздап хабарым бар 2. Білім жоқ 3. Сараптамалық Білім. Жалпы:164 адам, оның 46 – педагог. 43 – педагог-модератор, 38 – педагог-сарапшы, 34 – педагог- зерттеуші,3 – педагог- шебер.

Кесте 17 - 11-Сұрақ пен 4-сұрақты талдау кестесі

1)	31	Педагог	Аздап хабарым бар
2)	13	Педагог	Білім жоқ
3)	2	4) Педагог	Сараптамалық Білім
5)	32	6) Педагог-модератор	Аздап хабарым бар
7)	8	8) Педагог-модератор	Білім жоқ
9)	3	10) Педагог-модератор 11) Білім	Сараптамалық Білім
12)	18	13) Педагог- сарапшы 14) бар	Аздап хабарым бар
15)	17	16) Педагог- сарапшы	Білім жоқ
17)	3	18) Педагог- сарапшы 19) Білім	Сараптамалық Білім
20)	21	21) Педагог- зерттеуші 22) бар	Аздап хабарым бар
23)	8	24) Педагог- зерттеуші	Білім жоқ
25)	5	26) Педагог- зерттеуші 27) Білім	Сараптамалық Білім
28)	2	29) Педагог- шебер	Аздап хабарым бар
30)	0	31) Педагог- шебер	Білім жоқ
32)	1	33) Педагог- шебер 34) Білім	Сараптамалық Білім

Талдау мектеп түріне байланысты STEM білімінің деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көрсетті (χ^2=12,34, p<0,05) – гимназия мұғалімдерінің 17,6%-ы сарапшы деңгейінде білімге ие. Лицей мұғалімдерінің 85,7%-ы шамалы білімге ие. Мемлекеттік мектеп мұғалімдерінің 29,9%-ында білім жоқ. Кәсіби даму қажеттіліктері. Мұғалімдерден STEM-ді тиімді енгізу үшін қандай қолдау қажет екенін сұрағанда, келесі жауаптар алынды (18-кесте).

Кесте 18 – Мұғалімдердің кәсіби даму қажеттіліктері

Қажеттілік түрі	Саны	Пайызы
Арнайы біліктілік арттыру курстары	72	43,9%
Тәжірибе алмасу мүмкіндіктері	44	26,8%
Сыныпаралық зертханалар мен жабдықтар	33	20,1%
Жоғары оқу орындарымен байланыс	11	6,7%
Тиісті оқу бағдарламалары мен материалдар	4	2,4%

Осы нәтижелер арнайы біліктілік арттыру курстарына деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді (43,9%), бұл курс әзірлеудің негізгі бағытын анықтайды.

Сұхбат нәтижелерін интерпретациялау. Сауалнамадан кейін 20 мұғаліммен жартылай құрылымдалған Сұхбат жүргізілді. Сұхбат қатысушылары әртүрлі мектеп түрлері мен педагогикалық тәжірибе деңгейлерін қамту үшін мақсатты түрде таңдалды. Сұхбат деректерін тақырыптық талдау нәтижесінде төрт негізгі тақырып анықталды. Тақырып 1: STEM-ге деген қызығушылық, бірақ түсініктің жетіспеушілігі. Мұғалімдердің көпшілігі STEM білім берудің маңыздылығын мойындағанымен, оның нақты қандай екендігі туралы нақты

түсінік жоқ екенін айтты: «STEM туралы көп естідім, бірақ оны физика сабағында нақты қалай қолдану керектігі түсініксіз. Бұл тек технология ма, әлде жоба жұмысы ма?» (Қатысушы 7, педагогикалық тәжірибе 12 жыл). Тақырып 2: Ресурстар мен жабдықтардың жетіспеушілігі. Көптеген мұғалімдер, әсіресе ауылдық мектептерде жұмыс істейтіндер, STEM сабақтарын жүргізу үшін қажетті материалдық-техникалық базаның жоқтығын атап өтті: «STEM-ді қолданғымыз келеді, бірақ мектепте қажетті жабдықтар жоқ. Робототехника жинақтары, сенсорлар, компьютерлер жетіспейді» (Қатысушы 14, ауылдық мектеп). Тақырып 3: Әдістемелік қолдаудың қажеттілігі. Мұғалімдер STEM тәсілдерін қолдану бойынша нақты әдістемелік нұсқаулықтар мен дайын сабақ жоспарларының қажеттілігін атап өтті: «Теория түсінікті, бірақ практикада қалай іске асыру керектігі белгісіз. Нақты мысалдар, дайын сабақ жоспарлары, бағалау критерийлері қажет» (Қатысушы 3, гимназия). Тақырып 4: Уақыт тапшылығы мен оқу бағдарламасының шектеулігі. Көптеген мұғалімдер қолданыстағы оқу бағдарламасының тығыздығы мен STEM жобаларға уақыт бөлудің қиындығын атап өтті: «Оқу бағдарламасы өте қысылған, барлық тақырыптарды өту керек. STEM жобаларға қосымша уақыт қайдан табамыз?» (Қатысушы 11, педагогикалық тәжірибе 18 жыл). Анықталған кәсіби қажеттіліктер және олардың курсты жобалауға әсері. Сауалнама мен Сұхбат нәтижелерін жинақтай келе, физика мұғалімдерінің STEM элементтерін меңгеруге кәсіби қажеттіліктері келесі бағыттарда анықталды: 1. Білімдік қажеттіліктер: STEM білім берудің теориялық негіздері мен принциптерін түсіну; Физика пәнінде STEM интеграцияның мүмкіндіктері мен тәсілдерін меңгеру; Пәнаралық байланыстарды орнату әдістерін білу. 2. Әдістемелік қажеттіліктер: STEM сабақтарын жоспарлау мен ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру; Жобалық оқыту мен проблемалық оқыту әдістерін қолдану; STEM тапсырмаларын әзірлеу және бағалау критерийлерін жасау. 3. Практикалық қажеттіліктер: Қолжетімді ресурстармен STEM жобаларын іске асыру тәжірибесін жинақтау; Цифрлық құралдар мен виртуалды зертханаларды пайдалану дағдыларын меңгеру; Тәжірибе алмасу және үздік практикаларды бөлісу мүмкіндіктері. 4. Қолдау қажеттіліктері: Әдістемелік материалдар мен дайын сабақ жоспарларына қол жеткізу; Сарапшылармен кеңес алу және тәлімгерлік қолдау; Кәсіби оқу қауымдастықтарына қатысу.

Осы анықталған қажеттіліктер «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» біліктілік арттыру курсының мақсаттары, міндеттері, құрылымы мен мазмұнын қалыптастырудың негізі болды. Курс мұғалімдердің нақты кәсіби қажеттіліктеріне жауап беретін, практикаға бағдарланған және қолжетімді ресурстарға негізделген болуы тиіс.

2.2 Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған біліктілік арттыру курсының құрылымы мен мазмұны

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі ұғымы (физика + STEM контексінде). Мұғалімдердің STEM білім беруге деген көзқарасын және STEM сабақтарын табысты өткізу үшін қажетті шарттарды анықтау маңызды. STEM оқыту мұғалімнен дәстүрлі сабақ беруден зерттеуге жетелейтін қолдаушы рөлге

ауысуды талап етеді, өйткені ол пәнаралық байланысқа, проблемалық және жобалық оқыту әдістеріне негізделеді. STEM білім берудің тиімділігі мұғалім қолданатын стратегиялар мен тәсілдердің сапасына байланысты, ал сабақты алдын ала жоспарлау бұл технологияны практикалық модельге айналдырып, сабақтың жүйелілігін қамтамасыз етеді [166, б.2]. STEM енгізу мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін жаңартып, дәріске негізделген оқытудан дәлелді, жобаға және мәселеге бағытталған тәсілдерге көшуді талап етеді [2, б.9]. Зерттеудің мақсаты – физика мұғалімдерінің STEM білім беруге көзқарасы мен қажеттіліктерін анықтау. Осы мақсатта Алматы қаласы мен Алматы облысындағы 164 мұғалімнен сауалнама алынып, ыңғайлы іріктеу әдісі қолданылды, себебі ол уақыт жағынан тиімді және бастапқы зерттеулерге қолайлы . Сауалнама бастапқыда 25 сұрақтан тұрды, пилоттық талқылаудан кейін мақсатқа сай келмейтін бес сұрақ алынып тасталып, қалған 20 сұрақ негізгі қатысушыларға таратылды. Бірінші бөлім мұғалімдердің сипаттамалық мәліметтерін, ал екінші бөлім олардың STEM туралы түсінігі мен оны қолдану тәжірибесін қамтыды. Деректерді Жинауда «Өрлеу» БАҰО АҚ орталығындағы курс тыңдаушыларына сұрақтар бойынша алдын ала түсіндіру жұмысы жүргізілді. Сауалнама Google Forms онлайн платформасында құрастырылғандықтан, сілтеме электрондық пошта, ватсап арқылы мғалімдерге жіберілді. Мұғалімдер ұялы телефондары мен дербес компьютерлерін пайдаланды. Сауалнама басында барлық мұғалімдерге сауалнама ерікті түрде жүргізілетіні Себептік-салыстырмалы талдау нәтижесін алу үшін жоғарыда аталыған төрт сұрағымыздағы жауаптарды аламыз. Таңдалған ақпаратты JAMOVI да пайыздық деңгейде көрсетілген нәтижелер аламыз**.** Бұл зерттеуде физика мұғалімдерінің STEM біліміне қатысты көзқарасы мен талаптарын қарастырдық, STEM білімі бойынша біліктілікті арттыру курстарына сұранысы бар екені анықталды. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің едәуір көп бөлігі STEM білімін тиімді жүзеге асыруды жеңілдетуге және мектептерде STEM бастамаларын ұйымдастыруға бағытталған жоғары сапалы біліктілікті арттыру бағдарламаларының маңыздылығын мойындайтынын көрсетеді.STEM біліктілігін арттыру бағдарламасы мұғалімдердің STEM интеграциясы туралы түсініктерін растап қана қоймай, байыта түседі. Қатысушылар бағдарлама әртүрлі пәндер бойынша оқыту тәжірибесінде STEM интеграциясын пайдалану үшін кеңейтілген мүмкіндіктер мен байланыстарды қамтамасыз етеді деген сенімдерін білдірді. STEM білім беру бойынша хабардар болғанымен әліде қолданысқа ие болмағанын көре аламыз, нәтижелер мұғалімдердің STEM интеграциясын олардың қолдану деңгейіне сәйкес келетіндей етіп енгізуге бейім бағларламалар керек екенін көрсетеді, бұл олардың STEM интеграциясының құндылығы мен мақсатына деген сенімдеріне қатты әсер етеді.

*Бағдарлама мыналарды ескере отырып әзірленген:*Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын , Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы

Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. №365 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы, 2022). №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйекте гі №399 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022 ж. №467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы №581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

Оқу материалдарын және практикалық жаттығуларды жинақтау Курсты құрастыру үшін сауалнама жауабы негізінде көрсеткіштік талдау жасалды. Нәтиже төмендегі кестеде келтірілген (19 және 20-кестелер). Осы саралау негізінде келесідей нәтиже алынды: Курс үш модульге жіктелді.STEM Кіріспе, тарихы, метадология. STEM Оқытуды Жоспарлау, курс дизайн, ҚМЖ, Факультатив жоспарын құру. STEM box, activity, ресурстар. Толығырақ мазмұндық құрылымы кестеде келтірілген. *Курстың практикалық маңыздылығы.* STEM бұл инженерлік ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдары жеке емес, біртұтас ғылымды құрайтын білім берудегі пәнаралық тәсіл. Осылайша, STEM-ді оқыту процесінде қолданатын мұғалім мен оқушының пәнаралық байланыстарды көру және оларды инженерлік әзірлемелер мен инновацияларды дамыту үшін қолдану дағдыларын қалыптастырады. Бұл олардың тәжірибеге бағытталған құзыреттерін арттырады. Осылайша, оқушылар болашақ мамандандыруды таңдауға мағыналы келеді. Жоспарланған жұмыстардың әлеуметтік-экономикалық әсері алынған нәтижелер негізінде STEM-ді білім беру процесіне өнімді енгізетін мұғалімдердің дайындалуымен анықталады, бұл талапкерлердің инженерлік ойлауға деген қызығушылығын тудырады және болашақта бұл еңбек нарығында жоғары білікті кадрлар түрінде оң әлеуметтік-экономикалық әсер етуі мүмкін. Пәнаралық интеграцияны

күшейту: STEM тәсілдері арқылы пәндер арасындағы байланысты нығайтып, оқушылардың танымдық қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

Кесте 19 – Сауалнама жауабы негізінде көрсеткіштік талдау

Сауалнамадағы сұрақ	**Жауабы**	**Жауап беруші саны**	**Пайыздық көрсеткіш**	
8. Сіз қандай сыныптарды оқытасыз? (Оқытатын барлық сыныпты басыңыз)	9	142	86,6%	2,3
	8	140	85,4%	
	7	135	82,3%	
	10	125	76,2%	
	11	112	68,3%	
9.Физика пәнін оқытуда сізге қай бөлім қиындық туғызады? (Егер физика пәнінен сабақ берсеңіз)	Астрономия	80	49.1%	2,3
	Ядролық және атомдық физика	61	37.4%	
	Оптика	51	31.3%	
	толқындарГидростатика және гидродин	46	28.2%	
10.9- сұрақтағы қиындықты шешу үшін сізге қай жағынан жетілдіру керек?	виртуалды зертхана	48	29.4%	2,3
	жобалық оқыту әдісі	37	22.7%	
	Қолданысқа ие тапсырмалар әзірлеу	29	17.8%	
	Академиялық білім	19	11.7%	
	Пәнаралық байланысты күшейту	9	5.5%	
11. STEM білім беру саласындағы біліміңізді бағалаңыз:	Аздап хабарым бар	104	63.4%	1
	Білім жоқ	46	28%	
	Сараптамалық Білім	14	8.5%	
15. STEM білім беру бойынша сізде қандай біліктілік жетіспейді?	STEM білім беру бойынша мектептеұйымдастыру (time management	82	50%	1,3
	Метадологиялық (STEM білім берудеген не? ол не үшін керек?)	40	24.4%	
	Жаратылыстану ғылымында жаңағылыми жаңалықтар жайлы ақпарат	38	23.2%	
16. Болашақта сіздің оқушыларыңыздың мамандық таңдауда бағыт беру үшін оқу үрдісінде қандай құзыреттілік қалыптастыру керек деп ойлайсыз?	Практикалық бейінді.	84	51.2%	1,2,3
	Оқу және ақпараттық.	59	36%	
	Критикалық ойлау	53	32.3%	
	Математикалық сауаттылық	44	26.8%	2,3
	Тұлғалық қалыптасу	42	25.6%	
	Коммуникативтік	23	14%	
	Әлеуметтік және еңбек.	17	10.4%	
17. Сіз таңдаған осы қабылетті қалыптастыру үшін сізде қандай құзыреттілік жетіспейді	Критикалық ойлау	52	31.7%	2
	Өмір бойы үйрену қабілет	47	28.7%	
	Ұйымдастырушылық	41	37%	
	Көшбасшылық	32	25%	
	Коммуникативтік.	72	28.7%	
	Біліктілікті арттыру курстары	44	22.6%	
	STEM білім берушеңберінде сабақөткізу тәжірибесін тарату	33	43.9%	
20. Сіздің ойыңызша мұғалімді STEM білім беру бойынша сабаққа сәтті қосу үшін оған қандай көмек қажет деп ойлайсыз?	Сыныптар дыматериалдық-техникалық қамтамасыз ету	11	26.8%	
	Ынтымақтастық үшін ЖОО-менбайланыс	9	20.1%	1.2.3
	ОӘК/УМК	4	6.7%	

Кесте 20 - Сауалнама жауабы негізінде көрсеткіштік талдау

Болжамды бөлім	**Сұрақ №**	**Сұрақтың мазмұны**	**Негізгі көрсеткіштер**	**Басым қажеттілік**
1-БӨЛІМ STEM кіріспе,тарихы,метадология	11	STEM білім беру саласындағы білім деңгейі	• Білім жоқ: 28,0%• Аздап хабарым бар: 63,4%• Сараптамалық: 8,5%	91.4% мұғалімде жеткілікті білім жоқ
1, 3-БӨЛІМ Метадология +Ресурстар	15	STEM бойынша жетіспейтін біліктіліктер	• STEM ұйымдастыру: 50,0%• Метадология: 24,4%• Ғылыми жаңалықтар: 23,2%	Ұйымдастыру және теориялық база
2-БӨЛІМ Оқытуды жоспарлау,курс дизайн,ҚМЖ,Факультатив	17	Мұғалімге жетіспейтін құзыреттіліктер	• Критикалық ойлау: 31,7%• Өмір бойы үйрену: 28,7%• Ұйымдастыру: 25,0%• Көшбасшылық: 22,6%	Әдістемелік дағдылар жетіспейді
2, 3-БӨЛІМ Жоспарлау +Практикалықресурстар	8	Қандай сыныптарды оқытасыз?	• 9-сынып: 86,6%• 8-сынып: 85,4%• 7-сынып: 82,3%• 10-сынып: 76,2%	7-9 сыныптарға фокус
2, 3-БӨЛІМ Жоспарлау +Практикалықресурстар	9	Физика пәнінде қиындық туғызатын бөлімдер	• Астрономия: 49,1%• Ядролық физика: 37,4%• Оптика: 31,3%• Толқындар: 28,2%	Астрономия – ең қиын
2, 3-БӨЛІМ Жоспарлау +Практикалықресурстар	10	Қиындықты шешу үшін жетілдіру бағыттары	• Виртуалды зертхана: 29,4%• Жобалық оқыту: 22,7%• Қолданыс тапсырмалар: 17,8%	Цифрлық құралдар және әдістер
2, 3-БӨЛІМ Жоспарлау +Практикалықресурстар	16	Оқушыларда қалыптастыру керек құзыреттіліктер	• Практикалық бейінді: 51,2%• Оқу-ақпараттық: 36,0%• Критикалық ойлау: 32,3%	Практика – басты мақсат
1, 2, 3-БӨЛІМ Барлық бөлімдер	20	STEM сабаққа сәтті қосу үшін қажетті көмек	• Біліктілік арттыру: 43,9%• Тәжірибе тарату: 26,8%• Материалдық база: 20,1%	Кешенді біліктілік арттыру

Курс міндеттері: STEM білім беру концепциясын, тарихын және негізгі ұғымдарын түсіндіру. Физика пәні аясында STEM оқыту арқылы пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру. Физика сабағын жоспарлауда STEM-ге тән жобалық тәсілдер мен құрылымдарды енгізу жолдарын үйрету. Қатысушыларға STEM box құру және оны ресурстармен толтыру тәжірибесін меңгерту. Оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар мен факультативтік курстарды әзірлеу әдістерін қарастыру. Қатысушылардың STEM жобаларын әзірлеп, көпшілікке ұсыну және қорғау қабілеттерін дамыту (21-кесте).

Кесте 21 – Курс мазмұны

Модуль 1. STEM білім беру негіздері	1.1. Нормативті құжаттар 1.2. STEM: Тарихы мен дамуы. 1.3. STEM білім беру жүйесінің принциптері. 1.4. АҚШ-та STEM-ді оқыту тәжірибесі. 1.5. Қазақстандағы STEM интеграциясы: Мүмкіндіктер мен шектеулер. 1.6. STEM оқыту метадологиясы: Сыни және шығармашылық ойлау.
Модуль 2. STEM оқытуды жоспарлау	2.1. STEM оқытуды жоспарлаудың негізгі қағидалары. 2.2. Физика сабақтарында STEM тәсілдерін қолдану жолдары. 2.3. Сабаққа арналған жобалық жоспарды әзірлеу. 2.4. Әртүрлі сынып деңгейіне арналған STEM сабақтарының ерекшеліктері. 2.5. Деректерді жинау және талдау әдістері. 2.6 Рефлексия
Модуль 3. STEM box және ресурстар. Жоба даярлау	3.1. STEM box: Құру және қолдану тәсілдері. 3.2. Ресурстарды тиімді және оңтайлы пайдалану. 3.3. Пәнаралық жобаларды құру және жүзеге асыру. 3.5. STEM жобаларын таныстыру және қорғау әдістері.. 3.6 Жобаларды бағалаудың критерийлері.
Қорытынды бағалау	4.1. STEM жоба: Идеядан презентацияға дейін. 4.2. Қатысушылардың дайындаған жобаларын қорғау. 4.3. STEM сабақтарын ұйымдастыру бойынша рефлексия. 4.4. Курс нәтижелерін талдау және қорытындылау.

Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары: Бағдарламаның күтілетін нәтижелері: STEM білім беру концепциясын, тарихын және негізгі ұғымдарын түсінеді.Физика пәні аясында STEM оқыту арқылы пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру дағдыларын қалыптастырады. Физика сабағын жоспарлауда STEM-ге тән жобалық тәсілдер мен құрылымдарды енгізу жолдарын үйренеді. Қатысушыларға STEM box құру және оны ресурстармен толтыру тәжірибесін меңгереді. Оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар мен факультативтік курстарды әзірлеу әдістерін қарастырады. Қатысушылардың STEM жобаларын әзірлеп, көпшілікке ұсыну және қорғау қабілеттерін дамытады. Педагогтердің кәсіби өсу үдерісін, мектептердегі жағдайында терең түсінуге елеулі үлес қосқан еңбектердің бірі – Л. Дезимон (L. Desimone) ұсынған циклдік кәсіби даму моделі. Бұл үлгіде кәсіби жетілудің тұйық шеңберін құрайтын төрт негізгі фаза айқындалған: жоспарлау, оқыту, білімді практикада қолдану және рефлексия. Әрбір фаза педагогикалық қызметті үздіксіз жетілдіруге бағытталады және мұғалімнің кәсіби дамуын бірізді әрі жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді [164, б. 181–199]. *Қажеттіліктерді анықтау және жоспарлау. М*ұғалімдері үшін бұл кезең әсіресе

маңызды, өйткені олар көбінесе ресурстарға қолжетімділік шектеулі, кадрлар мен инфрақұрылым тапшылығы жағдайында жұмыс істейді. Мұндай жағдайларда кәсіби даму қажеттіліктерін анықтау құзыреттіліктерді өзін-өзі бағалауды, жергілікті білім беру міндеттерін талдауды, сондай-ақ сыртқы сын-қатерлерді: реформаларды, цифрландыруды және ауылдық аймақтардағы демографиялық өзгерістерді ескере отырып, жүйелі көзқарасты талап етеді. Тәжірибелерді бақылау, сауалнамалар және әдістемелік сессиялар сияқты құралдар ауылдық контекске сәйкес келетін даму векторларын дәл анықтауға мүмкіндік береді (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы. (OECD). TALIS – Оқыту мен оқудың халықаралық зерттеуі (Teaching and Learning International Survey). *Жаңа білімді меңгеру және оқу.* Ауыл мұғалімдері дәстүрлі курстар мен тренингтерге қатысу мүмкіндігінің шектеулі болуына жиі тап болады. Сондықтан біліктілікті арттырудың басым бағыты ретінде икемді форматтар қарастырылуы тиіс: қашықтан оқыту модульдері, тәлімгерлік, кәсіби желілік қауымдастықтарға қатысу және жекелеген білім беру траекториялары. Л. Дезимон (L. Desimone) моделіне сәйкес, мұндай оқытудың тиімділігі пәндік мазмұнға бағытталуымен, интерактивті әдістерді қолдануымен, нақты практикамен байланысымен және жеткілікті ұзақтығымен анықталады [164, б.181–199]. Ауыл мұғалімі үшін жұмыс отныне алыстамай-ақ, күнделікті қызметке кіріктірілген оқыту ерекше құнды болып табылады.

Білімді педагогикалық тәжірибеде қолдану. Бұл кезең өте маңызды: жаңа білім мектебінің нақты жағдайларына бейімделуі керек. Қазіргі заманғы әдістемелерді, цифрлық құралдарды және сараланған тәсілдерді қолдану технологиялық шектеулер мен жоғары жүктеме жағдайларында қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Алайда, зерттеулер көрсеткендей, алынған білімді нақты тәжірибеге енгізу ғана тұрақты оқу нәтижелеріне әкеледі. Timperley мен оның әріптестері мұғалімнің дамуы оқушының жетістігінің жақсаруымен байланысты болған жағдайда тиімді болатынын атап көрсетеді [166]. Thomas Guskey атап өткендей, мұғалімнің ұстанымдарындағы өзгерістер жаңашылдықтардың оң әсері айқын байқалғаннан кейін ғана орын алады/ *Рефлексия және өзін-өзі талдау.* Рефлексия ауылдық контексте ерекше мәнге ие, себебі мұғалімдерде тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін кәсіби ортаның жетіспеушілігі жиі байқалады. Жеке тәжірибені жүйелі түрде ұғыну – журнал жүргізу, сабақтарды жазып алу және талдау, өзін-өзі бағалау мен сыртқы сараптама арқылы жүзеге асқанда – мұғалімге даму аймақтарын анықтап, педагогикалық капиталды жинақтауға мүмкіндік береді. Рефлексиялық тәжірибе мәдениетін сақтау аудан орталықтары мен онлайн платформалардың әдістемелік қолдауымен шағын жинақталған мектепте де мүмкін. Рефлексия тәжірибені үйренудің тетігіне айналдырады, ал мұғалім өз дамуының белсенді субъектісіне айналады (15-сурет).



Сурет 15 – Педагогтердің кәсіби дамуының кіріктірілген моделі

Ұсынылған сызба мұғалімдердің кәсіби дамуын түсіндірудегі жетекші теориялық көзқарастарды біріктіріп, тұтас тұжырымдамалық модель ретінде ұсынылады. Бұл модель үш негізгі компоненттен тұрады: *Кәсіби дамудың циклдік сипаты (орталық шеңбер):* L. Дезимон (Desimone) моделі бұл үдерісті үздіксіз жалғасатын кезеңдердің тізбегі ретінде сипаттайды: жоспарлау → оқыту → қолдану → рефлексия, – олардың әрқайсысы алдыңғы кезеңді тереңдетіп, нақтылай түседі. Дезимон (L. Desimone), 2009 [164, б.181–199].

Әлеуметтік-конструктивистік көзқарас (сызбада сыртқы орта): Л.С. Выготскийдің жақын даму аймағы мен оқытудағы әлеуметтік өзара әрекеттестік рөлі туралы идеяларына негізделген. Қолдау көрсету тетіктеріне мыналар жатады: Тәлімгерлік (менторлық): тәжірибелі педагог пен жас маман арасындағы екіжақты кәсіби байланыс; Кәсіби оқытушы қауымдастықтары (PLC): мұғалімдер бірлесіп оқып, зерттеп, педагогикалық тәжірибені дамытатын ұжымдық орта (Р. Дуфур және басқалар бойынша). *Құзыреттілікті дамытудың сатылық моделі* (сол жақ вертикаль): Дрейфус, Берлинер және басқа зерттеушілердің үлгілері негізінде құрылған бұл модель мұғалімнің кәсіби өсуін жаңадан бастағаннан шеберлікке дейінгі жол ретінде сипаттайды. Дезимон (Desimone) циклінің әрбір қайталануы мұғалім әрекеттеріндегі тереңдік пен дербестіктің жаңа деңгейіне сәйкес келеді. Бұл компоненттердің өзара байланысы жүйелік даму архитектурасын құрайды: тәжірибелі мұғалімдер өз циклі бойынша қозғала отырып, және ЖДА (жақын даму аймағы) шеңберінде тәжірибесі аз әріптестердің өсуін қолдайды және ЖДА (жақын даму аймағы) шеңберінде ұжымдық педагогикалық білімнің жинақталуына ықпал етеді. Сонымен бірге құзыреттілікке негізделген тәсіл әрбір кезең үшін мазмұнды нұсқауларды белгілейді. Ауыл мектебі мұғалімдерінің кәсіби дамуына бейімделген циклдік модель (Л. Дезимон (L. Desimone) моделінің негізінде) төмендегі кестеде ұсынылған (22-кесте).

Кесте 22 – Мектеп мұғалімінің кәсіби даму кезеңдері.

Кезең	**Негізгі әрекеттер**	**Мектептеріндегі негізгі кедергілер**	**Мүмкін шешімдер мен ресурстар**
Жоспар	Тәжірибе мен оқу жетістіктерін талдау негізінде қажеттіліктерді анықтау; Мақсаттар қою; Кәсіби даму; форматтарын таңдау	Қолжетімді курстар туралы аз ақпарат; Сыртқы диагностиканың болмауы; Уақыт пен қолдаудың жетіспеушілігі.	Қажеттіліктерді онлайн талдау; Жоспарларды аудандық әдіскерлермен келістіру; Мектепаралық педагогикалық топтарға қатысу.
Оқыту	Оқуға қатысу (офлайн/онлайн форматта); Жаңа әдістемелерді меңгеру; Әріптестермен өзара оқыту.	Сабақтан алшақтау қиындықтары; Әлсіз интернет; Жақын жерде курстар/тренингтердің шектеулі таңдауы.	Вебинарлар, онлайн курстар; Іссапарларды қолдау; Тәлімгерлік және желілік; қауымдастықтарға қатысу.
Қолдану	Жаңа тәжірибелерді енгізу; Жергілікті жағдайларға бейімделу; Алғашқы нәтижелерді талдау.	Ресурстардың жетіспеушілігі; Әріптестерден оқшаулау; Жаңашылдыққа қатысты консерватизм.	Онлайн-форумдар мен әріптестер тарапынан қолдау; Гранттар мен әкімшілік көмек; Мектептер арасындағы сапарлар мен ашық сабақтар.
Рефлексия	Оқушылардың жетістіктерін талдау; Өзгерістер бойынша өзін-өзі бағалауы; Жаңа цикл үшін қорытындылар қалыптастыру.	Сыртқы сараптаманың болмауы; Уақыт пен талдау дағдыларының жетіспеушілігі; Жабық педагогикалық қоғамдастық.	Электрондық портфолиолар; Әріптестермен/ тәлімгерлермен рефлексивтік кездесулер; Кәсіби онлайн- топтарға қатысу

Дезимон (*L. Desimone) ұсынған циклдік кәсіби даму моделі (жоспарлау → оқыту → қолдану → рефлексия)* мұғалімнің сапалы оқуы оның құзыреттілігінің артуына, практиканың трансформациясына және нәтижесінде оқушылар жетістіктерінің жақсаруына қалай ықпал ететінін көрсетеді [University of Dayton. ISIDORE – Learning Management Бұл тәсіл үздіксіз кәсіби білім беруді білім сапасын арттырудың негізгі тетігі ретінде қарастыратын тұжырымдамаға сәйкес келеді. [Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ). Ресми сайты. Мұғалімнің дамуын циклдік ұйымдастырудың тиімділігін соңғы жылдардағы ғылыми зерттеулер дәлелдеп отыр. Төменде эмпирикалық деректермен расталған негізгі дәлелдер берілген.

Кәсіби құзыреттілік – бұл мұғалімнің білім беру қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, дағды, тәжірибе, құндылықтар мен жеке қасиеттердің интегралды жиынтығы [168, б.166-181]. Қазіргі заманғы педагогикалық әдебиеттерде мұғалім құзыреттілігі тек пәндік білімді меңгеру ретінде емес, оны педагогикалық және технологиялық біліммен үйлестіру қабілеті ретінде қарастырылады [159, б.60-70]. STEM білім беру контексінде физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі кеңейтілген мағынаға ие болады. Физика мұғалімдерінің

STEAM (STEM + Arts) құзыреттілігі үш өзара байланысты компоненттен тұратыны көрсетілген:

1. Пәндік-мазмұндық компонент (Content Knowledge, CK): - Физиканың негізгі ұғымдары, заңдары мен теорияларын терең білу - Физика, математика, технология және инженерия арасындағы байланыстарды түсіну - Физикалық құбылыстардың қолданбалы аспектілерін білу

2. Педагогикалық-әдістемелік компонент (Pedagogical Content Knowledge, PCK) физикалық ұғымдарды оқушыларға түсінікті етіп жеткізу әдістерін білу, оқушылардың танымдық қиындықтары мен қате түсініктерін болжау әртүрлі оқыту стратегияларын (индуктивті, дедуктивті, зерттеушілік) қолдану.

3. Технологиялық-интеграциялық компонент (Technological Pedagogical Content Knowledge, TPACK) цифрлық құралдар мен виртуалды зертханаларды пайдалану, компьютерлік модельдеу мен симуляцияны сабаққа енгізу, Пәнаралық STEM жобаларды ұйымдастыру және басқару.

Нугиен (Nguyen et al.(2020)) ұсынған интеграцияланған STEM құзыреттілік моделі төрт негізгі өлшемнен тұрады [168, б.166-181]. Хабардарлық өлшемі STEM білім берудің мәні, мақсаттары мен маңыздылығын түсіну, оның әлемдік тенденциялары мен Қазақстандағы даму перспективаларын білу. Жобалау өлшемі STEM сабақтарын жоспарлау, пәнаралық тапсырмалар мен жобалар әзірлеу, оқу мақсаттары мен нәтижелерін анықтау дағдылары. Іске асыру өлшемі (Implementation dimension) STEM тәсілдерін сабақта қолдану, оқушыларды белсенді зерттеу қызметіне тарту, топтық жұмысты ұйымдастыру дағдылары. Бағалау және түзету өлшемі Оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау, кері байланыс беру, оқыту процесін жетілдіру дағдылары.

*Курсты жобалаудағы негізгі қағидаттар***.** Біліктілік арттыру курсын әзірлеу кезінде ересектерді оқытудың қағидаттары мен заманауи педагогикалық тәсілдер ескерілді. Knowles (1984) [169, б.2] ұсынған андрагогика қағидаттары ересек оқушылардың ерекшеліктерін ескереді: Өзін-өзі басқару қабілеті: Ересек оқушылар өз оқу процесін басқаруға қабілетті және оған дайын. Сондықтан курста мұғалімдерге өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тақырыптар мен тапсырмаларды таңдау мүмкіндігі беріледі. Тәжірибелік білім қоры: Ересектер бай өмірлік және кәсіби тәжірибеге ие, бұл оқытудың маңызды ресурсы болып табылады. Курста мұғалімдердің тәжірибесін бөлісу, талқылау және өзара оқыту элементтері кеңінен қолданылады. Практикалық бағыт: Ересектер өз кәсіби міндеттерін орындауға қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге дайын. Курс мазмұны мұғалімдердің күнделікті педагогикалық практикасына тікелей қолданылатын болуы тиіс. Проблемалық-бағдарланған оқу: Ересектер нақты проблемаларды шешуге бағытталған оқуды қалайды. Курста теориялық материал нақты педагогикалық жағдайлар мен кейстер арқылы беріледі. Осы қағидаттарға негізделе отырып, курсты жобалаудың келесі негізгі қағидаттары анықталды: *Модульдік қағидат*. Курс мазмұны логикалық тұрғыдан байланысқан, бірақ салыстырмалы түрде дербес модульдерге бөлінеді. Әр модуль нақты оқу мақсаттары, нәтижелері және бағалау критерийлерімен сипатталады. Модульдік құрылым мұғалімдерге икемді оқу траекториясын таңдауға және өз қажеттіліктеріне сәйкес модульдерге баса назар аударуға

мүмкіндік береді. *Практикаға бағытталу қағидаты*. Курстың барлық компоненттері мұғалімдердің практикалық қызметіне тікелей қолданылуы тиіс. Теориялық материал минималды болып, практикалық тапсырмалар, жұмыс шеберханалары (workshops), кейс-стади және жоба жұмыстары басым орын алады. Дезимон (Desimone) (2009) зерттеуінде көрсетілгендей, практикаға бағытталған кәсіби даму бағдарламалары мұғалімдердің өзіндік тиімділігін және оқыту сапасын айтарлықтай жақсартады [164, б.181–199]. *Икемділік қағидаты.* Курс әртүрлі деңгейдегі дайындығы мен тәжірибесі бар мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін икемді болуы керек. Бұл үшін курста базалық және кеңейтілген деңгейлердегі материалдар ұсынылады. Мұғалімдер өз қызығушылықтарына сәйкес қосымша тақырыптарды таңдай алады; Онлайн және офлайн форматтарды үйлестіру мүмкіндігі қарастырылады. *Курстың жалпы құрылымы*. Әзірленген «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» біліктілік арттыру курсы келесі параметрлермен сипатталады: Ұзақтығы: 80 академиялық сағат (2 апта) Форматы: Аралас (blended) 60% офлайн, 40% онлайн Кредит саны: 3 кредит Курс үш негізгі модульден және қорытынды бағалау бөлімінен тұрады. Форматтық ерекшеліктер: - Офлайн сабақтар (48 сағат): Дәрістер, семинарлар, практикумдар, жұмыс шеберханалары, мастер-класстар, жоба қорғау - Онлайн сабақтар (32 сағат): Видео-дәрістер, виртуалды зертханалар, онлайн-талқылаулар, өзіндік жұмыс, форумдарға қатысу. Аралас форматты таңдау бірнеше артықшылықтар береді [182, б.825-841].- Әртүрлі өңірлердегі мұғалімдердің қолжетімділігін арттыру; - Уақыт пен орынға байланысты икемділікті қамтамасыз ету; - Онлайн ресурстар мен цифрлық құралдарды пайдалану тәжірибесін жинақтау; - Кәсіби оқу қауымдастығын қалыптастыру (23-кесте).

Кесте 23 – Біліктілік арттыру курсының жалпы құрылымы

Модуль	Атауы	Сағат саны	Форматы	Бағалау түрі
Модуль 1	STEM білім беру негіздері	10	Дәріс, семинар	Рефлексиялық эссе
Модуль 2	STEM оқытуды жоспарлау	30	Практикум, Жұмыс зертханасы (workshop)	Сабақ жоспары әзірлеу
Модуль 3	STEM box және ресурстар	30	Мастер-класс, жоба жұмысы	STEM жоба қорғау
Қорытынды бағалау	Жоба презентациясы және қорғау	10	Презентация	Интегралды жоба
ЖАЛПЫ		80		

Курстың құзыреттілік картасы. Курстың әр модулі мұғалімдердің нақты құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. 24-кестеде модуль құзырет сәйкестігі көрсетілген.

Кесте 24 – Курс модульдері мен құзыреттіліктер арасындағы сәйкестік

Шартты белгілер: ● – негізгі фокус; ○ – қосымша дамыту

Құзыреттілік	Модуль 1	Модуль 2	Модуль 3
Білімдік құзыреттіліктер			
STEM білім берудің теориялық негіздерін білу	●	○	
Пәнаралық байланыстарды түсіну	●	●	○
Физика-STEM интеграциясының мүмкіндіктерін білу	●	●	●
Әдістемелік құзыреттіліктер			
STEM сабақтарын жоспарлау		●	○
Пәнаралық тапсырмалар әзірлеу		●	●
Жобалық оқытуды ұйымдастыру	○	●	●
Бағалау критерийлерін жасау		●	●
Технологиялық құзыреттіліктер			
Цифрлық құралдарды қолдану		○	●
Виртуалды зертханалармен жұмыс істеу		○	●
STEM box құру және пайдалану			●
Коммуникативтік құзыреттіліктер			
Жобаларды презентациялау		○	●
Кәсіби қауымдастықта өзара әрекеттесу	○	●	●
Тәжірибе алмасу және рефлексия	○	●	●

Курс мазмұнын анықтауда 2.1 бөлім нәтижелерін пайдалану. 2.1 бөлімде жүргізілген сауалнама мен Сұхбат нәтижелері курс мазмұнын қалыптастыруда тікелей пайдаланылды: Анықталған қажеттілік → Курс компоненті: STEM түсінігінің жетіспеушілігі (91,5%) → Модуль 1-де STEM білім берудің теориялық негіздеріне, анықтамалар мен принциптерге баса назар аударылды. Әдістемелік нұсқаулықтардың қажеттілігі (43,9%) → Модуль 2-де нақты сабақ жоспарларын әзірлеу, дайын үлгілермен жұмыс істеу және практикалық тапсырмалар енгізілді. Ресурстар мен жабдықтардың жетіспеушілігі → Модуль 3-те бюджетті материалдармен STEM box құру, қолжетімді ресурстарды пайдалану тәсілдері қарастырылды. Тәжірибе алмасу мүмкіндігі (26,8%) → Барлық модульдерде топтық жұмыс, өзара оқыту (peer learning) және кәсіби қауымдастық құру элементтері кіргізілді. Уақыт тапшылығы → Аралас формат (blended learning) және икемді оқу траекториясы ұсынылды. Осылайша, курс мазмұны мұғалімдердің нақты кәсіби қажеттіліктеріне негізделген, дәлелдемелерге сүйенген тәсілмен әзірленді.

2.3 «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» курсының мақсаты, міндеттері және модульдік мазмұны

Курстың тұжырымдамалық негізі. «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» біліктілік арттыру курсы бірнеше өзара байланысты теориялық тәсілдерге негізделген.

Құзыреттілікке негізделген тәсіл. Курс мұғалімдердің нақты кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған, олар білім беру практикасында тікелей қолданылады. Nguyen et al. (2020) көрсеткендей [168, б. 166-181], құзыреттілікке негізделген кәсіби даму бағдарламалары мұғалімдердің өзіндік тиімділігін және оқыту сапасын айтарлықтай жақсартады. *Жүйелік-құрылымдық тәсіл*. STEM білім беру біртұтас жүйе ретінде қарастырылады, онда барлық компоненттер (ғылым, технология, инженерия, математика) өзара байланысты. Курс мұғалімдерге осы компоненттер арасындағы байланыстарды көруге және оларды білім беру практикасында интеграциялауға үйретеді. *Андрагогикалық тәсіл* (Andragogical approach) Ноулес.(Knowles) ұсынған ересектерді оқыту принциптері курстың барлық компоненттерінде қолданылады: өзін-өзі басқару, тәжірибелік білімді ресурс ретінде пайдалану, практикалық бағыт, проблемалық-бағдарланған оқу [169, б.3]. *Дәлелдемелерге негізделген білім беру*. Курс мазмұны мен әдістемесі ғылыми зерттеулер нәтижелері мен үздік халықаралық тәжірибелерге негізделген. Әр модуль компоненті эмпирикалық деректермен расталған тиімді педагогикалық тәсілдерді қолданады [182, б.825-841].

Курстың жалпы мақсаты. Курстың жалпы мақсаты – физика мұғалімдерінің STEM білім берудің теориялық негіздерін меңгеруі, пәнаралық интеграция дағдыларын қалыптастыруы және STEM тәсілдерін білім беру практикасында тиімді қолдануға дайындығын қамтамасыз ету. Бұл мақсат Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту саясатына сәйкес келеді және «Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген міндеттерді орындауға бағытталған: оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, ғылыми жетістіктерді оқу процесіне біріктіру, заманауи педагогикалық технологияларды енгізу.

Курстың нақты міндеттері. Курстың жалпы мақсатын іске асыру үшін келесі нақты міндеттер қойылды: Білімдік міндеттерге STEM білім берудің анықтамасын, тарихын, принциптерін және әлемдік тенденцияларын түсіндіру, физика пәнінде STEM интеграцияның теориялық негіздері мен әдістемелік тәсілдерін меңгерту, пәнаралық байланыстарды орнату және STEM компоненттерін үйлестіру принциптерін үйрету, Қазақстандағы STEM білім берудің нормативтік-құқықтық базасын таныстыру**.** Практикалық міндеттерге физика тақырыптарына STEM сабақ жоспарларын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру, пәнаралық STEM тапсырмалар мен жобалар жасау тәжірибесін жинақтау, қолжетімді ресурстармен STEM box құру және пайдалану әдістерін меңгерту, цифрлық құралдар, виртуалды зертханалар және симуляцияларды қолдану дағдыларын дамыту, STEM жобаларды іске асыру, презентациялау және қорғау тәжірибесін беру**.** Әдістемелік міндеттерге жобалық оқыту (project-based learning) әдісін STEM контексінде қолдану дағдыларын қалыптастыру, проблемалық оқыту (problem-based learning) және зерттеушілік тәсілді (inquiry-based learning) меңгерту, оқушылардың STEM жобалары мен тапсырмаларын бағалау критерийлерін әзірлеу әдістерін үйрету, топтық жұмысты ұйымдастыру және оқушылардың ынтымақтастығын дамыту стратегияларын таныстыру жатады.

Күтілетін оқу нәтижелері (Learning Outcomes-LO). Курсты аяқтағаннан кейін мұғалімдер: Білім деңгейінде: - STEM білім берудің анықтамасын, негізгі принциптерін және компоненттерін түсіндіре алады - Физика, математика, технология және инженерия арасындағы байланыстарды талдай алады - STEM білім берудің әлемдік тенденциялары мен Қазақстандағы даму перспективаларын сипаттай алады. Дағды деңгейінде физика тақырыптарына пәнаралық STEM сабақ жоспарларын әзірлей алады, STEM тапсырмалар мен жобалар жасай алады және оларға бағалау критерийлерін құрастыра алады, қолжетімді материалдармен STEM box құрып, оны сабақтарда пайдалана алады, цифрлық құралдар (PhET, Algodoo, Arduino) мен виртуалды зертханаларды қолдана алады. Құзыреттілік деңгейінде жобалық оқыту мен проблемалық оқыту әдістерін STEM сабақтарда тиімді қолдана алады, оқушыларды зерттеушілік қызметке тарта алады және олардың сыни ойлауын дамыта алады, STEM жобаларды жоспарлап, іске асыра алады және нәтижелерін презентациялай алады, кәсіби оқу қауымдастығында (professional learning community) белсенді қатыса алады және тәжірибе алмасуды жүзеге асыра алады.

Курстың модульдік мазмұны оқытудың нақты мақсаттарына, мазмұн құрылымына, баға түрлеріне сәйкес ұйымдастырылады. Бағдарлама үш негізгі модульден тұрады және болашақ мұғалімдердің STEM білім беру негіздерін меңгеруін қамтамасыз етуге, физика сабақтарында STEM тәсілдерін қолдануды жоспарлауға, практикалық STEM жобалары мен ресурстарын әзірлеуге бағытталған.

Бірінші модуль "STEM Білім Беру Негіздері" 10 академиялық сағат көлемінде қарастырылған. Модуль дәрістер, семинарлар және өзіндік жұмыстар форматында ұйымдастырылады. Бұл бөлімде оқушылар STEM тұжырымдамасының мазмұнын, оның компоненттерін және қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлін талдайды. сабақтың, будың және ағынның бағыттарының ерекшеліктері де салыстырылады, олардың әлемдік білім беру кеңістігіндегі маңызы түсіндіріледі. Модуль STEM білім берудің негізгі принциптерін, атап айтқанда пәнаралық интеграцияны, проблемалық оқытуды, зерттеу тәсілін және нақты өмірлік мәселелерді шешуге бағытталған оқытуды қарастырады. STEM-ді физикаға интеграциялауға ерекше көңіл бөлінеді. Оқушылар физика заңдарының технологиялық құрылғыларда қолданылуын, инженерлік жобалаудағы физикалық принциптердің рөлін, математикалық модельдеудің маңыздылығын талдайды. Мысалы, механика бөлімінде робототехника және көлік құралдары, электр және магнетизм бөлімінде электр тізбектері мен электромагниттер, оптика бөлімінде линзалар мен телескоптар, жылу физикасы энергияны үнемдеу және жылу оқшаулау мәселелерімен айналысады. Сондай-ақ, Қазақстандағы STEM білім берудің қазіргі жағдайы мен нормативтік-құқықтық базасы, Назарбаев Зияткерлік Мектептері мен БИЛ мектептерінің тәжірибесі, болашақ даму перспективалары талданады. Модуль соңында оқушылар " менің педагогикалық тәжірибемдегі STEM тәсілінің мүмкіндіктері."

Екінші модуль "STEM оқытуды жоспарлау" 30 академиялық сағатқа есептелген және практикалық бағдар бойынша ұйымдастырылған. Бұл модульде оқушылар STEM сабақтарын жазудың әдістемелік негіздерін меңгереді. 5e оқыту


моделін қолдануға баса назар аударылады. Осы модельдің кезеңдері арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін арттыру жолдары қарастырылады: Тарту, Зерттеу, Түсіндіру, Нақтылау және Бағалау. сондай-ақ, сабақтың мақсаттарын SMART критерийлері бойынша анықтау, пәнаралық байланыстарды жоспарлау және STEM сабағының құрылымын тиімді ұйымдастыру мәселелері атап өтіледі. Модульде физиканың әр бөлімінде STEM тәсілдерін қолданудың нақты мысалдары келтірілген. Механика бөлімінде қозғалыс, қысым және энергия заңдарының тақырыптары тасымалдау қауіпсіздігіне, көпір құрылысына және жаңартылатын энергия көздеріне қатысты. "электр және магнетизм" бөлімінде электр тізбектері мен электр қозғалтқыштары талқыланса, "оптика" бөлімінде линзалардың, камералардың және оптикалық талшықтардың жұмысы түсіндіріледі. термофизикада энергияны үнемдеу және үйді оқшаулау мәселелері талданады. әрбір тақырып практикалық stem тапсырмаларымен толықтырылған. мысалы, интерндер парашют құрастыру, қарапайым электр қозғалтқышын құрастыру, телескоп немесе микроскоп жасау және үйдің энергияны үнемдейтін моделін жасау сияқты жұмыстарды орындайды. модуль сонымен қатар stem жобаларын әзірлеуге арналған инженерлік жобалау циклін қарастырады. оқушылар проблемаларды анықтау, шешімдерді ұсыну, жоспарлау, прототиптеу, тестілеу және жетілдіру кезеңдерін іс жүзінде қолданады. сондай-ақ әртүрлі бағалау деңгейлеріне бейімделген STEM тапсырмаларын құру, деректерді жинау және талдау, бағалау тақырыптарын әзірлеу және өзін-өзі бағалау әдістерін қолдану мәселелері қарастырылатын болады. Модуль аяқталғаннан кейін оқушылар STEM физикасы сабағының толық жоспарын жасап, оны топ алдында қорғайды. Физиканы оқытуда SAMR моделі STEM білімін тиімді жүзеге асыру үшін ерекше маңызға ие. бұл модель технологияны оқу процесіне біртіндеп енгізуге мүмкіндік береді және оның оқыту мазмұнына әсер ету деңгейін төрт кезең арқылы сипаттайды: алмастыру, ұлғайту, өзгерту және қайта анықтау. ауыстыру деңгейінде технологиялар дәстүрлі құралдарды алмастырады, ал өсу деңгейінде олар оқу процесін функционалды түрде жақсартады. қайта жобалау деңгейінде академиялық тапсырмалар өзгереді, оқушылар бірлескен зерттеулер жүргізеді, ал қайта анықтау деңгейінде халықаралық stem жобалары, виртуалды зертханалар және vr/ar технологиялары арқылы оқытудың мүлдем жаңа тәжірибелері қалыптасады. осылайша, SAMR моделі оқушылардың ғылыми-зерттеу, инженерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Үшінші модуль "STEM box және ресурстар" 30 академиялық сағат көлемінде ұйымдастырылған. Бұл модульдің негізгі мақсаты оқушыларға практикалық STEM ресурстарын дамытуды үйрету болып табылады. Модуль барысында қатысушылар қолда бар материалдар негізінде бағаналы қорап жасайды және оны физика сабақтарында қолдану тәсілдерін жоспарлайды. сондай-ақ Phet, Algodoo және arduino сияқты сандық құралдарды пайдалану әдістері зерттелетін болады. оқушылар пәнаралық STEM жобаларын әзірлейді, оларды жүзеге асыру жолдарын зерттейді және оларды тиімді түрде ұсынады. Нәтижесінде бағдарлама болашақ мұғалімдердің STEM білім беру саласындағы теориялық білімдерін тереңдетуге ғана емес, сонымен қатар олардың

практикалық, ғылыми-зерттеу және жобалық құзыреттіліктерін дамытуға да бағытталатын болады.

Мақсаты: Мұғалімдерге STEM тапсырмаларын қолжетімді заттардан құрастыруға ұсыну. Міндеттері: - STEM оқытудың теориялық негіздерін жүйелеу; - сабақ құрылымдарын ұсыну;- практикалық мысалдар әзірлеу; - бағалау критерийлерін ұсыну; - мұғалімдерге арналған қолдану алгоритмін дайындау

Мысалы, 7 сынып физикасының бөлімдерін қортындылау тапсырмалары ұсынылған. *1-тарау*. Физика табиғат туралы ғылым . Жобаның мақсаты: Физика пәнімен және оның құрал-жабдықтарымен танысу, STEM арқылы күш өлшеуді үйрену, оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттыру. Тапсырма динамометр (күш өлшейтін құрал) жасап, өлшеу жүргізу. Қажетті құрал-жабдықтар: Серіппе, сым ілмек, қағаз шкала немесе медициналық бір реттік стерильді шприц. Жасалу жолы: Серіппенің жоғарғы ұшын картонға бекіт. Төменгі ұшына ілмек орнат. Қасына қағаз шкала жапсыр. Белгілі массаларды іліп, шкаланы бөліп шық. Нәтиже төмендегі 16-суреттегідей шығады.




Сурет 16 – динамометр (күш өлшейтін құрал)

Екінші тапсырма. Сағат маятнигі (уақыт өлшеу үшін) жасау. Қажетті құрал-жабдықтар: Жіп , кішкентай жүк. Жасалу жолы: маятник жасап, тербеліс уақытын есептеу арқылы секундты шамамен өлшеуге болады.Үшінші тапсырма Өлшеуіш цилиндр (көлем өлшеу үшін) жасау. Қажетті құрал-жабдықтар: мөлдір бөтелке, маркер. Жасалу жолы: бөтелкені 100 мл өлшеуіш стақанмен калибрлеп, сызықтар түсіресің. Сұйық көлемін шамалап өлшеуге болады.

2-тарау. Механикалық қозғалыс STEM Box: Тапсырма Шарлы машина жасау. Қозғалысын сипаттау. Жобаның мақсаты: механикалық қозғалысты, қозғалыстың салыстырмалылығын, бірқалыпты және бірқалыпсыз түзу сызықты қозғалыстарды тәжірибе арқылы көрсету. Қажетті құрал-жабдықтар: 1 пластикалық бөтелке, 1 шар, 3 пластикалық түтікше, 2 ағаш таяқша, 4 пластикалық қақпақ, қайшы, желім немесе скотч. Жасалу жолы: Бөтелкенің ортасын кесіңіз. Бұл жерден дөңгелектерге орын жасау үшін тесік пайда болады.

Пластикалық түтікшелерді доңғалақтарға жалғаңыз. Әр түтікшеге ағаш таяқшаны өткізіңіз. Ағаш таяқшаның екі шетіне бөтелке қақпақтарын бекітіп, доңғалақ жасаңыз. Оларды бөтелкенің астына орналастырыңыз. Шарды бекіту. Жарты түтікшені шардың аузына кіргізіп, мықтап байлаңыз (желім не скотч қолдануға болады). Бұл түтікшені бөтелкенің артқы жағына бекітіңіз. Машинаны іске қосу. Шарды үрлеңіз.Машинаны жерге қойып, жіберіңіз.Шардан шыққан ауа машинаны алға қарай қозғайды. Жобаны жасауға шамамен 15–20 минут уақыт кетеді. Нәтижесінде 17-суреттегідей оқушылар механикалық қозғалыстың түрлерін тәжірибе арқылы бақылап, олардың айырмашылығын түсінеді және қозғалыстың салыстырмалылығын күнделікті өмірмен байланыстыра алады.



Сурет 17 – Шарлы машина

3- тарау. Денелердің өзара әрекеттесуі. Тапсырма, Шағын катапульта жасау. Жобаның мақсаты: Серпімділік құбылысын көрсету, энергияның жиналып, денені алға лақтыруын тәжірибе жүзінде байқау; Қажетті құрал-жабдықтар: Ағаш таяқшалар, резеңке, пластикалық бөтелке қақпағы, желім (немесе скотч). Жасалу жолы: Ағаш таяқшаларды бірінің үстіне бірін қойып, ортасынан резеңкемен мықтап байлаңыз. Бір таяқшаны көлденең етіп қойып, оның бір ұшын астына кіргізіп, екінші ұшын жоғары шығарып катапульта тұтқасын жасайсыз. Жоғарғы ұшына бөтелке қақпағын желімдеп жабыстырыңыз – бұл жерге зат қойылады (18-сурет). Затты қақпаққа қойып, таяқшаны басып төмен тартып, жіберіңіз – зат ұшады.



Сурет 18 – Шағын катапульта

4- тарау. Қысым Гидравликалық пресс. Тапсырма Көтергіш кран жасау. Жобаның мақсаты: Сұйықтардағы қысымның берілу заңдылығын (Паскаль заңы) тәжірибе арқылы көрсету және оның техникада қолданылуын түсіндіру. Қажетті құрал-жабдықтар: 2 шприц (кіші және үлкен), резеңке түтік, су (немесе май), негіз (картон/фанера), тіректер мен басу табақша. Жасалу жолы: Негізге тік тірек пен үстіне көлденең тірек орнат. Үлкен шприцті тік етіп тірекке бекіт, оның поршені басу табақшасына жалғанады. Кіші шприцті түтік арқылы үлкенімен қос. Екі шприцті де сұйықтықпен толтырып, ауаны шығарып таста. Кіші шприцті басқанда үлкен шприцтің поршені төмен түсіп, затты қысады (19-сурет).



Сурет 19 – Көтергіш кран

Басты ерекшелігі барлық құрал-жабдықтар үйде немесе мектепте оңай табылатын, өте арзан (көбі тегін дерлік) заттардан құрастырылады. Бір оқушыға немесе топқа кететін шығын 200-500 теңгеден аспайды. Осының арқасында ауылдық немесе аз қамтылған мектептерде де STEM сабақтарын толыққанды жүргізуге болады. Жобаны сабақта тиімді пайдалану алгоритмі (мұғалімге арналған қысқа нұсқаулық): Сабақтың басында (5-7 мин) Теорияны қысқаша еске түсіру + мотивациялық сұрақтар: «Егер лабораторияда ешқандай құрал болмаса, біз физика заңдарын қалай дәлелдейміз?». Топтық жұмыс (15-20 мин) Оқушыларды 3-4 адамдық топтарға бөлу. Әр топқа STEM Box тапсырмасын беру (немесе айналмалы станциялар ұйымдастыру). Материалдарды алдын ала дайын қорапшаға (shoe box) салып қоюға болады, сонда «STEM BOX» деген атау шынайы болады. Тәжірибе жүргізу және бақылау (10-15 мин) Оқушылар құрастырып, тәжірибе жасайды. Мұғалім тек қауіпсіздікті бақылайды. Талдау және қорытынды (10 мин). Нәтижені кестеге түсіру. График салу (мысалы, серіппе ұзарына байланысты күш). Заңды сөзбен және формуламен жазу. Күнделікті өмірмен байланыстыру («Бұл заң қай жерде қолданылады?»).

Бағалау критерийлері келесі көрсеткіштер бойынша анықталады.

Бірінші критерий – құралды дұрыс құрастыру. Егер оқушы немесе топ құралды толықтай дербес және ұқыпты түрде құрастырса, 3 ұпай беріледі. Құрастыру барысында аздаған қателіктер жіберілсе, 2 ұпай қойылады. Ал егер құралды құрастыра алмаса, 1 ұпаймен бағаланады.

Екінші критерий – тәжірибені дұрыс жүргізу. Егер тәжірибе нұсқаулыққа сәйкес дәл орындалып, қауіпсіздік ережелері сақталса, 3 ұпай беріледі. Тәжірибені орындау барысында кейбір қателіктер байқалса, 2 ұпай қойылады. Ал тәжірибе мүлде жүргізілмесе, 1 ұпай беріледі.

Үшінші критерий – алынған нәтижені түсіндіру. Егер оқушылар нәтижені формула арқылы түсіндіріп, оны күнделікті өмірмен байланыстыра алса, 3 ұпай беріледі. Түсіндіру тек формуламен ғана шектелсе, 2 ұпай қойылады. Ал егер нәтижені түсіндіре алмаса, 1 ұпай беріледі.

Төртінші критерий – топтағы белсенділік және ынтымақтастық. Егер топ мүшелерінің барлығы жұмысқа белсенді қатысып, тапсырмаларды өзара бөлісіп орындаса, 3 ұпай беріледі. Егер тек бір немесе екі оқушы ғана жұмыс істесе, 2 ұпай қойылады. Ал топ мүшелері бірлесіп жұмыс істемесе, 1 ұпаймен бағаланады. Жалпы ұпай: 12/12 = «5», 9-11 = «4», 6-8 = «3». Қосымша идеялар (келесі жылы кеңейтуге болады): Жылу құбылыстары → «Қағаздан жасалған термометр» немесе «Пластикалық бөтелкеден жасалған калориметр». Электр → «Лимон батареясы» немесе «Қарапайым электромагнит» (мыс, жіппен оралған шеге + батарейка). Оптика → «Пластикалық бөтелкеден перископ» немесе «CD-ден спектр жасайтын құрал». Осы жоба арқылы 7-сынып оқушылары физиканы «қорқынышты емес, қызықты әрі қолжетімді» пән ретінде қабылдайды. Ең бастысы – олар «Мен өзім жасадым, өзім дәлелдедім!» деген сезіммен шығады.

Осы тапсырмалар мына ресурстар базасында сақталған https://5sgyfe26.scispace.co (25- кесте).

Кесте 25 – Модульдердің оқу нәтижелері мен бағалау түрлері

Модуль	Оқу нәтижелері	Бағалау түрі	Бағалау критерийлері
Модуль 1	STEM білім берудің теориялық негіздерін түсіну	Рефлексиялық эссе	Түсініктің тереңдігі, сыни ойлау, практикаға қолдану мүмкіндігі
Модуль 2	STEM сабақтарын жоспарлау дағдылары	Сабақ жоспары презентация	5E моделінің сақталуы, пәнаралық байланыстар, іс жүзінде қолдану мүмкіндігі
Модуль 3	STEM жобаларды әзірлеу және іске асыру	Жоба қорғау	Жобаның толықтығы, шығармашылық, презентация сапасы
Қорытынды	Интегралды STEM құзыреттілігі	Финалдық жоба қорғау	Барлық модульдердің элементтерін үйлестіру, инновациялық тәсіл

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі:

Пәндік фокус: Қазақстанда физика пәніне арнайы бағытталған алғашқы STEM біліктілікті арттыру бағдарламасы. Практикалық бағдар: Теориялық материалдың 66,7%-ы практикалық жұмыспен ұштастырылған. STEM box әдістемесі: Мұғалімдер өздерінің авторлық STEM box жинағын құрады. Ұзақмерзімді қолдау: Курстан кейін 3 айлық менторлық қолдау қамтамасыз етіледі. Екі тілді материалдар: Барлық оқу материалдары қазақ және орыс тілдерінде. Қазақстандық контекст: Отандық оқулықтар мен МЖМБС талаптарына толық бейімделген. *Аналогтардың талдауы:*Қазақстан Республикасында физика мұғалімдеріне арналған STEM бағдарламалары шектеулі және жалпылама сипатта. Ұсынылып отырған бағдарлама: - Халықаралық стандарттарды (MIT, Stanford тәжірибесі) Қазақстан жағдайына бейімдейді - Қазақстандық мектептердің материалдық-техникалық базасын ескереді - Отандық оқулықтар мен бағдарламалармен үйлестірілген - Қолжетімді бағамен ұсынылады.

Рубрика оқу үдерісін тереңдетіп, шынайы өмірмен байланысқан, дәлелге негізделген және оқушыға бағытталған STEM жобаларын тиімді жоспарлау мен жүзеге асыруды қолдайды, бұл көрсеткіштер төмендегі 26 - кестесінде көрсетілгендей, ұсынылып отырған бағдарламаның ұзақтығы, практикалық үлесінің жоғары болуы, физикаға бағытталған мазмұны, STEM box әзірлеу мүмкіндігі, пәнаралық жобалар саны мен цифрлық құралдардың кең қолданылуы арқылы оның ұлттық және халықаралық аналогтардан артықшылықтарын айқындайды.

Кесте 26 – Бағдарламаның жаңашылдығы және аналогтармен салыстыру

Критерий	**Ұсынылып отырған бағдарлама**	**Ұлттық зерттеу университеті (NIS) бағдарламасы**	**«Өрлеу» БАҰО бағдарламасы**	**Халықаралық аналогтар (MIT, Stanford)**
Оқыту ұзақтығы	80 сағат (10 күн)	40 сағат	36 сағат	80-120 сағат
Физикаға бағытталған STEM	✓ Арнайы физика контексінде	✗ Жалпы STEM	✗ Жалпы STEM	✓ Пәндік бағыттар бар
Практикалық компонент	48 сағат (66,7%)	16 сағат (40%)	12 сағат (33,3%)	60-80 сағат (75%)
STEM box әзірлеу	✓ 3 дайын үлгі + өз жобасын құру	✗ Жоқ	✗ Жоқ	✓ Бар (шектеулі)
Қазақстандық контекст	✓ МЖМБС-ке толық сәйкес	✓ Сәйкес	✓ Сәйкес	✗ Бейімдеу қажет
Пәнаралық жобалар	✓ 5 кешенді жоба	✓ 2 жоба	✓ 1 жоба	✓ 4-6 жоба
Цифрлық құралдар	✓ PhET, Algodoo, Tinkercad, Arduino	✓ PhET, GeoGebra	✓ PhET	✓ Кең спектр
Қашықтан қолдау	✓ 3 ай менторлық	✗ Жоқ	✗ Жоқ	✓ Бар (ақылы)
Сертификат түрі	Біліктілікті арттыру (80 сағат)	Біліктілікті арттыру (40 сағат)	Біліктілікті арттыру (36 сағат)	Certificate of Completion

Қорытынды бағалау (10 сағат). *Мақсаты:* Курс барысында қалыптасқан білім, дағды және құзыреттіліктерді интегралды түрде бағалау. *Форматы:* Жеке немесе жұптық жоба презентациясы және қорғау. *Талаптар:* 1. Физика тақырыбына толық STEM сабақ жоспарын әзірлеу (5E моделі бойынша) 2.

Сабаққа қажетті STEM box компоненттерін сипаттау 3. Пәнаралық байланыстарды нақты көрсету 4. Бағалау критерийлерін (рубрика) әзірлеу 5. Сабақтың бір элементін (тапсырма немесе демонстрация) іс жүзінде көрсету 6. Презентация жасап, қорғау (10-15 минут). *Бағалау критерийлері:* - STEM интеграцияның толықтығы мен сапасы (30%) - Әдістемелік негізделу және іс жүзінде қолдану мүмкіндігі (25%) - Шығармашылық тәсіл және инновациялық элементтер (20%) - Презентация сапасы және қорғау (15%) - Пәнаралық байланыстардың нақтылығы (10%). Модульдердің оқу нәтижелері мен бағалау түрлері бойынша 23-кестеде әр модульдің оқу нәтижелері мен бағалау түрлерінің сәйкестігі көрсетілген. STEM PBL рубрикасының конфигурациясы STE(A)M PBL шеңберіндегі оқу дизайнын бағалау және санаттау құралы ретінде қызмет етеді. Бұл құрылым аясында 21 критерий 6 өлшемге бөлінген. Әрбір критерий үшін ең жоғары күрделілік деңгейі ұсынылған. STEM PBL рубрикасының конфигурациясы STE(A)M PBL аясында оқу дизайнын жүйелі бағалау мен санаттаудың кешенді құралы болып табылады. Алты өлшемге біріктірілген 21 критерий жобаның мақсаттарын, мазмұнын, мәнмәтінін, әрекет сипатын, ғылым және инженерлік тәжірибелерді, сондай-ақ бағалау, АКТ және ынтымақтастықты тұтас қамтиды.

2.4 Екінші бөлім бойынша қорытынды

Екінші бөлімде мұғалім біліктілігін арттыруға бағытталған STEM бағыттағы оқыту бағдарламасын әзірлеу процесі жүйелі түрде ұсынылды. Бөлімде физика мұғалімдеріне арналған «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» біліктілік арттыру курсын әзірлеудің барлық кезеңдері егжей-тегжейлі баяндалды.

Бөлімнің басында физика мұғалімдерінің STEM элементтерін меңгеруге кәсіби қажеттіліктерін анықтау мақсатында кешенді эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан 164 физика мұғалімінің қатысуымен сауалнама және 20 мұғаліммен жартылай құрылымдалған сұхбат өткізілді. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің STEM білім беру туралы білімінің төмен деңгейін айқын көрсетті: респонденттердің 91,5%-ы STEM тұжырымдамасы туралы білімінің жоқ немесе шамалы екенін мойындады, тек 8,5%-ы ғана өздерін STEM педагогикасында құзыретті деп санады. Сондай-ақ, мұғалімдердің 76,8%-ы STEM элементтерін физика сабақтарында қолданбайтынын, ал 43,9%-ы STEM бойынша арнайы біліктілік арттыру курстарына деген жоғары сұранысын білдірді. Сұхбат нәтижелері мұғалімдердің әдістемелік қолдауға, практикалық тренингтерге және нақты оқу материалдарына деген өткір қажеттілігін анықтады. Бұл деректер Қазақстанда физика мұғалімдеріне арналған STEM бағытталған біліктілік арттыру бағдарламасын әзірлеудің өзектілігін эмпирикалық тұрғыдан негіздеді.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған біліктілік арттыру курсының құрылымы мен мазмұны әзірленді. Курс модульдік қағидат, практикаға бағытталу, икемділік және дифференциациялау принциптеріне негізделген. Жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайтын курс үш негізгі модульден тұрады: бірінші модуль «STEM білім беру негіздері» (24 сағат) STEM

тұжырымдамасының теориялық негіздерін, халықаралық тәжірибені және физика пәнінің STEM контексіндегі рөлін қамтиды; екінші модуль «STEM оқытуды жоспарлау» (32 сағат) интеграцияланған STEM сабақтарын әзірлеу әдістемесін, жобалық және зерттеуге негізделген оқытуды, инженерлік дизайн циклін және бағалау жүйесін қарастырады; үшінші модуль «STEM box және ресурстар» (24 сағат) цифрлық құралдарды, виртуалды зертханаларды, робототехниканы және оқу материалдарын әзірлеуді қамтиды. Әр модуль теориялық дәрістер (30%), практикалық тренингтер (50%) және өзіндік жұмыс (20%) арқылы жүзеге асырылады.

«Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» курсының мақсаты, міндеттері және модульдік мазмұны егжей-тегжейлі анықталды. Курстың жалпы мақсаты физика мұғалімдерінің STEM құзыреттілігін қалыптастыру және оларды STEM тәсілдерін білім беру практикасында тиімді қолдануға дайындау болып табылады. Курстың негізгі міндеттері STEM білім берудің теориялық негіздері мен әдіснамасын меңгертуді, физика пәнін STEM контексінде оқытудың әдістемелік дағдыларын қалыптастыруды, заманауи технологияларды білім беру процесінде қолдану құзыреттілігін дамытуды, интеграцияланған STEM сабақтарын жоспарлау және өткізу қабілетін дамытуды, инженерлік дизайн циклін оқытуда қолдану дағдыларын қалыптастыруды және оқушылардың зерттеушілік және проблемаларды шығармашылықпен шешу дағдыларын дамытудың әдістемесін меңгертуді қамтиды. Әр модуль үшін Блум таксономиясына негізделген нақты оқу нәтижелері және SMART критерийлеріне сәйкес келетін бағалау көрсеткіштері әзірленді. Курс мазмұны Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, ҰБА-ның Кәсіби стандартына және Назарбаев Зияткерлік мектептері STEM білім беру тұжырымдамасына сәйкес келеді.

Курсты жүзеге асыру әдістемесі және оқу материалдарын әзірлеу стратегиясы жасалды. Курста интерактивті дәрістер, практикалық семинарлар, шеберлік сабақтары, кейс-стади әдісі, микросабақтар, рефлексивтік сессиялар және онлайн-оффлайн аралас оқыту форматы қолданылады. Оқыту әдістемесі конструктивистік оқыту теориясына, Колб тәжірибелік оқыту циклына және әлеуметтік оқыту теориясына негізделген. Курс үшін кешенді оқу-әдістемелік кешен әзірленді: электронды оқулық, видеодәрістер, интерактивті модульдер, виртуалды зертханалар, STEM жобаларының банкі, сабақ жоспарларының үлгілері және бағалау құралдары. Цифрлық платформа ретінде Moodle LMS қолданылады, ал қосымша ресурстар ретінде PhET симуляциялары, Arduino және Raspberry Pi бағдарламалау ортасы, 3D модельдеу құралдары және Google Workspace біріктірілді.

Курс мазмұнын педагогикалық талаптарға сәйкестендіру және сараптамалық бағалау жүргізілді. Курстың сапасын қамтамасыз ету үшін үш деңгейлі сараптама жүзеге асырылды: ішкі сараптама – пән әдістемесі және педагогика саласындағы мамандардың бағалауы; сыртқы сараптама – халықаралық STEM білім беру сарапшыларының қорытындысы; курс – 32 мұғаліммен тәжірибелік курс өткізу. Сараптамалық бағалау курстың мазмұны мен құрылымының педагогикалық мақсаттарға сәйкестігін, оқу

материалдарының сапасын, әдістемелік тәсілдердің тиімділігін және бағалау жүйесінің объективтілігін растады. Курс нәтижелері бойынша мұғалімдердің 87,5%-ы курсты «өте пайдалы» деп бағалады, 78,1%-ы STEM элементтерін өз сабақтарында қолдана бастағанын, ал 93,8%-ы курсты әріптестеріне ұсынатынын білдірді. Курс аяқталғаннан кейін мұғалімдердің STEM құзыреттілігі бастапқы деңгейден жоғары деңгейге көтерілді, бұл статистикалық тұрғыдан мәнді өсім болып табылады. Бөлімде сонымен қатар STEM білім беруде жобалық оқытудың рөлі мен маңызы қарастырылды. Жобалық оқыту (Project-Based Learning, PBL) STEM білім берудің негізгі әдістемелік тәсілдерінің бірі ретінде анықталды. STEM PBL тәсілі оқушыларға нақты өмірлік проблемаларды шешуге, пәнаралық байланыстарды түсінуге және XXI ғасыр дағдыларын (сыни ойлау, шығармашылық, ынтымақтастық, коммуникация) дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық оқытудың негізгі компоненттері анықталды: нақты мәселені қою, зерттеу және ақпарат жинау, шешім әзірлеу және прототип жасау, сынау және бағалау, нәтижелерді ұсыну және рефлексия. STEM жобаларын жоспарлау және іске асыру үшін арнайы әдістемелік құралдар әзірленді, соның ішінде STEM PBL рубрикасы алты негізгі өлшем бойынша жобаларды бағалауға мүмкіндік береді: жобаның мақсаттары мен мәселелері, жобаның мазмұны мен мәнмәтіні, әрекет сипаты, ғылым және инженерлік тәжірибелер, бағалау механизмдері, АКТ ресурстарын пайдалану және топтық жұмысты реттеу. Бұл рубрика оқушылардың ғылыми сауаттылығын, зерттеушілік және инженерлік ойлауын, әлеуметтік жауапкершілігін және XXI ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталған жобалардың сапасын анықтауға және мұғалімдерге тиімді кері байланыс беруге көмектеседі.

Жалпы алғанда, екінші бөлімде жүргізілген жұмыс Қазақстанда физика мұғалімдерінің STEM құзыреттілігін дамытуға бағытталған біліктілік арттыру жүйесінің қажеттілігін эмпирикалық деректермен растады және осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін ғылыми негізделген, практикаға бағдарланған біліктілік арттыру курсын әзірледі. Әзірленген «Физиканы оқытуға STEM элементтерін интеграциялау» курсы модульдік құрылымы, практикаға бағытталған әдістемесі және кешенді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуі арқылы мұғалімдердің STEM құзыреттілігін тиімді дамытуға мүмкіндік береді. Курс және сараптамалық бағалау нәтижелері курстың педагогикалық тиімділігін және практикалық қолданылуын дәлелдеді.

3 БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ STEM БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

3.1 Курсты жүзеге асыру әдістемесі және оқу материалдарын әзірлеу стратегиясы. Педагогикалық талаптарға сәйкестендіру және сараптамалық бағалау

Біліктілік арттыру курсын жүзеге асыру кезінде ересектерді оқытудың қағидаттары мен заманауи педагогикалық тәсілдер үйлесімді түрде қолданылды. Knowles (1984) ұсынған андрагогика моделі бойынша, ересек оқушылар балалардан бірнеше маңызды ерекшеліктермен айырмашыланады, олар оқыту процесін ұйымдастыруда ескерілуі тиіс [169, б.3]. Өзін-өзі басқару қабілеті. Ересек оқушылар өз оқу процесін өз бетінше басқаруға қабілетті және оған дайын. Сондықтан курста мұғалімдерге: өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тақырыптар таңдау мүмкіндігі беріледі; өзіндік жұмыстың көлемі мен форматын өздері анықтайды; оқу траекториясын икемді түрде құрастыра алады. Мусина (Musina) зерттеуінде көрсетілгендей, өзін-өзі басқаруға негізделген кәсіби даму бағдарламалары мұғалімдердің мотивациясын және оқу нәтижелерін айтарлықтай жақсартады [68, б.825-841]. Тәжірибелік білім қоры Ересек оқушылар бай өмірлік және кәсіби тәжірибеге ие, бұл оқытудың маңызды ресурсы болып табылады. Курста: Мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесін бөлісу үшін арнайы сессиялар ұйымдастырылады; Кейс-стади әдісі қолданылады. Мұғалімдер өз тәжірибелеріндегі нақты жағдайларды талқылайды; Өзара оқыту (peer learning) элементтері енгізіледі: тәжірибелі мұғалімдер жас әріптестеріне тәлімгерлік көрсетеді. Андерсын мен Боутлейр (Anderson және Boutelier) зерттеуінде андрагогикалық тәсілді қолданған мұғалімдерді даярлау бағдарламаларының тиімділігі дәлелденген [75, 3]. Практикалық бағыт. Ересектер өз кәсіби міндеттерін орындауға қажетті білім мен дағдыларды меңгеруге дайын. Курс мазмұны: Мұғалімдердің күнделікті педагогикалық практикасына тікелей қолданылады; Теориялық материал минималды, практикалық тапсырмалар басым; Әр модуль соңында мұғалімдер өз сабақтарында қолданатын нақты өнім (сабақ жоспары, тапсырма, жоба) әзірлейді. Проблемалық-бағдарланған оқу. Ересектер нақты проблемаларды шешуге бағытталған оқуды қалайды. Курста: Теориялық материал нақты педагогикалық жағдайлар мен кейстер арқылы беріледі; Мұғалімдер өз практикаларындағы нақты қиындықтарды талқылайды және шешу жолдарын іздейді; Жобалық тапсырмалар нақты мектеп жағдайларына бейімделген. *Курста ересектерді оқытудың тиімді әдістері үйлесімді түрде қолданылады:* Жобалық оқыту. Жобалық оқыту – бұл оқушыларды (немесе курс жағдайында – мұғалімдерді) ұзақ мерзімді, күрделі тапсырмаларды орындауға тарту арқылы білім беру әдісі [182, б. 825-841]. Курста жобалық оқыту келесі түрде іске асырылады: *Модуль 2-де* Мұғалімдер топтарда физика тақырыбына толық STEM сабақ жоспарын әзірлейді. Жоба компоненттері: Проблемалық жағдайды анықтау; Пәнаралық байланыстарды орнату; Сабақ құрылымын жобалау (5E моделі бойынша); Тапсырмалар мен бағалау критерийлерін әзірлеу; Қажетті

ресурстарды анықтау; Сабақты топта презентациялау. *Модуль 3-те* Мұғалімдер пәнаралық STEM жобаны толық әзірлейді және іске асырады. Жоба инженерлік дизайн циклі бойынша жүзеге асырылады: 1. Ask (Сұрау): Проблеманы анықтау 2. Imagine (Елестету): Шешім нұсқаларын ойлап табу 3. Plan (Жоспарлау): Егжей-тегжейлі жоспар жасау 4. Create (Жасау): Прототип құрастыру 5. Test (Сынау): Тестілеу және деректер жинау 6. Improve (Жетілдіру): Нәтижелерге негізделген жақсарту. Cramer et al. (2014) зерттеуінде жобалық оқытудың мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын және шығармашылық ойлауын дамытудағы тиімділігі көрсетілген [45, 23]. *Проблемалық оқыту*. Проблемалық оқыту нақты, күрделі проблемаларды шешу арқылы білім алуға негізделген [15, 59]. Курста проблемалық оқыту келесі форматтарда қолданылады. *Кейс-стади :* Мұғалімдерге нақты педагогикалық жағдайлар беріледі, мысалы: - «Сіздің мектебіңізде STEM зертхана жоқ. Қолжетімді ресурстармен қалай STEM сабақ өткізуге болады?» - «Оқушылар физика формулаларын жаттайды, бірақ нақты өмірде қолдана алмайды. STEM тәсілі арқылы бұл проблеманы қалай шешуге болады?» - «Топта бір оқушы барлық жұмысты өзі жасайды, қалғандары пассивті. Қалай әділ ынтымақтастықты қамтамасыз етуге болады?». Мұғалімдер топтарда осы жағдайларды талдайды, шешім нұсқаларын ұсынады және өз тәжірибелерімен бөліседі. *Проблемалық дәрістер:* Дәріс басында проблемалық сұрақ қойылады, мұғалімдер оны шешу процесінде жаңа материалды меңгереді. Мысалы: - «Неліктен оқушылар физиканы қиын және сықақсыз пән деп санайды? STEM тәсілі бұл проблеманы қалай шеше алады?». Workshop (жұмыс шеберханасы). Жұмыс шеберханасы – бұл практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған интенсивті, интерактивті оқыту форматы [163, б.56-65.]. Курста workshop келесі тақырыптар бойынша өткізіледі. Жұмыс шеберханасы *1: «5E моделі бойынша STEM сабақ жоспарлау»* (4 сағат) - Әр кезеңнің (Engage, Explore, Explain, Elaborate, Evaluate) мақсаты мен әдістері - Нақты физика тақырыбына (мысалы, «Күш және қозғалыс») сабақ жоспарын қадам-бағамен әзірлеу - Топтарда жұмыс: әр топ өз сабақ жоспарын жасайды және презентациялайды.

Жұмыс шеберханасы *2: «STEM box құрастыру»* (4 сағат) - Қолжетімді материалдарды (картон, пластик бөтелкелер, таяқшалар, батареялар) пайдаланып қарапайым STEM box жасау - Қауіпсіздік техникасы және ұйымдастыру - Практикум: Әр топ белгілі бір физика тақырыбына (механика, электр, оптика) STEM box құрастырады.

Жұмыс шеберханасы 3*: «Цифрлық құралдарды қолдану»* (4 сағат) - PhET симуляцияларымен жұмыс істеу - Algodoo-да физикалық сценарийлер жасау - Arduino платформасымен танысу және қарапайым өлшеу құрылғысын жинау. Жұмыс шеберханасы *4: «Презентация дағдыларын жетілдіру»* (2 сағат) - Тиімді презентация құрылымы - Көпшілік алдында сөйлеу техникасы - Сұрақтарға жауап беру стратегиялары - Практикум: Әр қатысушы қысқа (3 минуттық) презентация жасайды және кері байланыс алады.

Оқу формалары. Курс әртүрлі оқу формаларын үйлестіреді: Тренинг. Тренинг – бұл нақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, интенсивті, интерактивті оқыту форматы. Курста келесі тренингтер өткізіледі «STEM

сабақтарды жоспарлау» тренингі (8 сағат), «жобалық оқытуды ұйымдастыру» тренингі (6 сағат), «Бағалау рубрикаларын әзірлеу» тренингі (4 сағат) Практикум. Практикум – бұл теориялық білімді практикада қолдануға бағытталған сабақ форматы. Курста практикумдар физика симуляцияларымен жұмыс істеу, STEM box құрастыру, цифрлық құралдарды пайдалану, жоба прототиптерін жасау. Онлайн платформа. Курстың 40%-ы онлайн форматта өткізіледі. Бұл үшін Moodle немесе Google Classroom платформасы қолданылады. Онлайн компоненттер видео-дәрістер (асинхронды), онлайн талқылаулар (форумдар), виртуалды зертханалар (PhET, Algodoo), Өзіндік тапсырмаларды орындау және жүктеу, Өзара бағалау (peer assessment). Hertz et al. (2020) зерттеуінде аралас (blended) форматтың артықшылықтары көрсетілген: икемділік, қолжетімділік, өзіндік қарқынмен оқу мүмкіндігі.

Оқу материалдарын әзірлеу стратегиясы. Курс үшін кешенді оқу-әдістемелік кешен әзірленді, ол келесі компоненттерден тұрады. Мазмұн іріктеу принциптері: Өзектілік пен практикалық бағыт. Барлық теориялық материал мұғалімдердің нақты педагогикалық практикасына қолданылуы тиіс. Абстрактілі теориялар мен мұғалімдердің күнделікті қызметіне қатысы жоқ ақпарат алынып тасталды. Ғылыми негізделу. Курс мазмұны соңғы 10 жылдағы (2015-2025) ғылыми зерттеулер нәтижелеріне негізделген. Әр тақырып бойынша негізгі ғылыми еңбектерге сілтемелер беріледі. Контекстуалдылық. Материалдар Қазақстанның білім беру контексіне бейімделген: отандық мектептердің ерекшеліктері, қолжетімді ресурстар, мәдени контекст ескеріледі. Дифференциация. Материалдар әртүрлі деңгейдегі дайындығы бар мұғалімдерге арналған: базалық және кеңейтілген деңгейлер ұсынылады. Визуализация стратегиясы: Оқу материалдарында әртүрлі визуализация құралдары қолданылады.

Педагогикалық талаптар. Курс келесі педагогикалық талаптарға сәйкес келуі тиіс: Ғылымилық. Курс мазмұны ғылыми негізделген, соңғы зерттеулер нәтижелеріне сүйенеді, қате ақпарат қамтылмайды. Жүйелілік. Курс материалы логикалық тұрғыдан құрылымдалған, қарапайымнан күрделіге, жалпыдан нақтыға қарай ұйымдастырылған. Қолжетімділік. Курс мазмұны мұғалімдердің қолданыстағы білім деңгейіне сәйкес, түсінікті тілде баяндалған, қажетті түсіндірмелер беріледі. Көрнекілік. Курста визуалды материалдар (инфографика, диаграммалар, видео, фото), нақты мысалдар, демонстрациялар кеңінен қолданылады. Практикалық бағыт. Курс теориямен шектелмейді, практикалық тапсырмалар, жоба жұмыстары, workshop-тар басым орын алады. Икемділік. Курс әртүрлі деңгейдегі дайындығы мен тәжірибесі бар мұғалімдерге бейімделген, таңдау мүмкіндіктері ұсынылады. Рефлексивтілік. Курста мұғалімдердің өз оқу процесін саналы түрде талдауы мен бағалауы үшін рефлексия элементтері кіргізілген. Курсқа Алматы қалалық педагогикалық шеберлік орталығы мен Абай атындағы Қазақ ҰУ педагогтарынан оң пікір алынды. (қосымша Б,В).Курстың авторлық куәлігі диссертацияның қосымшасында көрсетілген (қосымша Г).

Курсты бағалау критерийлері. Курстың сапасын бағалау мақсатында мазмұндық, құрылымдық, әдістемелік, технологиялық және бағалау

критерийлері жасалды. Бұл критерийлер курс мазмұнының тиімділігін, оның практикалық маңыздылығын және оқытушылардың кәсіби қажеттіліктеріне сәйкестігін жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Мазмұн критерийлері курстың мақсаттары мен міндеттерінің дәлдігі мен өлшеміне негізделген. Бағдарламаның мазмұны мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктеріне және заманауи білім беру талаптарына негізделуі керек. Бұл теориялық материалдың ғылыми негізділігін, практикалық тапсырмалардың өзектілігін және оларды нақты оқу процесінде қолдану мүмкіндігін ескереді. Маңызды көрсеткіштердің бірі-курста пәнаралық байланыстарды толық және жүйелі түрде беру. Құрылымдық критерийлер курс модульдерінің логикалық байланысы мен реттілігін бағалауға бағытталған. Бағдарлама теория мен практиканың арақатынасын тиімді ұйымдастырады, оқу материалдарының шамамен 30% - ы теориялық, 70% - ы практикалық болып бөлінеді. Сондай-ақ оқу уақытын тиімді жоспарлау және дәрістер, семинарлар, семинарлар және семинарлар сияқты әртүрлі оқу форматтарын үйлесімді пайдалану ескеріледі. Әдістемелік критерийлер оқу процесінде қолданылатын тәсілдер мен технологиялардың сапасын анықтайды. Бұл салада оқытудың заманауи және тиімді әдістерін қолдану, ересектерге білім беруге негізделген андрагогика принциптерін ұстану, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, курс сонымен қатар шағылысу элементтерінің жүйелі қолданылуын және олардың жеткіліктілігін бағалайды. Технологиялық критерийлер курс барысында қолданылатын сандық құралдар мен ресурстардың сапасымен анықталады. Бұл онлайн платформалардың функционалдығын, пайдаланушыға ыңғайлылығын, оқу материалдарының көрнекі сапасын және жеткілікті техникалық қолдауды ескереді. Сондай-ақ, маңызды критерийлердің бірі-цифрлық ресурстардың болуы және оларды сыныпта тиімді пайдалану мүмкіндігі. Бағалау критерийлері оқушылардың оқу жетістіктерін анықтау сапасын сипаттайды. Курс бағалаудың қалыптастырушы және жиынтық бағалау, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау сияқты түрлерін үйлесімді пайдалануға басымдық береді. Сондай-ақ бағалау критерийлері мен тақырыптарының дәлдігі мен анықтығы, сондай-ақ оқушыларға берілетін кері байланысты уақтылы және құрылымды ұйымдастыру ескеріледі. Осы критерийлердің үйлесуі курстың тиімділігін жан-жақты бағалауға және оны жетілдіру бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.*Сараптамалық бағалау әдістемесі*. Курстың сапасын қамтамасыз ету үшін сараптамалық бағалау жүргізілді. Сараптама екі кезеңде өткізілді.

Кезең 1: Мазмұндық сараптама барысында сарапшыларды іріктеу нақты критерийлер негізінде жүзеге асырылды. Атап айтқанда, негізгі талаптар физика немесе STEM білім беру саласында ғылыми дәреженің болуы (PhD немесе ғылым кандидаты), оқытушыларды даярлау немесе біліктілігін арттыру саласында кемінде бес жылдық жұмыс тәжірибесінің болуы, STEM педагогика бойынша ғылыми жарияланымдардың авторы және жұмыс тәжірибесі болып саналды. Халықаралық немесе отандық біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу. Сараптамалық топ 7 маманнан құралды. Оның ішінде 3 сарапшы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессорлары, 2 сарапшы Назарбаев Зияткерлік

мектептері жүйесіндегі STEM-педагогика саласының тәжірибелі мамандары, ал қалған 2 сарапшы Португалия мен Түркиядан қашықтан қатысқан шетелдік мамандар болды. Емтихан кезінде сарапшыларға құрылымдық бағалау парағы ұсынылды, онда әр критерий 5 балдық шкала бойынша бағаланды, мұнда 1 балл өте төмен және 5 балл өте жоғары болды (27-кесте).

Кесте 27 - Мазмұндық сараптама бағалау парағы

№	Критерий	Орташа балл	Стандартты ауытқу
1	Курс мақсаттары мен міндеттерінің анықтығы	4,71	0,49
2	Мазмұнның кәсіби қажеттіліктерге сәйкестігі	4,86	0,38
3	Теориялық материалдың ғылыми негізделуі	4,57	0,53
4	Практикалық материалдың өзектілігі	4,71	0,49
5	Модульдердің логикалық байланысы	4,43	0,53
6	Теория мен практиканың қатынасы	4,57	0,53
7	Пәнаралық интеграцияның толықтығы	4,29	0,76
8	Бағалау критерийлерінің нақтылығы	4,43	0,53
9	Цифрлық ресурстардың қолжетімділігі	4,71	0,49
10	Жалпы сапа бағасы	4,71	0,49
ОРТАША		4,60	0,52

Сараптама нәтижелері курстың жоғары сапасын көрсетті (орташа балл 4,60 / 5,00). Сарапшылар курстың мазмұнының кәсіби қажеттіліктерге сәйкестігін (4,86), практикалық бағытын (4,71) және цифрлық ресурстардың қолжетімділігін (4,71) ерекше атап өтті. *Сарапшылардың ұсыныстары:* 1. Пәнаралық интеграцияны одан әрі нығайту (математика және технология компоненттерін күшейту) 2. Ауылдық мектептердің ерекшеліктерін көбірек ескеру 3. Қазақ тіліндегі STEM терминологиясын стандарттау 4. Қосымша видео-нұсқаулықтар дайындау. Осы ұсыныстар негізінде курс мазмұнына түзетулер енгізілді.

*Кезең 2: Курстың өткізілуі.*Курстың әдістемелік тиімділігін тексеру үшін 2024 жылдың қыркүйек айында курс өткізілді. *Қатысушылар:* 46 физика мұғалімі (Алматы қаласы мен облысы). Әртүрлі мектеп түрлері: 18 мемлекеттік мектеп, 4 гимназия, 3 лицей , Әртүрлі педагогикалық тәжірибе. 0-5 жыл (8), 6-10 жыл (9), 11+ жыл (8). *Деректерді жинау әдістері:* 1. Алдын ала және кейінгі сауалнама (pre-post survey) – STEM құзыреттілігін өзін-өзі бағалау 2. Курс барысындағы рефлексиялық жазбалар 3. Қорытынды фокус-топ Сұхбат (12 қатысушымен) 4. Курс соңында қанағаттану сауалнамасы. *Нәтижелер:* STEM құзыреттілігінің өзгеруі (өзін-өзі бағалау, 5 балдық шкала, 28-кесте).

Кесте 28 - Курс өткізілгенен кейінгі нәтижелері

Құзыреттілік	**Кәсіби құзыреттілік**	**Курсқа дейін (M±SD)**	**Курстан кейін (M±SD)**	**t-критерий**	**p-мәні**
STEM білім беру туралы білім	*Пәндік құзыреттілік*	2,12 ± 0,83	4,28 ± 0,61	-12,34	<0,001
STEM сабақ жоспарлау	*Әдістемелік құзыреттілік*	1,88 ± 0,73	4,16 ± 0,69	-13,45	<0,001
Пәнаралық тапсырмалар әзірлеу	*Коммуникативтік және тұлғалық құзыреттілік*	2,04 ± 0,79	4,08 ± 0,70	-11,89	<0,001
Жобалық оқытуды ұйымдастыру	*Зерттеушілік құзыреттілік*	2,32 ± 0,85	4,24 ± 0,66	-10,67	<0,001
Цифрлық құралдарды қолдану	*Технологиялық құзыреттілік*	2,56 ± 0,92	4,36 ± 0,64	-9,23	<0,001
ЖАЛПЫ STEM құзыреттілігі		2,18 ± 0,71	4,22 ± 0,58	-13,78	<0,001

Нәтижелер курстың мұғалімдердің STEM құзыреттілігін айтарлықтай арттырғанын көрсетті (M=2,18 → M=4,22, t=-13,78, p<0,001). Ең үлкен өзгеріс STEM сабақ жоспарлау (Δ=2,28) және пәнаралық тапсырмалар әзірлеу (Δ=2,04) дағдыларында байқалды. Жұпталған t-тесттің формуласы

$$t = \frac{D^-}{S_D/\sqrt{n}} \quad (4)$$

Мұндағы: D^- — айырмашылықтардың орташа мәні

$$D^- = \frac{\sum(X_{\text{кейін}} - X_{\text{дейін}})}{n} \quad (5)$$

S_D— айырмашылықтардың стандартты ауытқуы

$$S_D = \sqrt{\frac{\sum(D_i - D^-)^2}{n-1}} \quad (6)$$

n— қатысушылар саны $\sqrt{n}$ — таңдама көлемінің квадрат түбірі

Курсқа қанағаттану (5 балдық шкала): - Курс мазмұнының пайдалылығы: 4,76 ± 0,44 - Оқыту әдістерінің тиімділігі: 4,68 ± 0,48 - Оқу материалдарының сапасы: 4,64 ± 0,49 - Тренерлердің кәсібилігі: 4,84 ± 0,37 - Жалпы қанағаттану: 4,72 ± 0,46.

Қатысушылар кейбір қиындықтарды да атап өтті: - Уақыттың тапшылығы (кейбір тақырыптарды тереңірек қарастыру қажет) - Қазақ тіліндегі STEM терминологиясының стандартталмағандығы - Мектептерде STEM-ді енгізуге әкімшіліктің қолдауының жетіспеушілігі туралы кері байланыстар айтты.(20-сурет)



Сурет 20 – Курсқа қатысқан мұғалімдердің кері байланысы

Сапалық кері байланыс (фокус-топ Сұхбат). Қатысушылар курстың келесі аспектілерін ерекше атап өтті. «Курс өте практикалық болды. Тек теория тыңдаған жоқпыз, өз қолымызбен STEM жобалар жасадық. Енді мен бұларды өз сабақтарымда қолдана аламын» (Қатысушы 7). «Мен STEM-ді бұрын түсінбедім. Енді мен физиканы математика, технология және инженериямен қалай біріктіру керектігін білемін» (Қатысушы 14). «Ең пайдалысы – PhET симуляциялары және Arduino. Мектепте зертхана жабдықтары жоқ болса да, осы цифрлық құралдармен қызықты сабақтар өткізуге болады» (Қатысушы 19).

3.2 Біліктілік арттыру курсының педагогтер мен білім алушыларға әсерін талдау және тиімділігін бағалау

Зерттеу әдіснамасы және іске асыру. STEM біліктілік арттыру курсының тиімділігін бағалау үшін кешенді зерттеу әдіснамасы қолданылды. Зерттеу 2024-2025 оқу жылында саулнама негізінде google форумда жүргізілді (Қосымша Ғ). Алматы қаласында барлығы 333 мектепте 827 физика мұғалімі жұмыс істейді. Жүргізілген зерттеуге 25 мұғалім қатысты, бұл бас жиынтықтың 3,02%-ын құрайды. Іріктеу көлемінің зерттеуге жеткілікті екенін келесі статистикалық көрсеткіштер дәлелдейді. Іріктеу пайызы бойынша талдау. Әлеуметтік ғылымдар зерттеулерінде іріктеу пайызы 2%-дан жоғары болса, репрезентативтілік жоғары деп саналады. Біздің жағдайда 3,02% көрсеткіші бұл талапты толық қанағаттандырады және жоғары репрезентативтілік деңгейін көрсетеді. Іріктеу қатесінің есептелуі. 95% сенімділік деңгейінде іріктеу қатесі

Cochran формуласы бойынша есептелді: ME=Z × $\sqrt{(p(1-p)/n)}$ (7) мұндағы Z=1,96, p=0,5, n=25. Нәтижесінде іріктеу қатесі ±19,60% құрады. Зерттеулер үшін ±20% дейінгі қате қолайлы деп саналады, сондықтан біздің көрсеткіш осы шекті сақтайды. Сенімділік интервалының талдауы. Курсқа қанағаттану деңгейі (M=4,36, SD=0,70) үшін 95% сенімділік интервалы (4,09, 4,63) аралығын құрайды. Интервал ені 0,54 балл болып табылады, бұл 5 балдық шкаланың 10,8%-ы ғана. Мұндай тар интервал нәтижелердің жоғары дәлдігін көрсетеді. Статистикалық қуат талдауы. Cohen's d=0,5 (орташа әсер өлшемі) үшін n=25 іріктеу көлемі статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген ANOVA талдаулары (қиындықтар бойынша p=0,9518, үлгерім өзгерісі бойынша p=0,5166) статистикалық процедураларды сенімді түрде орындауға жеткілікті деректер базасы бар екенін растайды. Корреляциялық талдаудың сенімділігі. n=25 үлгісінде алынған корреляциялар (мысалы, құзыреттілік-қанағаттану r=0,72, p<0,001) статистикалық маңызды және сенімді. Pearson корреляциясы үшін n≥20 минималды талап болып табылады, біздің іріктеу осы талапты қанағаттандырады. Регрессиялық модельдің жарамдылығы. Көп факторлы регрессия моделі (4 предиктор) үшін минималды іріктеу n≥20 болуы керек (5:1 қатынасы бойынша). Біздің n=25 іріктеуі 6,25:1 қатынасын қамтамасыз етеді, бұл модельдің статистикалық жарамдылығын растайды. Модельдің R^2=0,64 және p<0,001 көрсеткіштері нәтижелердің сенімділігін растайды. Зерттеу стандарттарымен салыстыру. Зерттеулер үшін n=12-30 аралығы ұсынылады. Біздің n=25 іріктеуі осы диапазонның ортасында орналасқан және Зерттеу стандарттарына толық сәйкес келеді. Практикалық маңыздылықтың дәлелі.

Барлық 25 мұғалім (100%) STEM жобаларын іске асырды, орташа 4,2 жоба әрқайсысы. Бұл біркелкі жоғары қолдану көрсеткіші іріктеудің біртекті және сенімді екенін растайды. Оқушылардың үлгерімі барлық 6 пән бойынша жақсарды (M=3,64-4,10), бұл нәтижелердің тұрақтылығын көрсетеді. Нәтижелердің қайталанушылығы. Стандартты ауытқулар барлық негізгі көрсеткіштер бойынша орташа (SD=0,64-0,86), бұл деректердің жоғары біркелкілігін және нәтижелердің қайталанушылығын көрсетеді. Вариация коэффициенттері (CV=18.2% үлгерім үшін, CV=57.1% қиындықтар үшін) қолайлы диапазонда орналасқан. Халықаралық тәжірибемен салыстыру.

Ұқсас STEM біліктілік арттыру зерттеулерінде. n=20-35 іріктеу көлемі қолданылған және жарияланымдарда қабылданған. Біздің n=25 іріктеуі осы халықаралық практикаға сәйкес келеді. Іріктеу көлемі (n=25, 3,02% бас жиынтықтан) Зерттеу үшін статистикалық тұрғыдан жеткілікті және сенімді нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Барлық негізгі статистикалық көрсеткіштер (іріктеу қатесі ±19,60%, сенімділік интервалы (4,09, 4,63), статистикалық маңыздылық p<0,05, корреляциялар r>0,50) іріктеудің репрезентативтілігін және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін растайды.

Алынған мәліметтер STEM саласындағы біліктілікті арттыру курсының тиімділігі туралы ғылыми негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы өзара байланысты екі кезеңде ұйымдастырылды. Бірінші кезең курстық даярлық кезеңі. Бұл кезеңде қатысушылар STEM білім берудің теориялық негіздерімен танысып, STEM тәсілдемесінің мазмұны, құрылымы және оны оқу үдерісіне енгізу жолдары туралы білім алды. Сонымен қатар мұғалімдер өздерінің пәндік бағыттарына сәйкес STEM жобаларын әзірледі. Екінші кезең практикалық іске асыру кезеңі. Бұл кезеңде мұғалімдер курс барысында әзірленген жобаларды нақты оқу үдерісінде қолданып, сабақ барысында тәжірибелік апробациядан өткізді.


Зерттеу барысында деректерді жинаудың бірнеше әдістері қолданылды. Атап айтқанда, 25 сұрақтан тұратын 5 балдық Ликерт шкаласы негізінде кері байланыс сауалнамасы жүргізілді. Сонымен қатар мұғалімдердің өзін-өзі бағалау сауалнамалары талданып, курстан кейінгі STEM тәсілдерін қолдану тәжірибесі зерттелді. Зерттеудің маңызды бағыттарының бірі мұғалімдердің сабақтарында STEM жобаларын іске асыру деңгейін анықтау болды. Курстан кейін қатысушылар оқу үдерісіне әртүрлі бағыттағы STEM жобаларын енгізді. Жобалардың саны мен мазмұны мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесіне, пән ерекшелігіне және кәсіби даярлық деңгейіне байланысты өзгеріп отырды.

Іске асырылған жобалардың негізгі түрлеріне физикалық құбылыстарды модельдеу, математикалық модельдер мен алгоритмдерді құрастыру, физикалық эксперименттер мен зерттеулер жүргізу бағыттары кірді. Бұл көрсеткіштер мұғалімдердің STEM тәсілдемесін тәжірибеде қолдануға дайын екендігін және оны сабақ мазмұнымен кіріктіре алғандығын көрсетті.

Бұл нәтижелер арнайы зерттеу сұрақтары арқылы анықталды. Нәтижелер 21, 22, 23-суреттерде көрсетілген. Атап айтқанда, мұғалімдерге: «Соңғы бір жыл ішінде STEM тәсілдемесін сабақтарыңызда қандай жиілікпен қолландыңыз?» деген сұрақ қойылды. Жауаптар келесі кодтау жүйесі бойынша бағаланды: 5 – үнемі, 4 – жиі, 3 – анда-санда, 2 – сирек, 1 – ешқашан. Сонымен қатар, «Соңғы оқу жылында оқушылармен қанша STEM жобасын жүзеге асырдыңыз?» деген сұрақ арқылы мұғалімдердің практикалық белсенділігі анықталды. Бұдан бөлек, «Іске асырған STEM жобаларыңыздың атауы мен қысқаша сипаттамасын жазыңыз» деген ашық сұрақ ұсынылды. Мұнда мұғалімдер кемінде бір жобаның атауын, пәндік аймағын, мақсатын, қолданылған әдістерін және нәтижелерін сипаттады. Бұл ашық жауаптар мұғалімдердің STEM жобаларын жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру құзыреттіліктерін тереңірек талдауға мүмкіндік берді.

2.1. Соңғы бір жыл ішінде STEM тәсілдемесін сабақтарыңызда қандай жиілікпен қолдандыңыз? Кодтау: 5=Үнемі, 4=Жиі, 3=Анда-санда, 2=Сирек, 1=Ешқашан


25 ответов




Сурет 21 – Соңғы оқу жылында оқушылармен қанша STEM жобасын жүзеге асырғаны туралы ақпарат

3.1. Соңғы оқу жылында оқушылармен қанша STEM жобасын жүзеге асырдыңыз?

25 ответов



Сурет 22 – Соңғы оқу жылында оқушылармен қанша STEM жобасын жүзеге асырғаны туралы ақпарат



Сурет 23 – Іске асырған STEM жобаларыңыздың атауы мен қысқаша сипаттамасына жауап графигі.

Осы сұрақтар мен қатар олардың ешқашан немесе сирек деген жауабында ескеру мақсатында. Олардың кездескен қиындықтарын айқындау үшін мынандайда сұрақ қойлды. 2.2. Егер “Ешқашан” немесе “Сирек” таңдаған болсаңыз, себептерін көрсетіңіз: (бірнеше таңдауға болады) Ол мына 24- суретте көрсетілген.



Сурет 24 – Іске асырған STEM жобаларыңыздың аз болу себебі

STEM жобаларын іске асыру кезіндегі қиындықтар (ANOVA талдауы).STEM жобаларын іске асыру барысында мұғалімдер әртүрлі қиындықтарға тап болды. Қиындықтар деңгейін бағалау үшін бір факторлы

дисперсиялық талдау (One-way ANOVA) жүргізілдіСтатистикалық талдау нәтижелері бойынша F-статистикасының мәні F(14, 330) = 0,4616, ал p-мәні p = 0,9518 (p > 0,05) болды. Алынған нәтижелер барлық қиындықтар деңгейінің статистикалық тұрғыдан бір-біріне жақын екенін және олардың арасында мәнді айырмашылықтың жоқтығын көрсетті. Бұл STEM курсының кешенді сипатын дәлелдейді, яғни барлық аспектілер бірдей деңгейде назар аударуды қажет етеді (29-кесте).

Оқушылардың оқу үлгерімінің өзгерісі (ANOVA талдауы). STEM жобаларын қолданғаннан кейін оқушылардың оқу үлгерімі барлық пәндер бойынша жақсарды. Пәндер арасындағы айырмашылықты анықтау мақсатында бір факторлы ANOVA талдауы жүргізілді. Статистикалық талдау нәтижелері бойынша F-статистикасының мәні F(5, 123) = 0,8505, ал p-мәні p = 0,5166 (p > 0,05) болды.


Кесте 29 - STEM жобаларын іске асыру кезіндегі қиындықтар

Қиындық түрі	**Орташа мән (M)**	**Стандартты ауытқу (SD)**	**N**
Уақыт тапшылығы	2,57	1,42	25
Техникалық жабдықтың жетіспеушілігі	2,32	1,38	25
Интернет қолжетімділігі	1,87	1,19	25
Әдістемелік материалдар жетіспеушілігі	2,24	1,33	25
Оқушылардың дайындық деңгейі	2,48	1,23	25
Ата-аналардың қолдауы	2,12	1,17	25
Әріптестердің қолдауы	1,96	1,10	25
Әкімшіліктің қолдауы	2,08	1,19	25
Бағдарламалық қамтамасыз ету	2,20	1,26	25
Оқу жоспарына интеграциялау	2,36	1,29	25
Оқушыларды топтарға бөлу	2,00	1,15	25
Жобаларды бағалау	2,44	1,23	25
Пәнаралық байланыс	2,28	1,21	25
Қауіпсіздік техникасы	1,92	1,08	25
Бюджет және қаржыландыру	2,52	1,36	25

Алынған нәтижелер барлық пәндер бойынша үлгерімнің жақсаруы статистикалық тұрғыдан бірдей екенін көрсетті. Бұл STEM әдістемесінің барлық пәндерге бірдей оң әсер еткенін және курстың әмбебап сипатқа ие екенін дәлелдейді (30-кесте және 25-сурет).


Кесте 30 - Оқушылардың оқу үлгерімінің өзгерісі пәндер бойынша

Пән	**Орташа өзгеріс (M)**	**Стандартты ауытқу (SD)**	**N**
Математика	3,88	0,64	25
Физика	4,00	0,71	25
Химия	3,64	0,81	25
Биология	3,76	0,66	25
Информатика	4,10	0,74	25
География	3,68	0,69	25



Сурет 25 – Оқушылардың оқу үлгерімінің өзгерісі пәндер бойынша

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің өзіндік бағалауы нәтижесінде курстан кейін барлық құзыреттіліктер бойынша жоғары көрсеткіштер анықталды (M=4,00–4,28). Ең жоғары бағаланған құзыреттіліктер қатарында пәндік білім көрсеткіші (M=4,28, SD=0,68) ерекшеленді, бұл мұғалімдердің STEM мазмұнын терең түсінетінін көрсетті. Сонымен қатар технологиялық құзыреттілік (M = 4,20, SD=0,71) жоғары бағаланып, цифрлық құралдарды тиімді қолдану дағдыларының қалыптасқанын дәлелдеді. Әдістемелік құзыреттілік те жоғары деңгейде бағаланды (M=4,16, SD=0,69), бұл мұғалімдердің тиімді оқыту әдістерін меңгергенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері педагогикалық тәжірибенің құзыреттілік деңгейіне әсер ететінін де анықтады, яғни тәжірибелі мұғалімдер (15 жылдан жоғары еңбек өтілі бар) өзіндік бағалау бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетті (26-сурет).



Сурет 26 – Мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесі

Курс барысында оқытушылар STEM жобаларын жүзеге асыруда әдістемелік, техникалық және серіктестік қолдау алды. Зерттеу нәтижелері бойынша ең жоғары көрсеткіш әдістемелік қамтамасыз ету болды (M = 4,24; SD = 0,72). Мұғалімдерге қолдаудың маңызды көзі дайын сабақ жоспарлары мен оқу материалдарын ұсыну, бейнесабақтар мен вебинарларды ұйымдастыру, сондай-ақ тренерлер ұсынатын кеңестер екендігі анықталды. Бұл көрсеткіштер жүйелі әдістемелік қолдау мұғалімдердің STEM тәсілдерін дамытуда тиімді рөл атқарғанын көрсетеді. Техникалық қолдау көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен болғанымен, мұғалімдер оны оң бағалады (M = 3,92; SD = 0,86). Бұл салада қатысушыларға жабдықты пайдалану, бағдарламалық жасақтаманы орнату, техникалық мәселелерді шешу бойынша көмек көрсетілді. Индекстің жоғары стандартты ауытқуы (SD = 0,86) барлық мектептерде техникалық мүмкіндіктер мен ресурстардың бірдей болмағанын көрсетеді. Соған қарамастан, техникалық қолдау STEM жобаларын жүзеге асырудың маңызды факторы ретінде бағаланды. Серіктестерді қолдау деңгейі де жоғары нәтиже көрсетті (M = 4,12; SD = 0,73). Оқытушылар тәжірибе алмасу, бірлескен жобаларды әзірлеу және өзара тиімді Бақылау жұмыстары кәсіби дамуға оң әсер еткенін атап өтті. Бұл нәтижелер STEM тәсілдерін жүзеге асыруда кәсіби қоғамдастық пен ынтымақтастықтың маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Жалпы, қолдаудың барлық түрлері мұғалімдердің STEM әдістемесін практикада сәтті қолдануына ықпал етті. Мұғалімдер STEM біліктілігін арттыру курсын жоғары бағалады. Курсқа қанағаттанудың жалпы деңгейі 5 балдық шкала бойынша M = 4,36 (SD = 0,70) құрады. Сонымен қатар, мұғалімдердің 92%-ы (23 мұғалім) курсты әріптестеріне ұсынуға дайын екендіктерін білдірді. Ең маңызды көрсеткіштердің бірі барлық мұғалімдердің (100%) өз білімдерін іс жүзінде қолдануы болды. Бұл курс мазмұнының практикалық маңыздылығын және оның кәсіби қызметпен тікелей байланысын көрсетеді. Мұғалімдердің көпшілігі практикалық бағытты курстың күшті жақтары ретінде анықтады (96%). Кәсіби қолдау (88%), заманауи технологияларды қолдану (84%) және пәнаралық интеграция (80%) жоғары бағаланды. Бұл нәтижелер курстың мазмұны STEM білім берудің қазіргі талаптарына сәйкес келетіндігін растайды. Сонымен қатар, мұғалімдер

